



**TASHENEV**  
UNIVERSITY

**ЖҰМАБЕК  
АХМЕТҰЛЫ  
ТАШЕНЕВ  
АТЫНДАҒЫ  
УНИВЕРСИТЕТИ**

**УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ ЖУМАБЕКА  
АХМЕТОВИЧА  
ТАШЕНЕВА**

**ZHUMABEK  
AKHMETOVICH  
TASHENEV  
UNIVERSITY**

---

**ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ**

---

**ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА**

---

**BULLETIN OF TASHENEV**

**Ғылыми журналы**

**№3 (3) 2024**

**Шымкент  
2024**

**ӘОЖ 821.512.133**

**КБЖ 84 (5қаз)**

**X64**

**Бас редактор – Главный редактор – Chief Editor**

**Байболов К.С. – Ректор**

**Арзымбетова Ш.Ж. – Стратегиялық даму және ғылым жөніндегі проектор**

**Байнеева П.Т. – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор**

**Битұрсын Ғ.Ш. – Әлеуметтік- мәдени даму жөніндегі проректор**

**Абенова Л.У. - Ғалым хатшы**

**Оралбекова А.К. – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры**

**Хамраева Х.Х. – Өзбекстан мемлекеттік хореография академиясының доценті, филология ғылымдарының докторы**

**Ботабаева Ж.Н. – IT және шетел тілдері факультетінің деканы**

**Мырзабек Л.Ә. – Өнер және спорт факультетінің деканы**

**Мамыт А.А. – Педагогика және жаратылыстану ғылымдары факультетінің деканы**

**Наурызбекова А.Е. – Экономика және құқық факультетінің деканы**

**Исмайлова М.Е. – Ғылым орталығының директоры**

**Жауапты хатшы: Сыдықбай М.Д.**

**Техникалық редакция: Сыдықбай М.Д.**

*Журнал 2023 жылдың наурыз айынан бастап --- қаласындағы*

**ISBN 978-601-06-8389-1**

Журналға Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетіне есепке қою туралы **09.11.2023 ж. № KZ26VPY00081526** куәлігі берілген.

**Меншік иесі:** Жұмабек Ахметұлы Ташенев атындағы университеті АҚ

2024 жылдың сәуір айынан бастап шыға бастады. Жылына 4 рет жарық көреді.

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Мақалада баяндалған мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.

**Редакцияның мекенжайы:**

160012, Шымкент қаласы Қонаев к-сі, №21

204-бөлме, тел.: 390438/791, 87026212140

e-mail: nauka\_zhtu22@mail.ru

*Хабаршы-Вестник-bulletin журналы., 2024*

*© Әлем баспаханасы, 2024*

**«ТӘШЕНЕВ ХАБАРШЫСЫ – ВЕСТНИК ТАШЕНЕВА» №3 (3) 2024**

<b>МАЗМУНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS</b>	
	3-5
<i>Л.У. Абенова., Ш. Каримжанова</i> Мархабат Байғұт – шағын проза шебері	6-10
<i>А.Х. Смайыл</i> Қ. Әбдіқадіров шығармаларының көркемдік ерекшеліктері	11-15
<i>Б.Е. Қалыбеков., Г.У. Жаманшалова</i> Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларындағы тілдік ерекшеліктер	16-19
<i>Арынбаева Рана Ануарбековна</i> К. Сыздықов зерттеуіндегі мұхтартанудың беймәлім беттері	20-22
<i>Л.У.Абенова., З.Молдабеков</i> Жазушы Зылиха жантасованың шығармашылық жолы	23-26
<i>Тұрсынова Гүлдар Исмайловна., Карабаева Лаура Кошкарбаевна., И.А. Ковальская</i> Comparative typological analysis of homonyms in english, kazakh and russian languages	27-31
<i>Тұрсынова Тырна Жамонтаевна., Мырзагаликова Сауле Тажибаетна</i> Use of creative exercises in foreign language lessons	32-37
<i>Айтжанова Сара Егизбаевна., Изтилеуова Акерке Жаксылыковна</i> Ways of developing the culture of communication in english classes through dialogues	38-41
<i>Турлибек Асемай Нурғалиқызы., Пернебек Алтынай Аскарқызы</i> Developing intercultural competence through english language teaching	42-49
<i>Есжанова Гаухар Досмахамбетовна., Мирзагаликова Сауле Тажибаетна</i> The use of information technology in the independent study of a foreign language by students	50-53
<i>Арысбаева Элнара Пирмуратовна., Арыстан Гулжайна Аскарқызы</i> Incorporating gamification in the english classroom for better outcomes	54-61
<i>Исламова Мухаббат Михтибаевна., Назар Диана Бейбітхожақызы</i> Assessing the relevance of the grammar-translation method in today's language classrooms	62-68
<i>Маханова Жанна Кудайбергеновна</i> Didactic text as a special form of communication in the process of studying language and culture	69-74
<i>Кожамкулова Айгерім Сарсенбаевна., Масатбаева Салтанат Мухтаровна</i> Абай шығармаларының орыс және ағылшын тіліне аударылған нұсқаларының прагматикалық аспектісі	75-78
<i>Ботабаева Жанна Нуралиевна., Турабекова Динара Тлегенбаевна</i> Виртуальная реальность и литературное наследие	79-83
<i>Умаралиева Мадина Адилбековна., Ботабаева Жанна Нуралиевна., Севиль Караман</i> Специфика употребления глагола и его форм в текстах художественных произведений	84-87
<i>Абдалиев Фаррухбек Наматжанович</i> Фанларни ўқитишда steam ёндашув ва ўзбек тили дарсларида унинг қўлланилиши	102-104

<i>А. Е. Исмайлова., М.Е. Исмайлова</i> Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру жолдары	105-108
<i>Б.К. Исмайл</i> Баскетбол ойынының даму жылдары және ойын техникасы	109-112
<i>С.Е. Талдыбек</i> Спорт мектептеріндегі жұмыстардың ұйымдастыру-әдістемелік ерекшеліктері	113-117
<i>Т.Ж. Әжібеков., Сапарбеков Н.С.</i> Бастауыш сынып оқушылары ұлттық ойындарды дене тәрбиесі сабағында қолдану ерекшеліктері	118-121
<i>А.Р. Юсупов</i> Жасөспірім балуандарды дайындаудың әдістемелік негіздері	122-126
<i>Г.С. Мильдоходжаева</i> Спортшылардың ойын іс-әрекетінің тиімділігін дене мүмкіндігі негізінде арттыру	127-131
<i>М.К. Ахметов</i> Жас боксшыны жарысқа дайындау тактикасын жетілдіру	132-134
<i>Б.С. Алтынбекова</i> Дене тәрбиесі жүйесіндегі қазақтың ұлттық ойындарының орны	135-138
<i>А.Л. Мырзабеков., М.Қ. Раймбердиев., Е.О. Молдабеков</i> Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын жетілдірудің теориялық Алғышарттары	139-142
<i>М.Қ. Раймбердиев., Е.О. Молдабеков., А.Л. Мырзабеков</i> Баскетбол ойынының ағзаға тигізетін пайдасы мен ойын барысында қолданылатын тактикалар	143-145
<i>М.Қ. Раймбердиев., Е.О. Молдабеков., А.Л. Мырзабеков</i> Дене шынықтыру арқылы ағзаның қатаюы	146-148
<i>А.Қ. Маханбетова</i> Болашақ дене шынықтыру мұғалімдерінің дене мәдениетін қалыптастырудағы ұлттық спорттың алатын орны мен теориялық негіздері	149-152
<i>Б.А. Түребеков., Л.Ә. Мырзабек., Ф.А. Керимов</i> Тоғызқұмалақ ойынының жүрісін есептеу әдісін оңай үйрету	153-156
<i>Н.Н. Нуржан</i> Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерінің әлеуметтік-мәдени күзырлығын қалыптастыру мүмкіндіктері	157-160
<i>Б.Т. Муталиев., Ж.М. Есиркепов</i> Мұратхан Тәнекеевтің «Қажымұқан» шығармасы арқылы жастарды отансүгіштікке тәрбиелеу	161-164
<i>Г.А. Жапбарова., Г.У. Бакирова</i> Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын жаратылыстану пәнін оқыту үдерісінде дамыту	165-168
<i>Г.А. Жапбарова, Б.Л. Уракова</i> Кіші мектеп жасында оқушылармен математикадан үйірме жұмысын ұйымдастыру	169-172
<i>Г.А. Жапбарова., М.С. Қосмұратова</i> Отбасы тәрбиесін жетілдіруде сынып жетекшісінің ролі	173-176

<i>Молдабек Қ., Кенжебекова Р. И., Л. Оқтамбаева</i> Управление образовательными системами в контексте инклюзивного образования	177-179
<i>Абдуллаева Жазира Дайрабаевна</i> Педагогикалық жобалаудың қызметі, түрі, деңгейі және принциптері	180-186
<i>У.Ж. Конакбаева</i> Болашақ мұғалімдердің көркем еңбек және бейнелеу өнері пәндерін оқыту әдістемесін жетілдіру	187-195
<i>Спабекова Еркинай Жақсыбекқызы., Фазилова Данагуль Айдархановна</i> Жоғары оқу орындарында химияны оқытуды гуманизациялаудың қазіргі жағдайы	196-202
<i>А.Ж. Спабекова, Б.О. Куралтаев</i> Химияны оқыту процесінде жасанды интеллект платформасын пайдалану: VR әдісін қолдана отырып, химия бойынша зертханалық сабақтың тиімділігі	203-207
<i>У.Е. Кенжебаева, У.Х. Мажитов, Г.Т. Абдухаликова</i> Роль музыки и игры на инструментах в коррекции детского аутизма	208-212
<i>Тултабаев Зулфикар Чуманұлы., Ергебекова Ақбота Оразбаевна., Таимова Марта Нурланқызы</i> Қазақ хандығы кезіндегі әйелдер құқығы	213-216
<i>А.Ш. Досбенбетова., А.К. Архабаева., А.А. Избасханова</i> Қазақтың ұлттық киімдері– ұлттық кодымыздың құрамдас бөлігі	217-224
<i>Дмитриева Оксана Владимировна., Мажитов Улугбек Халматович</i> XX-XXI ғасырдың академиялық музыкасындағы мәдени-стильдік өзара іс-қимыл (т. мұхамеджановтың "өткінші" фортепиано циклінің мысалында)	225-234
<i>С.Б. Аширбаева., Е.А. Бакиров., Э.А. Сапарбаева</i> Қазақстанның инвестицияның әлеуетінің даму жолдары	235-243
<i>Нахипова Венера Исмаиловна., Halil Ibrahim Vulbul., Керімбеков Ержан Рахымжанұлы</i> Машиналық оқыту алгоритмдерін қолдана отырып, білім алушылардың үлгерімін болжау	244-250

## МАРХАБАТ БАЙҒҰТ – ШАҒЫН ПРОЗА ШЕБЕРІ

Л.У.Абенова – ф.ғ.к., қауым.проф.м.а.

Lazzat-0505@mail.ru

Ш.Каримжанова - студент

Ж.А.Тәшенев атындағы университеті, Шымкент қаласы. Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада жазушы Мархабат Байғұттың әңгіме жанрындағы шеберлігі сөз етіледі. Автор әңгімелеріндегі ерекшелік - авторлық артық баяндау, геройлардың өзара сөйлесуіндегі шексіздік, кейіпкерлеріне өз тарапынан ұзақ портрет жасамайды, керісінше, оқушысына геройын терең танытуға кейіпкерінің өз сөзін, кейіпкерлердің өзара сөйлесуін жиі пайдаланады.

**Кілт сөздер:** Жазушы, әңгіме жанры, кейіпкер, портрет, шеберлік, табиғат, суреттеу.

**Аннотация.** В статье рассматривается мастерство писателя Мархабата Байгута в прозаическом жанре. Особенностью рассказов писателя является авторская сверхнарративность, бесконечность разговоров героев, он не создает длинного портрета своих героев, наоборот, он часто использует собственные слова и разговоры персонажей, чтобы глубоко познакомить героя с читателем.

**Ключевые слова:** писатель, жанр рассказа, персонаж, портрет, мастерство, натура, описание.

**Abstract.** The article examines the skill of the writer Markhabat Baygut in the prose genre. A feature of the writer's stories is the author's supernarrative, the infinity of the characters' conversations; he does not create a long portrait of his characters; on the contrary, he often uses the characters' own words and conversations to deeply introduce the hero to the reader..

**Keywords:** writer, story genre, character, portrait, skill, nature, description.

Қазақ қаламгерлерінің творчасынан орын алған әңгімелер аз емес. Әңгіме жайын сөз еткенде Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты жазушылардың өнегелі ұлы ісін ұстаған жөн. Бірақ оның бәрін тәптіштеп жату біздің тақырыбымыз емес.

Мархабат Байғұтов әңгімелерінен авторлық артық баяндау, геройлардың өзара сөйлесуіндегі шексіздік, кейіпкердің портретін жандандырамын деп жаңсақ нәрселерге теңеу сияқты шұбалып жүрген артық сөздерді кездестіре бермейміз. Осындай басы артық ойлардан аулақ болуды тұтқан автор әңгімелеріндегі кейіпкерлеріне өз тарапынан портрет жасай беруге мырзалық танытпайды. Жазушы оқушысына геройын терең танытуға кейіпкерінің өз сөзін, кейіпкерлердің өзара сөйлесуін жиі пайдаланады.

Әңгіме жанрының әрленуі де, нұрлануы да жазушының кейіпкерді қоршаған орта мен табиғат суретін жасауына оны адам характерімен астастыра білуіне байланысты. Әңгіме кейіпкерлерінің өмір сүрген отасына деген сүйіспеншілігі, кейіпкердің басынан өткен күйініш, сүйініш сәттерінің табиғат құбылыстарымен бірлікте берілуі, жазушы мен оқушы бір – бірінен етене жақындастыратын жағдай.

Әңгіменің біз айтып отырған ерекшеліктері шығарманың композициясындағы жеке сюжеттерге көркемдік жеке нәр береді. Әңгіменің мазмұны көріктене түседі, көлемі жинақылана түседі. Ондай әңгіменің тілі дәл, өткір және таза болады.

Әңгімеге қойылатын біраз талаптарды әрлендіретін кейіпкер оны қоршаған орта және табиғат суретінің Мархабат Байғұтов әңгімелердің суреттелу, өрнектелу ерекшеліктері өзгеше құбылыс. Әңгіме мазмұнынан осылай танылған кейіпкер, оқушының көз алдын жақын келіп, тіпті ол ауылындағы ескі танысыңа ұқсап кетеді. Сондықтан, Мархабат жасаған кейіпкерлердің бірінің қимылына өзіңнен-өзің күлесің, бірінің мінезінен түңілесің, бірін аяйсың, біріне сүйсіне қарайсың.

«Доланай шахтасы» әңгімесіндегі қалтасында ақшасы бола тұрып, қасындағы Ермектен ақша қарыз сұраған Қасаттың сараңдығын Тілеміске теңейді. Тілеміс деген арқалының шық бермес Шығайбайы болған екен.

– Сен сол Тілеміснің, оны аз десең, көмусіз қалдырған туысын Көбдікті де білеміз – депті Ермек ашуланып. Жазушы осы кездегі Қасат бейнесін:

«Қасат қалшылдай жөнелді!. Басы тым үлкен еді. Қара есектің шылбырын долананың бұтағынан шеше алмады. Қолдары дірілдеп, шынтақтары шошаңдады. Ақырында шешті-ау шылбырды. Иегі де шошаңдап кетер ме еді, басының салмағымен омырауына тіреліп, сақалы қойтасқа жаншылған киік отындай болып көрінді» - деп суреттейді [1].

Өз басындағы қатыгездік пен сараңдық бетіне басылған кездегі Қасаттың портреті қоспасыз, қысқа тұжырымды, дәл берілген. Қасат бойындағы ашу-ыза психологиялық өзгеру, оның барлық физиологиялық құрылысымен қоса құбылған сияқты. Жазушылық үйлесімділік, жазушылық шеберлік деп, осыны айтсақ керек.

Жазушының «Айып» әңгімесін оқып отырып, қайта-қайта еріксіз езу тартасың. Арысбайдың жанұясындағы кемшіліктер біздің ауылдағы бірнеше жанұяға ортақ екенін ұғындым. Мархабаттың «Айыбында» Арысбай, ал біздің ауылда аттары басқа - басқа. Аттары басқа - басқа болғанмен балаларындағы жігерсіздік, тәртіпсіздік, намысы жоқтық бір-бірінен аумайды.

Мархабат аға жасаған кейіпкердің дара болмай, әр оқушының аулынан топ-топ болып табылуы – шығарма тақырыбының шыншылдығы, басты кейіпкерінің типтілігі. Арысбайдың сөзіне құлақ салайық.

«Аспандарын –Арысбай, бастауыш кластан аса алмады. Жерлерің – Жүзімкүл байғұс жетіншіні өліп-талып бітірген, - деп күбірледі, баласының аттестатын ұстап отырған күйі. – Бірақ біз соғыстың кесірінен оқи алмап едік. Мыналарға не жоқ енді?!»

Автор Арысбай өз сөзі бойынша жанұясындағы білімсіздікті, балаларының да өздерінен аса алмағанына өкіндіреді.

Өз баласын өзі сабап, учаскелік милицияның сұрауынан директордың көмегімен құтылып, заң қызметкерлеріне айып төлеп, ауылда келіп түскен Арысбайға көзі түскен ауыл адамдары:

- Арысбай зауытқа ауысқан ба?
- Сырттай оқуға түскен шығар?
- Кешкі оқуға кірген шығар? – десіп мырс-мырс күліскен.
- Қамап қойыпты деп жүр еді.

- Кеше ақша сұрап жүрген. Бірдеңе беріп құтылған екен десіп, болжам жасағандар да болған. Автор осы бір азғана диалог арқылы ауыл адамдарының болмыс тіршілігін алдына жайып салғандай [1, 249-б.].

«Көрпесайдың кітапханасы» әңгімесінде білімділікке қарсы білімсіздіктің, ізгілікке қарсы көрнекіліктің, салауаттылыққа қарсы маскүнемділіктің зардабын тартып жүрген кітапханашы Сейсенкүлдің жан-дүниесін тербеткен қайғысын өзіне баяндатады.

«Жапырақ кешіп жүргенді мен де ұнатамын. Жалғызсырап, жабырқаған шақтарында алыста болса да сені ойлайтын адамның жер бетінде бар екендігіне сену де бір бақыт білем. Бірақ ондай жұбаныш та менің маңдайыма жазылмаған шығар. Менің бақытыма кітап деген нәрсе ойлап шығарылыпты. Кітаптарға рахмет. Жалғызсыраған кездерімде маған кітаптарым көмекке келеді. Ал күйеуім кітапты жек көреді. Кітап атаулыны көргісі келмейді. Мені кітаптың кейіпкерлерінен қызғанып өле жаздайды. Үйімізде бірде-бір кітап жоқ. Кітап көрсе, өртейді. «Сен кітапхананы қашан тастайсың, мен арақты сонда тастаймын», - дейді. Ал, кітапсыз, кітапханасыз мен қалай ғұмыр кешпекпін?»

Сейсенкүл тағдыры, Сейсенкүл суреті көз алдымнан кетпейді. Оқып отырғанында әңгімедегі кейіпкер екенін ұмытып, көмектесудің жолына сапар шегетіндей қиялға кетесің, күйеуін бұл өмірден қош айтыстыратын амал іздегің келеді. Сейсенкүл тағдырының аяныштылығын, жолдасының қатігездігін жай ғана түсінікті сөздермен дәл берген [2].

«Ақ орамалды қыз» әңгімесінде оқу жылы аяқталған соң, мектеп оқушыларының жазғы демалыста істейтін жұмыстарын белгілейтін жиын өтеді. Осы жиында сөйлеп тұрған оқушылардың сүйікті ұстазының сол мезгілдегі бейнесін былай жасапты.

«Ақ шәйі жейдесінің жеңінен кірген жел ағайдың арқа тұсын ақ желкендей керіп жіберді. Кестелі жағасын қайта-қайта тартқылап, қос қолдап ұстаса да, болатын емес. Ағай сол ыңғайсызданғанымен, керемет келісіп тұрды. Ақ желкеннің әсерімен ағайымыз теңіз бетімен жүзіп жөнелетіндей көрінді.»

Жазғы жұмысқа кіріскенше асығып, тағат таппай су таситын бөшкелі арбаны иеленгісі келетін, еңбекқор шәкірттің баяндауында берілген ұстаз портреті сәтті суреттелген. Шәкірттің ұстазға деген ыстық ықыласы бірде ұстазын ақ желкендей деп сүйсінсе, бірде айдың теңіз бетінде сайраңдайтын кеме – дана шәкірт идеясымен көркем таныту - кез келген жазушының қолынан келе бермес.

Жазушы өрнектеген осы бір сурет, екінші бір жерде, жұмысқа кетіп бара жатқан еңбек адамдарының машина үстіндегі әдемі көрініспен астастырыла беріледі:

«Мен машинаның ең артындамын... Қыздардың бәрі қызыл орамал, әйелдер ақ орамал тартқан. Қыздардың орамалы қызыл галстук секілді, машина селк-селк еткен сайын жел үрлеген жалындай лап-лап жанады. Кешегі мектеп алдында өткен жиналыста, онда сөйлеген директор ағайды ойладым. Маржанбике бастаған әйелдердің орамалдары директор ағайдың кестелі жейдесіндей аппақ-ау, аппақ. Жұмыс десе жүрегі алып ұшатын 6 – класс оқушысына бәрі жақсы. Ол үшін жұмысқа бару, жұмыс істеу, жұмыстан қайту бәрі-бәрі қуаныш.»

Осы сурет көз алдымыздан өткенде, біздің де кешегі ауыл шаруашылық жұмыстарына барған албырт шағымыз ойға түседі.

«Ақ орамалды қыз» әңгімесінің басты кейіпкері Қалбибінің портретін жазушы өмірі ұмытылмастай етіп өрнектеген.

«Қалбибі біздің тұсымыздағы арықты шабуға кіріскен. Қара торы екен. Бет-жүзі дөп-дөңгелек, мұрны сәл келте біткен. Шашы беліне жетеді, қос бұрым етіп өрілген. Кемшілігі оң жақ бетінде, шекеге таман алақанның жартысындай қалы бар. Сол жағынан сүйкімді-ақ, ал қалы бар жағынан басқашалау көрінеді. Өттең қалдың қалың, жалпақ болып жабыса қалғанын қарашы.»

Осы портреттегідей қос бұрым етіп өрілген шашы бар, дөңгелек жүзді қара торы, бетіндегі қалы бар (үлкен кішілігіне қарамай) қыз көрсем, алдымен ойыма, содан кейін көз алдыма Қалбибі елестейді. Егер қалбибі портреті Мархабат ағай суреттегендей анық болмаса, ойға ұзақ сақталмаған болар еді [2, 150-б.].

«Жанымайдың жотасындағы» жоғарғы оқу орнына Қанай аулынан бірінші оқуға түскен Пернеханнның ауылға келгендегі бейнесі де әдемі суреттелген.

Пернехан талмен қабаттасты. «Стиляга» болып кетіпті. Дәу талмен салыстырғанда тіпті шілбиіп, жіп-жіңішке көрінді. Шалбары санына жабысқан, ақ плащ киген, қызыл шалмасы бар, шашы қасының үстінен тегістеп қырқылған, желкесі күдірейіпті. Желкесі емес жақындағанда байқады, шашы екен.» Көз алдына қаладан ауылға келген бір Пернехан емес, Пернехан сияқты бірнеше жас тізбектеліп, елес береді. Ол кейіпкердің өмір шындығынан алынғанын өмірде болған кейіпкер екендігін танытады.

Осы әңгімедегі дәл жоғарыдағыдай көркем жасалған портрет – Кендебай портреті. Жанымайдың жотасына Қаратай шығарып салатын Кендебай. Ол Отан алдындағы әскери борышын орындап, ауылға демалысқа келіп, қайта аттанған. Кендебайдың ысылған ширақтығы, ауылдағы ағайындар мен Қаратайға деген ыстық ықыласы оқырман есінде ұзақ сақталады [3].

Қанай ауылынан механик дайындайтын техникумға алғаш аттанған Базарбек болды. Бірақ оқуды толық аяқтай алмай, келіншек алып, ерте оралды. Әңгіме авторы біраз жағдайды Базарбектің өз аузынан баяндата отырып, ауылдық жерде шешімін таппай жатқан құпия сырдың бетін ашқандай болады.



Бұл суреттен, бір жағынан, Базарбектің келбетін танысақ, екінші жағынан, тынысының құпиясын танимыз. Базарбек Қанай ауылы бойынша құрмет тұтар қариясы Қаратайдың әкесінің алдына келіп:

«- Қоймаймын, ашып айтыңыз?!»

Бі-ле-ем, білем мен сырттай қарағанда тып-тыныш, моп-момақан ауылсыңдар, өсек-аяңға келгенде заулап тұрған дауылсыңдар, көке. Мені, ойхой бір, лаулатып отқа жағады – ай енді, оқудан шыққанымды, орыстан келіншек әкелгенімді..... оқудан шығып қалдым, көке. Оны да айтып қалайыншы, жасырып керегі не?! Үлгермедім, көке. Қанша тырыстым, тырбаңдадым, бәрібір болмады. Мектепте Дөңкебай ағай уызға жарытпаған екен. Қиын екен. Қанайдың маңдайына арнаулы орта білімді механикті де жазбады ғой, жазбады. Енді мынау Қаратайлар қиналмасыншы. Осылар оқысыншы.... Келініңіз орыс тілі пәнінен сабақ беретін, тіл техникумын бітірген, білдей маман, көке. Жақтырасыз ба, жоқ па? Батаңызды бересіз бе, жоқ па? Бұл жерде шындықтан жалтармайтын, өз бойындағы және ауылдастардың бойындағы кемшілікке төзбейтін шыншыл, турашыл Базарбекті танимыз [3, 220-б.].

Жазушының кейіпкерге портрет жасау шеберлігі «Жемелек» деген әңгімесінде тағы бір қырынан танылады. Соғыстың ауыртпалығын бастан кешіп, қайтіп келгеннен кейін де тынымсыз еңбекке араласқан Жаманкүл кәрия күні бүгінге дейін «келіншегім» деп келген Тазагүліне ерекше сыйластық пейіл білдіреді. Жаманкүлдың осы сезімін жазушы жандандыра суреттейді.

«Тегінде Тазагүлге ту сыртынан қарағанды қалайды. Мұндай қылықты қай кезде, қалай тапты, жадында қалмаған. Қазір, міне, қораның селдір тартқан тұсынан сығалайды. Келіншек демей, кім дерсің. Қос бұрымы қап-қара, жемелегі ұшында, кір жуып отыр. Жігітінің жейдесі болар, сірә, жігітінің жейдесін ақ көбікке салып шайқайды келіп шайқады. Сөйтсе, қос бұрымы біресе белінің бергі жағына аунайды, біресе арғы жағына аунайды. Қымбат шолпы тағынбай, жіптен ескен шашбауы – жемелеге еркелеп, Балбастаудағы балағына оралар балдыр болып ойнайды» [4]. Мұнда жазушы адам көңіліндегі ыстық сезімді, ынтызарлықты суретке айналдырған деп ойлаймын. Міне, жазушы шеберлігі деп осыны айтса болады.

Міне, біз бір мақала барысында жазушы жасаған кейіпкерлердің портретіне тоқталып, жазушының өзіне де сөз беріп, өз тарапынан шеберлігі мен жетістіктеріне тоқталдық. Бұған қарап, жазушы Мархабат өз шығармаларында ұнамсыз кейіпкер суреттемеген деген ұғым тумаса керек. Мархабат әңгімелерінде өмірдің көлеңке жағымен бұқпантайлап, жақсылардың алдын кесетін білімсіз, тоғышар, дүние-қоңыздарды назардан тыс қалдырмаған. Жазушы мұндайларды табиғатынан жақтырмаса керек, тіпті әңгімелерінде суреттеген бұл кейіпкерлердің біреулеріне айдар тағып ат та қоймаған. «Көрпесайдың кітапханасында» кітапханашы келіншектің күйеуі мен «Жемелек» әңгімесіндегі Жаманкүлдың үлкен баласына белгілі есім бермеген. Ондай кейіпкерлерінің бойындағы өзін танытатын портретін өзіне жасатқан.

Екі қабатты үйде тұратын, астында «Еділ» атты машинасы бар Жаманкүлдың үлкен баласына сөз берейік.

«- Елдің сендей шалдары өздерін де, балаларын да қарқ қылып жатыр. Солардың көбі тіпті, соғыстың шеніне жетпегендер... Ал сен ?! Сен болсаң, сау тамтығың қалмай жараланып, жарым қаныңды беріп, Берлиннің қақ ортасынан оралдың. Сонда да бастықтарға баруға бет моншағың үзіледі де тұрады.» - деп әкесінің миын шағады [4, 224-б.].

Қазақ даласы қашаннан да дарындарға кенде емес. Өзінің әсем табиғатына лайық ұлы перзенттерін дүниеге келтірді. Оңтүстік өңірінің киелі топырағынан да талай айтулы тұлғалар өтті. Олардың ерлік істері мен сара жолдары, кейінгі ұрпақ зердесіне ұялатуда қаламгер қауымның орны бөлек. Осы орайда Түлкібастан түлеп ұшқан жазушы

М.Байғұттың да өзіндік қолтаңбасы бар [5]. Қаламгердің өмір жолы мен шығармашылығына зер сала қарасаңыз, сан қырлы өмір мектебінен өткенін аңғарасыз.

Мектеп қабырғасында жүргенде – ақ өлеңнің «аруағы» қысып, ақындығы ауылға тараған, дейді. Қазақстан Республикасы жазушылар одағы және Журналистер Одағының мүшесі Мархабат Байғұттың алғашқы әңгіме, повестері аудан, облыс, республика баспасөз беттерінде 60 жылдардың орта шеңінен жариялана бастаған.

Журналистика саласында облысымыздың мәдени әлеуметтік тыныс-тіршілігін танытудағы сан қырлы танымдық мақалалары, көкейтесті очерк, сұхбаттары қаншама [6].

Туған тіліміздің тазалығы, оның мүмкін ахуалы, жер – су атауларының орынсыз бұрмалануы, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік, ізгі қайсеттер де жазушыны толғандырмай қоймайды.

Мұның бәрін тізбелеудегі мақсатымыз қаламгердің тынымсыз еңбекқорлығын үлгі ету. Асылы, жазушы қауымының тауқыметі мол тынымсыз тіршілігі, өзгеден ерекшелігі де осында емес пе?!

М.Байғұт өз туындыларында адамның ішкі жан дүниесі иірімдерін өзіндік өрнектермен аша отырып, ақиқат пен әділдікті іздейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байғұт М. Төрт томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – 381
2. Байғұтов М. Нәуірзек. – Алматы: Жалын, 1988. – 237 б.
3. Байғұтов М. Қорғансыз жүрек.- Алматы: Жазушы, 1993.- 400 б.
4. Ай – Мұхамбет Ж. Сезімтал жүрек сырлары. – Егемен Қазақстан, 2021. - № 17.
5. Алдияр Б. Ақ тілек, ыстық ықылас. - Оңтүстік Қазақстан. – 2022 . - № 25.
6. Қыстаубайұлы З. Тіршіліктің түсін жазбай таныған. – Жас Алаш, 2022. - № 25.

## Қ. ӘБДІҚАДЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**А.Х. Смайыл** – Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, магистр  
Ж.А. Тәшенев, Шымкент қ.  
smail.akmaral@mail.ru

**Аңдатпа.** Қазақ әдебиеті үшін жемісті еңбек еткен қаламгерлер қатарында ақын, жазушы, аудармашы Қалмақан Әбдіқадыров та бар. Мақалада жазушының проза жанрындағы шығармалары атап айтқанда, «Қажымұқан», «Келес қызы» повестері, әңгімелері мен қазақ әдебиетіне қосқан үлесі қарастырылады. Қалмақан Әбдіқадыровтың шығармаларын негізінен тілі жатық, оқырманның ойы мен қиялын жаулап алып, жалықтырмай оқитындай шығармалар деп атауға болады.

**Кілт сөздер:** шығарма, ақын, проза, жас ұрпақ, әңгіме, өлең, ауыз әдебиеті.

**Аннотация:** Калмахан Абдикадыров, поэт, писатель, переводчик, входит в число писателей, плодотворно работавших в казахской литературе. В этой статье рассматриваются художественные особенности произведений Калмахана Абдыкадырова в жанре прозы, в том числе повести «Хаджымухан» и «Келес кызы» и некоторые рассказы, написанные в разные годы и его вклад в казахскую литературу. Произведения Калмахана Абдикадырова имеют все основания говорить о том, что язык знаком, они захватывают сознание и воображение читателя, их можно читать не скучая.

**Ключевые слова:** произведение, поэт, проза, молодое поколение, рассказ, стих, словесная литература.

**Abstract:** Kalmakhan Abdikadyrov, poet, writer, translator, is one of the number of writers who have worked fruitfully in Kazakh literature. The considered theme in this article is works by Kalmakhan Abdykadyrov in genre of prose, including such stories as “Khadzhymykan” and “Keles kyzy” and others that were written in various years and his contribution to Kazakh literature. Kalmakhan Abdikadyrov’s works have every reason to say that the language is familiar, they capture the reader’s consciousness and imagination, they can be read without getting bored.

**Keywords:** work, poet, prose, younger generation, tale, poem, verbal literature.

Қалмақан Әбдіқадыров шығармашылығының жаңа қырлары жан-жақты танылып, көрнекті қаламгер ретінде көзге түскен, бағаланған кезі – 30-жылдар. Ол бұл тұста поэзия, проза, аударма саласына белсене қатысты. Қазақ балалар әдебиетінің ірге тасын қалауға ат салысты. Әдебиет жанрының түрлі саласынан қалам тартқан ол прозада да елеулі шығармалардың авторы атанды.

Қалмақан Әбдіқадыровтың сол заманғы қаламдастары туған халқын қараңғылықтан құтқаруға белсене кіріскен, оның ой-санасын заманына сай етіп оятуға бекінген, мақсаты мен мүддесін, тілегі мен арманын өз шығармашылықтарына арқау ете білген әдебиетшілер қауымы еді. Қараңғылық пен жоқтықтың азабын өз басынан өткізген Қалмақан Әбдіқадыровқа қолы теңдікке жеткен бұқараның жағдайы етене таныс болды. Сондықтан да Сыр бойындағы елдің ой-санасын оятып, мәдени өмірге жетелеуді, сауатын ашып ғылым мен техниканы меңгеруге үгіттеуді, озық өркениетке ілесуді өзінің әдеби шығармашылығының тақырыбы етіп алды. Бұл қаламгердің шығармашылық жолында бірден-бір дұрыс бағытты таңдағандығын аңғартса керек. Жалпы Қалмақан Әбдіқадыров шығармашылығының да маңыздылығы осында. Абай мен Шәкәрімнен бастап, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Б.Майлин, І.Жансүгіров шығармашылықтарымен және орыс әдебиетімен, атап айтсақ М.Горький шығармашылығымен танысуы осы айқын бағытты таңдауына ықпал етті және ой-өрісін кеңейтіп, алдағы шығармашылығына жаңа серпін берді.

Жазушы Қ. Әбдіқадыровтың проза саласындағы көлемді, шоқтығы биік шығармасы 1951 жылы жарық көрген «Қажымұқан» повесі. Шығармада қазақ халқының ұлы перзенті, спорт тарихында есімі алтын әріптермен жазылған алып палуан, французша күрестен әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасовтың (1874-1948) ғұмыр белестері баяндалады. Жазушының алғашқы ірі туындысы болғанына қарамастан, бұл повесть өмірдің шынайы суреттері қамтылған, оқырманды баурап алатын қызықты оқиғалар баяндалған, тілі ажарлы әрі тартымды көркем шығарма. Автор 1956, 1959 жылдары повесті өңдеп, толықтырып қайта бастырды.

«Қажымұқан» повесінің орыс тіліне аударылып, дүркін-дүркін жариялануы, сол арқылы өзбек, қырғыз, монғол тілдеріне аударылуы шығарманың өміршеңдігі мен көркемдігінің дәлелі болса керек. Қ.Әбдіқадыровтың қаламымен «Қажымұқандай» шығарманың жазылуына алып палуан мен автордың аталас туыстығы мен сыйластығы шешуші фактор ретінде қызмет етеді. Алматыдағы автордың үйіне 1941 жылдың көктемінде күш атасы Қажымұқан келіп, 23 күн жатады. Шығармадағы ең маңызды деректерді сол кезде Қ.Әбдіқадыров оның өз аузынан жазып алған. Бұл туралы повестің «Бұл – берген уәдем еді» [1.7-8] деп аталатын бөлімінде айтылады.

Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқаны» – тарихи повесть. Жазушы шығармадағы палуан жайлы деректердің бәрін де оның өз аузынан және туыстарынан жазып алған. Атақты палуанның өмірі, спорттағы толағай табыстары мен әлеуметтік қызметі оның әлемнің әр елінде өткен күрестерімен байланыстыра отырып суреттелген. Осылайша жазушы кейіпкердің жан-дүниесін ашумен қатар, оның кілемдегі күрестерінің әр жеңісінің негізгі себептерін шынайы да нанымды суреттеуді мақсат еткен. Автор атақты палуанның тек жеке өмірін, ірі күрестердегі жойқын күші мен таң қалдырарлық шеберлігін суреттеумен шектелмей, палуан өмір сүрген ортаның шындығын барынша мол әрі терең бейнелейді.

Тарихи көркем шығарманың негізі – тарихи шындыққа құрылады. Бұл автордан суреттеліп отырған дәуір шындығының бейнесін шыншылдықпен суреттеуді талап етеді. Автор «Қажымұқан» повесінде аталған талапқа лайықты жауап бере алған. Жазушы басты кейіпкері Мұқан Мұңайтпасұлының өмір жолына қатысты мәліметтер мен деректердің баршасын жіпке тізбей, оны сұрыптап, жинақтап суреттейді. Бұл арқылы автор тарихи шындықтан алшақтамай, қайта дара тұлғаның типтік образын шебер де көркем етіп жасап берген.

Қалмақан Әбдіқадыровтың шығармашылығы жайлы біраз зерттеулер жүргізген Мылтықбай Қараев «Қажымұқан» туралы былай деп пікір білдіреді: «Повестен халықтардың жүрегіне енген, олардың шын сүйіспеншілігі мен мейіріміне бөленген теңдесі жоқ палуанның батыр бейнесін көреміз. Сөйтіп жазушы Қажымұқан образын халықтың көңіліндегідей, аңыз-ақиқаты аралас шындықтағы өз дәрежесіндегідей етіп жасай білген» [2.66]. Белгілі ғалым Р. Бердібаев: «Қажымұқан» повесі өзінің қызықты оқиғасымен, шебер де суреттілігімен оқушы сүйіспеншілігіне бөленген шығарманың бірі. Бұл тамаша адамдар өміріне арналған кітаптардың таңдаулыларының бірі» [3.264] деп лайықты бағаласа, Қалмақан Әбдіқадыровты өз зерттеулерінен тыс қалдырмаған Б.Кенжебаев: «Оның прозадағы елеулі табысы «Қажымұқан» повесі» [4.275] деп атап көрсетті.

Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқаны» ұрпақтан ұрпаққа беріліп оқылатын, өз құндылығын жоймайтын, мазмұны ескірмейтін туынды. Ол идеялық-көркемдігі жағынан «Ғажайып адамдардың өмірі» сериясы бойынша қазақ прозасындағы алдыңғы қатарлы шығармалардың бірі.

Жазушының «Келес қызы» повесінде колхоздастыру кезеңіндегі өз ісіне шын берілген қарапайым ауыл адамдарының еңбектегі үлгі боларлық ерлігі суреттеледі. Повестің «Жер мен қыз» атты бірінші бөлімінде «Қызыл әскер» колхозының құрылуы, оның алдыңғы қатарлы колхоз атануы баяндалса, екінші бөлімі «Комсомол звеносында» өзінің еңбекқорлығы мен ізденімпаздығының арқасында мақтадан мол өнім алған Ырысқұл Мақатованың үлгілі еңбегі туралы айтылады. Заман тақырыбына сай жазылған бұл

шығармада да әлеуметтік өмір шындығы, колхоз адамдарының шынайы бейнесі, ұлттар татулығы әдеби туындының алдына қойған мақсатына сәйкес қамтылады.

Повестің алғашқы бөлімінің басты кейіпкері колхоз председателі Ербеков Байеке өзі басқаратын қоғамның жаңа қарқынмен дамып өркендеуіне белсене кіріскен адал жанды адам. Ол қарапайым қатардағы жұмысшы бола жүріп, алған білімі мен іскерлік тәжірибесінің арқасында жетекшілік қызметке келді, заман ағымына сай өзгерістерден шет қалмай, оған өзінше бейімделе білді. Оның басқаруымен колхоз сол жылдары оң нәтижелерге қол жеткізіп, жаңа құрылыстар бой көтерді. Байекенің еңбегі бағаланып, Жоғары Кеңестің депутаттығына сайланды және аудандық атқару комитетінің председателі қызметіне көтерілді. Байекенің отбасылық, тұрмыстық жағдайы оның жұмысымен байланыстырыла суреттеледі. Ол көп жағдайларда ізденіп алған аздаған біліміне емес, еңбектегі мол тәжірибесіне сеніп шешім қабылдайды. Өзінің тәжірибесінде кездеспеген іске жалтақтықпен қарап, сенімсіздік танытатын кездері де болады. Қалмақан Әбдіқадыровтың аталған кейіпкері өмірде жиі кездесетін адамдардың бірі болғандықтан, ол қателеседі, теріс түсінеді, артынан түзеледі. Мысалы, тек жұмысты алға қойған Байеке өзінің тұрмыстық мәселелеріне жеңіл қарай бастайды. Бірақ қателігін дер кезінде түсініп, ойы мен көзқарасын өзгертіп, дұрыс шешім қабылдайды.

«Комсомол звеносындағы» батыл қыз Ырыскүл Мақатованың егіс даласындағы зор еңбегі әр қырынан ашылып, шынайы суреттелген. Бұл кейіпкерді ашуда жазушы еңбек адамдарының ғылым мен техниканы жатсынбай меңгеріп, оны шебер қолдана білумен қатар, техникаға өз жаңалықтарын енгізу мүмкіндіктерінің бар екендігін жеткізуді мақсат еткен. Осы арқылы ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы байланысты алшақтатпай, қайта оларды қабыстыра білетін сапалы еңбек адамдарының образын жасауды көздеген. Бұл образ - адамгершілігі жоғары, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезіне білетін, алдына қойған мақсатын жүзеге асыруда талмай еңбек ететін, білім алу мен тәжірибеде жинақтауды көпсінбейтін, өз ісіне шексіз берілген адал адамның бейнесі.

Ырыскүл Мақатованың табысты еңбегінде екі жетекші бар: біріншісі – мақта өсіруде халықтық тәжірибені жалғастырушы өзбек мақташысы Ыбырайым Рахманов, екіншісі – өз мамандығын жетік меңгерген агроном Тілеулі. Бұл екі бейне арқылы автор соңғы ғылыми жетістіктер мен дәстүрлі тәжірибені байланыстыра суреттеп, шығарманың идеясын айқындай түседі. Сондай-ақ халықтар достығының қоғамды дамытушы және қозғаушы әрекеттердің бірі екендігін еңбек барысындағы достық қарым-қатынастар аясында суреттейді. Жеңіл жолмен табысқа жетуді көздейтін Әсемкүл мен Базаркүлдердің оңай олжасы уақытша болып шығып, адал, тәуекешіл еңбекқор қыздың жолын бөгей алмайды. Шығармадағы оқиғалар шиеленісі көп жағдайда жеке өмірмен емес, қоғамдық істердегі жоспарды асыра орындаумен байланысты болып жатады.

Қалмақан Әбдіқадыровтың әдебиеттегі ұстазы С.Мұқанов бұл шығарма жайлы былай дейді: «1948 жылы жазылған әңгімелердің ішінен, мен, Қалмақанның «Комсомол звеносы» деген әңгімесін бөліп ап, қысқа жанрда кәзіргі заманның тақырыбына шығарма жазудағы биылғы күрделі табыстарымыздың бірі дер ем. Соңғы бетінде біраз әлсірегендік барын ескере отырып, бұл әңгіме идеялық жағынан да, көркемдік жағынан да жоғары жазылған шығарма» [5.292-293].

Шығарманың оқиға желісі, композициясы қалыпты дамып, бір-біріне қатысты шағын оқиғалар орынды жалғасып отырады. Жазушы халық мақал-мәтелдері мен терме сөздерін, афоризмдерді кейіпкерлерінің образын ашуда шебер пайдаланып, өз ойын шығарманың оқиға желісі мен ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы ашық жеткізген. Сондай-ақ автордың сөз қолданысынан афоризмдерге лайық өз сөйлемдерін де жиі кездестіруге болады. Мысалы, «Жаңаны күтіп жалаңаш үйден шықпай қалғаннан, ескіні жамап киіп, жаңаны іздеп тапқан жақсы» [1.247] деген сөйлемді дайын афоризм деп қабылдауға болады.

«Көнені көмек етпесең, жаңа табылмайды,

Байлауды керек етпесең, жара жазылмайды» [1.247]

деген орынды қолданылған халық мақалы. Бұл көркем шығармаға қойылатын басты талаптардың бірі екендігі екендігі сөзсіз және көркем шығарманың өміршендігінің дәлелі болса керек.

«Келес қызы» туралы қорыта айтқанда, замана тақырыбына сәйкес әлеуметтік өмір шындығын, еңбек адамдарының шынайы бейнесін, халықтар достығын кезеңіне лайықтап суреттейтін, әдебиет тарихында өзіндік орны бар көркем туынды.

Жазушының проза жанрындағы алғашқы еңбектері қысқа әңгімелерінен басталады. Әңгімелер теңдікке қол жеткізген қарапайым жұрттың тағдыры, олардың әлеуметтік күрестегі жүріп өткен жолы және жаңа қоғам құрудағы белсенді ролі, өндірістік жаңа дамулар секілді жалпы тақырыптарды қамтиды. 1930-1936 жылдар аралығында жазылған шығармаларында да аталған тақырыптарды жаңа өмір жағдайымен байланыстырып, қиыншылықтар мен қол жеткен табыстарды, оны жасаушылардың күнделікті өмірін суреттеді. Шығармаларында оларды жеке образ етпей, бір топ адамдардың образын тұтас суреттейді. Бұл жылдары Қ.Әбдіқадыровтың проза жанрындағы «Колхоз малы» (1933), «Еңбекке қарғыс кәр қылмайды» (1933), «Еңбек үлгісі» (1933), «Боранбай ауруханада» (1934), «Құрушылар» (1934), «Каспиді кешкенде» (1934), «Ленин мен Махмұт» (1934), «Алатаудың бауыры» (1935), «Қыз жиналған жерлер» (1935), «Тәтті қауын» (1936), «Өміртайдың ауылы» (1936), «Тұз» (1936), «Таңба» (1936) және т.б. бірнеше шығармалары жарыққа шығады.

«Тәтті қауын» атты әңгімесінде егіншілер тағдыры суреттеледі. Автор әңгіменің оқиғасында өмір шындығы мен ертегі-аңызды бір-бірімен қатар баяндайды. Әңгімеде таудан ағып жатқан Иассауи өзенінің суын байлар сай-салалармен бұрып алып, тек өздерінің бау-бақшаларына құятын етіп қояды. Олар бұқара халықты қанап, бір тамшы су бермей өктемдігін жүргізетін қиянатшылдар. Автор олардың мінез-құлқын, жағымсыз кейіптерін ұтымды теңеулер мен эпитеттер арқылы шебер суреттейді. Осындай «Құл төбенің күлі көп пе, әлде менің пұлым көп пе» дейтін орынсыз мақтаншақ бай-шонжардың бірі – Жаманшал. Биік қорғандармен қоршалған бауларды жүздеген құлдар баптап өсіреді. Олар еткен еңбегінің ақысын қарау байлардан толық ажыратып ала алмайды. Автор бұл әңгімесі арқылы жер нағыз еңбек иелерінің қолына тигенде ғана адал бейнеттің тәтті жемісін көруге болатынын жеткізеді. Мұны Дихан шал атты кейіпкерінің атынан баяндайды. Байлыққа құныққан, уәдесінде тұрмайтын, жалшылыққа алған дихандарының еңбек ақысын төлемеуді көздейтін қанаушы таптың іс-әрекеттері әшкереленеді.

«Тәтті қауын» (1936) жинағына енген қалған төрт әңгімесінің де басты тақырыптары – жаңа қоғам құру, колхоздастыру, халықтың оған бейімделуі, еңбек майданындағы ерлер мен олардың елеулі табыстары, теңдікке қолы жеткен кедейдің жаңа өмірі, қазақ колхоздарындағы мал шаруашылығын дамытудың жетістіктері, егістік алқабындағы су жетімсіздігінен туындайтын талас-тартыс мәселелері және т.б. Олар: «Қамбар шал», «Бұқалар», «Еңбек үлгісі», «Еңбекке қарғыс кәр қылмайды». Автор ертегі-аңыздардан үлгі боларлықтай мысалдар келтіре отырып, айтып отырған кезеңінің жаңаруын нанымды суреттейді.

«Мақташы қыз» (1952) атты шағын әңгімесі адал еңбегімен зор абыройға ие болып, Социалистік Еңбек Ері атанған құрметті адамдардың бірі Ұлтай Ділдабекова туралы. Шығармада оның Ұлы Отан соғысы жылдары Мақтарал совхозында мектеп жасынан мақта тергіштігімен көзге түскен оқушы кезіндегі рекорд жасаған еңбегі суреттеледі. Мектеп оқушылары әлі ойын баласы болғандарына қарамастан, заман қиыншылығын жете түсініп, тыл еңбеккерлеріне түскен ауыртпашылықты шамалары жеткенше бөлісіп үлкендерше еңбек етеді.

Қалмақан Әбдіқадыровтың прозасы күнделікті өмірмен тығыз байланысты, әрі онымен астарлас, өзектес, сабақтас. Ол әңгімелері мен повестерінде кейіпкерлерінің іс-әрекеттері мен мінез-құлқын жетілу үстінде, елеулі өзгерістер аясында суреттейді. Халық өміріндегі айтулы кезеңдер оның шығармаларымен ерекше үндес болып отырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбдіқадыров Қ. Қажымұқан. Алматы: «Жазушы», 1989. – 416 бет.
2. Қараев М. Қалмақан Әбдіқадыров. Алматы: «Қазақстан», 1997. – 80 бет.
3. Бердібаев Р. Замана сазы. Алматы: «Жазушы», 1985. – 287 бет.
4. Кенжебаев Б. Жылдар жемісі. Алматы: «Жазушы», 1984. – 311 бет.
5. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 998 бет.

## МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТИҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕР

**Б.Е. Қалыбеков** – Ж.А.Тәшенев атындағы университеттің  
аға оқытушысы, ф.ғ.к. Шымкент қаласы, bolatkalybekov@mail.ru  
**Г.У. Жаманшалава** – Ж.А.Тәшенев атындағы университеттің магистранты,  
Шымкент қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақтың энциклопедист ғалымы әрі кемеңгер ақыны Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы тілдік қолданыстарға талдау жасалады. Мұнда біз ақынның шығармаларындағы тіл ерекшеліктеріне, сөздердің көркемдік қолданылымына назар аудардық. бейнелі сөз қолданыстардың ақын шығармаларында жиі кездесіп отыруы энциклопедист ғалым, ақын, шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлттық тіліміздің қайнарынан қанып ішкен данышпан білім иесі екендігінің айғағы.

**Кілт сөздер:** бейне, сөз қолданыс, суреткер, шеберлік, метафора.

**Аннотация.** В этой статье будет проведен анализ языкового использования произведений казахского ученого-энциклопедиста и гениального поэта Машхур Жусупа Копеева. Здесь мы обратили внимание на особенности языка в произведениях поэта, на художественное использование слов. частое появление образных слов в произведениях поэта свидетельствует о том, что ученый-энциклопедист, поэт, летописец Машхур Жусуп Копеев-гениальный обладатель знаний, истекающий кровью из источника нашего национального языка.

**Ключевые слова:** видео, использование слов, художник, мастерство, метафора.

**Abstract.** This article will analyze the linguistic use of the works of Kazakh encyclopedic scholar and brilliant poet Mashkhur Zhusup Kopeev. Here we drew attention to the peculiarities of language in the poet's works, to the artistic use of words. the frequent appearance of figurative words in the poet's works indicates that the encyclopedic scientist, poet, chronicler Mashkhur Zhusup Kopeev is a brilliant possessor of knowledge, bleeding from the source of our national language.

**Keywords:** video, word usage, artist, craftsmanship, metaphor.

Мәшһүр Жүсіп – қазақ халқының кемеңгер әрі аяулы перзенті. Қазіргі кезеңде ақынның шығармашылығы мен өміріне арналған іргелі еңбектер, ғылыми зерттеулер жасалып, бұқаралық ақпарат ауқымында көрініс беруде. Энциклопедист ғалым, шежірежі әрі ақынның шығармаларындағы лексиканың байлығы, суреткердің тіл қолдану шеберлігі өз алдына зерттеуді қажетсінеді. Біз ақынның шығармаларындағы тіл ерекшеліктеріне, сөздердің көркемдік қолданылымына назар аударғымыз келеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев логикалық жұмбақ өлеңдерге шебер. Мәселен «Қанағат туралы жұмбақ өлең»атты шығармасында шөл далада су таппай, шөл қысқан кезде кеселге шалдықтыратын суды ішуге мәжбүр еткен оқиғаның негізгі түйіні- адамның бойындағы сезімдердің бірі қанағатты жұмбақтайды. Мұнда ақын бұл сезімге жан бітіріп, тірі бейнеде келтіреді:

Ұлығы патшалардың – патша Құдай,

Дүниені бір дария ғып қойған солай,

Бұ жалғанның жүзіне келіп, кеткен,

– Өтпекші бұл дариядан шулай-шулай! – деп өмірдің адам баласы үшін жұмбақ дария екендігі метафоралық мегзеулер арқылы баяндалып, сол өмірдің қызығы үшін алға қойған мақсатыңнан айрылып қалма, яғни кеселді суды ішіп қойма, қанағатшыл бол дегенді тұспалдайды:

Есті адам – қанағатты,

Қанағатты адам тиянақты.



Тиянақты адам көнтерілі,  
Көнтерілі адам қайғысыз.  
Қайғысыз адам бақытты.

Қазақ ұғымына сай «көнтері» сөзі арқылы шыдамды, бар қиыншылыққа көнетін төзімді болуды насихаттайды. Көнтері – әбден иі қанып иленген, жұмсақ тері, демек, жансыз зат өз мағынасында емес, жандандырылып, төзімді, сабырлы адам деген метафоралық мағынаға ауысқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің 1916-2016 жылдарға арналған болжау өлеңі әулиелік, данышпандық ойдың иесі екенінің куәсі болып табылады:

Шешендер шыға алмайды тұнығынан,  
Баса алмаймын батпақтап ұйығымнан.  
Баяғыңды ойлама енді қазақ,  
Бақытыңды тайдырған иығыңнан.  
Тұрарда таң намазына кер боларсың,  
Шығарда шыбын жаның тер боларсың.  
Кеудеңе алабота, жусан шығып,  
Бір кезде аяқ басар жер боларсың.

Осындағы ерекше белгіленген сөздерге назар аударайық:

Бұл жерде шешендердің шыға алмайтын «тұнығы» – олардың қиынан қиыстырған шешендік толғаулары мен нақылға айналған терең де мәнді сөздері, ал Жүсіптің шыға алмай отырған «ұйығы» белшесінен батып отырған ел ішіндегі әділетсіздік, теңсіздік, қатыгездік пен зұлымдық, өсек-аяң мен паракорлық секілді аяқ бассаң, алдыңнан шыға келетін жағымсыз қылық пен кесапатты мінездер екені анық. Қазақтың иығынан бақытын тайдырған ел басынан өткен елдің бірлігі мен тұтастығы үшін болған шайқас оқиғалардың тізбегі мен ашаршылық, асыра сілтеушілік, ұлттық кемсітушілік мен нәубеттер. Осылардың бәрін қайыспай көтеретін иыққа бақытты, яғни жансыз нәрсені мінгізіп қою – ақынның суреткерлік шеберлігі. Таң намазына тұрарда «кер» болу – еріншектікті, жалқаулықты білдіреді. Қазақта «кержалқау» деген тіркес те бар екені аян. Шыбын жаны шығарда «тер» болу – қатты қиналу, азаптану мағыналарының баламасы ретінде қызмет атқарып тұр. Кеудеге алабота, жусан шығып, аяқ басар жер болу – адамзат пен бүкіл өсімдік, жан-жануар иелерінің тіршілігінің көзі, қасиетті жер мағынасында емес, керісінше, көрінген адам мен жан-жануардың аяғының астында тапталып жататын жер болу ұғымын білдіріп тұр. Кейде жанды нәрсені жансызға балау арқылы бейнелі сөз қолданыстарын қолданудың бір түрі.

Отыз екінші жыл болар сондай ауыр,  
Адамдар аш-жалаңаш болып жауыр.  
Кетеді айдалаға есі шығып,  
Ағайын, туған-туыс суып бауыр.  
Адыра тұл қалады, құлап шаңырақ,  
Кетеді айдалаға иесі аңырап.  
Тірі кісі табысар бір заманда,  
Қойдай маңырап, қозыдай жамырасып.

Отыз екінші жылғы ашаршылықты, жоқтық, кедейшілік болса сөз басқа, «қолдан жасалған» аштықтың кесірінен қойша қырылған адамдарды, елге өте ауыр тиген кезеңді «ауыр» деген салмағы одан жүз есе ауыр, бір күн, бір ай емес, бір жылдың салмағын көтерген сөз білдіріп тұр. Жауыр болған жануардың күнін кешкен, аш-жалаңаштықтан арқасына әбден ауыртпалық батқан елдің жағдайы шынында «жауыр» деген баламаға дәлме-дәл. Не істерін білмей сабылып, сапырылысқан елдің «есі шығып», айдалаға сабылмағанда несі қалды? Есі шығу – амалы таусылу, басына түскен ауыртпалықтан құтылатын жол таппаған әрекет. Қазақ – бауырмал халық екені белгілі. Ал сол бауырмалдықтың сууы, М.Ж.Көпеевше айтқанда «бауыр сууы» - адам баласының бір-біріне

деген мейірімі азайып, оның орнына қатыгездіктің, туыс адамдардың арасында бір-біріне деген жаны ашымастық, тоңмойындық пайда болғаны. Адыра қалу, тұл қалу тіркестері жалғыз қалу, елден, туыстарыңнан бөлініп, жетім қалу, оқшаулану мағынасында қолданылған. Өке-шешесі жоқ адамды «тұл жетім» деу жиі кездесетін сөз қолданысқа жатады. Мұндай бейнелі сөз қолданыстардың ақын шығармаларында жиі кездесіп отыруы энциклопедист ғалым, ақын, шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұлттық тіліміздің қайнарынан қанып ішкен данышпан білім иесі екендігінің айғағы. Қазақта «шаңырағы ортасына түсті», «шаңырағы құлады» тіркестері әдетте отбасы ойранға айналған, бір үйдің жандары бытырап, бет-бетіне, «айдалаға» кеткен, немесе қатты шығынға ұшырап, мал-жан қазасы болған үйге айтылатын тұрақты сөз тіркестері. М.Ж.Көпейұлы қолданысында да «құлап шаңырақ» тіркесі осы мәнде жұмсалып тұрғаны анық. «Қойдай маңырап, қозыдай жамырасып», бір заманда сол айдалаға босқандардың «табысатын» заманы – ашаршылықтан кейінгі аз да болса елдің еңсесі түзелген жылдары екені айқын. Өзгеріп онан кейін заман болар,

Жолына шарифаттың күмән болар.  
Қызығы кәрі-жастан ұят кетіп,  
Тәртіпсіз, ар жойылып, тәмам болар.  
Кедейлік болар ма екен мұндай қиын,  
Ойын-күлкі, айт пен той, қалар жиын.

Ақын өз шығармасында кезекті дәуір, кезеңдерді «заман» деген жалпылама атау арқылы тұтас күйінде қолданады. Бұл кезеңде адамдар шарифаттың жолынан қиыс кетіп, оған «күмән» келтіріп, кеңестік кезеңнің дінге қарсы атеистік қозғалысы етек алған көрінісі көз алдына келеді. «Кәрі-жастан ұят кетіп», «ар жойылып, тәмам болуы» қоғамда етек алған Еуропаға еліктеу, ұятты жерлерді жаппай, жалаңаштап жүру, үлкенді сыйламай, дөрекі сөйлеу, ар-ұят секілді адамдық ізгі қасиеттердің азайып, дөрекілік пен дарақылық осы кезеңді ақынға «ар тәмам» деп бейнелей айтуға мәжбүр еткені ақынның көріпкелдік қасиетінің айғағы. Тәртіпсіздік белең алған бұл жылдардың нақты сипаты ақын шығармасында өлеңмен өрілген, шынайы берілген. Осы зұлмат жылдардан кейінгі кезекті қырғын отыз жетінші жылғы қазақтың зиялы, оқыған, көзі ашық іскер азаматтарын жазықсыз жала жауып, «үшеудің соты» арқылы азапты абақтыларға жабуы, ату жазасына кесуі ақынның болжауында айна қатесіз көрініс тапқан:

Еститінің жаман сөз, суық хабар,  
Жұмыртқадай шайқалар күнде миың.  
Күншілдер көрінгенге қуғын салып,  
Ақыры күнәсізге жала болар.

Еш жазығы жоқ, бір елге тұтқа болатын тұлғалардың әр ізін аңдып, көре алмайтын, зымиян ниеттілерді ақын «күншілдер» деген метафоралық ұғымға сыйдырса, сол күншілдердің арқасында жазығы жоқ жандарды «алып кетіпті» – деген елдің зәресін ұшырататын үрейлі хабар «суық» балау сөзі арқылы эпитеттік қолданыста берілген.

Бұл мысалдар т.ғ.д., профессор Қырықбай Аллабергеннің шежіреші Төлепберген Алдабергенұлының аузынан жазып алынып, хатқа түсірген шығармасынан алынды.

Осы орайда көбінесе ақыл айтуға құрылған өлеңдерінің өзінде ақын үнемі жалаң үгітпен шектелмей, ұтымды бейне, ұтықты сөз үлгілерін де кірістіре білген:

Үлгі үйрен жолдас болып нұсқалыға,  
Көзің сал сөзді сөзге қосқанына.  
Наданның өз басына қылған ісін,  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына  
Қарайла, шамаң келсе, жолдасыңа,  
Жолдасың еріп жүрсе өз қасына.  
Абыройым төгілмесін деп ойласаң,  
Ұяттан қол шатыр қып ал басыңа

. Бір сөзді шығарады бір сөз түртіп,  
Ағыздым алтын қылып мен мысты ерітіп  
. Өз пердем жыртылмасын деп ойласаң,  
Әрқайда сөз сөйлеме перде жыртып.  
Шайтанның шамаң келсе сындыр белін,  
Ол иттің керек қылма жауын, елін.  
Бір іске өкінбейін деп ойласаң,  
Нәпсінің достық айтқан алма тілін.  
Өнерге өзінді-өзің ерте баулы,  
Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы.  
Қауіп, қатерсіз, қайғысыз болам десең,  
Араз боп еш адаммен болма даулы.  
Қалмасын жерде десең айтқан сөзің,  
Өзіңнің өз бойыңда болсын көзің.  
Сөзіммен халқым амал қылсын десең,  
Амал қыл өз сөзіңмен әуел өзің.

Нұсқалыға жолдас бол деген ұтықты тіркес, тың сөз қолданысы – өзгелерге сөзі мен ісі үлгі бола алатын ақылды адамға жолдас болуды мегзесе, оның сөзді сөзге қосқанына көзіңді сал деп отырғаны – нұсқалының айтқан сөздеріне назар салып, құлақ түр. Саған өмірлік сабақ боларлық өсиеттерді құлағыңа құйып жүр, адам болуыңа сол септеседі дегені.

«Наданның өз басына қылған ісін,  
Қылмайды ақылды адам дұшпанына»

ФИБА-ның алғашқы құрамына 8 мемлекет енді. Атап айтса, Аргентина, Грекия, Италия, Латвия, Португалия, Румыния, Швеция, Чехословакия. 1935 жылы халықаралық Олимпиадалық комитет баскетболды олимпиада ойындары қатарына қосу жөнінде шешім шығарды. 1936 жылы Берлинде өткен олимпиада ойындары аясында баскетболдың бағдарламасы дайындалды. Онда аталмыш ойын түрін ойлап тапқан азамат Д. Нейсм доданың құрметті қонағы болды. Теннис алаңында өткен матчқа 21 ел қатысты. Олимпиада өтіп жатқан кезде ФИБА-ның алғашқы конгресі өтті. Онда халықаралық ойынның ортақ ережелері айқындалды.

Ресейде баскетбол 1906 жылы қалыптасты. Сол жылдары Петербор қаласында "Маяк" қауымдастығы жұмыс істеген. Қауымдастықтың гимнаст шеберлері алғаш рет баскетбол командасын құрып, кейіннен "Богатырь" қоғамына айналған. Алайда, 1917 жылы орнаған Қазан төңкерісіне дейін баскетбол ойыны тек сол кездегі Ресей астанасы – Петерборда ғана танылған. Ал, 20 жылдары бұл ойын қарқынды дамыды. Бастапқыда әскери мектептерде жаттықтырылған еді. Көп ұзамай Мәскеу институты баскетболды денешынықтыру факультетінің бағдарламасына енгізілді. Бұл оқу ошағының түлектері кәсіби баскетболшы атанды. Ресей құрамасы алғаш рет 1923 жылы Бүкілодақтық денешынықтыру мерекесіне орай кездесу өткізді. Сәл осы кезде КСРО құрыла бастаған еді.

КСРО-ның екінші біріншілігі 1924 жылы өткізілді. Ал, 1934 жылдан бастап КСРО-да баскетбол спартакиадасы өткізіліп тұрады.

Әлем бойынша АҚШ-тың спортшылары мықты баскетболшылар деп саналады. Олар 1936 жылдан бері өткізіліп келе жатқан барлық олимпиада ойындарында жеңімпаз атанған. Ал, соңғы жылдары ұтылыс тапқан тұстары саусақпен санаралықтай. Мәселен, 1987, 1988, 1990 және 1991, 1992 жылдары америка ойыншылары сәтсіз ойын көрсетіп, ұтылыс тапқан [4].

1992 жылы олимпиада ойындарына тек білікті спортшылардан жасақталған ұлттық баскетбол қауымдастығы шеңберінде алғаш рет ұжымдық құрама құрылды. Бұл Америкада «Dream Team», «ұжымдық арман» деп аталған. Оның құрамында Барселон ойындарында 40 ұпайдан жинап, жеңімпаз атанған Майкл Джордан, Мэдрик Джонсон, Чарльз Баркли және Ларри Берд алынды. Олар 1994 жылы әлем чемпионатында, 1996 жылы Атланта олимпиадасында тұғырдан көрінді.

Ал, АҚШ-тың әйелдерден құралған баскетбол командасы 1992 жылғы сәтсіздіктен кейін, олимпиадалық чемпион атағын 1996 жылы қайтарып алды.

Баскетболдың жас шебері күнделікті киімге де мән беруі керек. Жеңіл, ыңғайлы әрі жылы спорт киімдері адамды сымбатты әрі әдемі етіп керсетеді. Баскетболшыларды дайындаудың қазіргі жүйесі спортшыдан жан-жақты шыныққан, жұмыс қабілеті жоғары, денсаулығы мықты жас баскетболшыларды талап етеді. Ал оларға сабақ беруге жоғары білімді, маман жаттықтырушылар қажет. Дене тәрбиесі мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарында мамандықтан, спорт шеберлігін жетілдірудің, кәсіптік-педагогикалық тәжірибе бойынша арнайы сабақ көлемдері берілетіндігі айтылған.

Болашақ жаттықтырушы баскетболшыларды дайындауды басқара білуі қажет. Олар оқушылардың мінезін анықтап, оған белгілі баға беруге үйренеді және оны жетілдіру жолдарын іздейді.

Спорт киімдерін сатуға арналған сөмкені қажеттерге, мысалы азық-түлік тасуға, моншаға, бассейнге баруға пайдалануға болмайды.

Баскетболшы – әрқашанда мәдениетті адам. Қандай спорт түрі болса да, жан-жақты дайындықсыз спортшы биік көрсеткіштерге жете алмайды. Тән жұмыс істеуге неғұрлым қабілетті болса, ол соғұрлым жаттығу кезіндегі жұмысқа шыдамды, төзімді келеді. Әсіресе күш пен төзім, шыдам мен жігер қатар сыналатын баскетболда осындай дайындықсыз төзімдер және әдістерді шеберлікпен көрсету мүмкін емес [5].

Әрбір жаттықтырушы өзінің шәкіртінің әзірлігінің жан-жақты болғандығын, жаттығу кезеңінің барлық жолында оған ерекше көңіл бөлуін қамтамасыз етуге міндетті. Спортшының шеберлік деңгейі өскен сайын оның жан-жақты әзірлігі де ерекшеленуге тиіс.

Баскетболшылардың бойындағы күш, шыдамдылық, шапшаңдылық, ептілік сияқты тағы да басқа толып жатқан қасиеттері ерекше орын алатындығы көрсетілді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Линденберг Ф. Баскетбол: игра и обучение. - М.: Физкультура и спорт, 1998.
2. Бондарь А.Н. Учись играть в баскетбол. - Минск, 1986

3. Гомельский А.Я. Баскетбол: секреты мастерства: 1000 баскетбольных упражнений. - М., 1997
4. Грасис А.М. Методика подготовки баскетболистов разрядников. - М.: Физкультура и спорт, 1998.
5. Грасис А.М. Специальные упражнения баскетболистов. - М.: Физкультура и спорт, 1997.



## СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Талдыбек С.Е. – оқытушы,  
«Ж.А. Тәшенев атындағы университет» АҚ, Шымкент қаласы  
Sunkar\_07@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада спорт мектептеріндегі жұмыстың ұйымдастырушылық-әдістемелік ерекшеліктері

**Кілт сөздер:** мектептегі спорттық сабақтар мектеп қызметкерлерін бастауыш оқыту секциялары мен топтарында өткізіледі.

**Аннотация.** Организационно-методические особенности работы в спортивных школах

**Ключевые слова:** Спортивные занятия в школе проводятся в секциях и группах начального обучения персонала школы

**Abstract.** Organizational and methodological features of work in sports schools

**Keywords:** sports activities in the school are held in sections and groups of primary education of school personnel.

Балалармен жұмыс істеудің ұйымдастырылған түрлері. Ғылымға сүйенсек, 7-8 жастан бастап-ақ баскетболмен шұғылдануға болады. Бірінші топқа жалпы білім беретін мектептер, кәсіптік мектептер, техникумдар мен ЖОО жатады, онда спорттың бұл түрі дене тәрбиесі бағдарламасына ендірілген.

Мектептегі спорт жұмыстары мектеп ұжымының секциялары мен алғашқы дайындық топтарында жүргізіледі. Олардың міндеттеріне балаларды сабаққа жүйелі тартумен қатар оларға ойынның алғашқы дағдыларын меңгертуде және дарынды балаларды БЖСМ-де шұғылдануға таңдау кіреді.

Балалар мен жасөспірімдер тобымен жұмыс жасау ерекшеліктері.

Жас баскетболшыларды дайындауда өскелең ағзаның физиологиялық ерекшеліктері мен дайындық міндеттерін осы ерекшеліктерге сәйкестендіруге негізделеді.

Негізгі дағды мен білікті қалыптастырумен сәйкестендіріп, дене және қызметтік дайындықтың дұрыс әрі дер кезінде негізін қалау жоғары спорт нәтижелеріне жеткізетін жұмыстарды жүргізуге көмектеседі.

Мына жағдайларды ескеру қажет:

1) Жасына қарай бала ағзасы өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер сан жағынан да (салмағы, бойы) сапа жағынан да әсер етеді. Сондықтан балаларға үлкендерге қоятындай емес, талаптардың көлемін азайтып, оларды баланың жасына лайықтап беру қажет.

2) Бала ағзасының дамуы үздіксіз әрі әрқалыпта жүреді. Белгілі бір кезеңдерде түбегейлі өзгерістер болады (өсу екпіні мен процестеріне қарай бойдың, бұлшықет салмағының өсуі, мүшелер мен жүйелердің дамуы түрлі жас кезеңдерінде әртүрлі). Мысалы, жыныстық жетілу кезеңі ұлдарға қарағанда қыздарда ерте болады; 11-13 жаста қыздар бой мен салмақ жағынан ұлдардан озып кетеді; ұлдарда бұлшықет күші 13-14 жаста, қыздарда 11-12 жаста қарқынды дамиды.

3) Балалардың дене сапаларының даму қарқыны мен басқа да қабілеттері белгілі бір кезеңдерге сәйкес келеді. Нәтижесінде белгілі бір дене сапалары мен басқа да қасиеттерін дамыту үшін қолайлы алғы шарт жасауға болады. Жауап беру шапшаңдығы, мысалы, 15-жасқа дейін дамиды, жоғары жылдамдықты арттыру 13-14 жаста барынша қарқынды жүргізіледі. Биікке секіруден жоғары нәтижелерге өсу ұлдарда 9-13 жаста байқалып, сосын бұл тұрақталады, ал бұл 15 жастан соң уақытша төмендейді.

4) Қимылдың әрбір түрінде ұлдар мен қыздардың жас ерекшелігі топтарына қарай көрсеткіші де әртүрлі. Сондықтан жас ерекшелігі дамуына қарай құрылған алғы шарттарды ескеру қажет.

5) Әрбір ағза жеке дамитынын есте ұстаған жөн. Күнтізбелік, құжаттың жасымен қатар, дене дамуы деңгейін, қимыл мүмкіндіктерін, жыныстық жетілу деңгейін, т.б. сипаттайтын биологиялық жасын да ескеру қажеттігі ұсынылады. Күнтізбелік жасы биологиялық жасымен сәйкес келмеуі мүмкін.

Балалардың, жасөспірімдер мен жігіттердің жас-жыныстық жалпы сипаттамасы.

Жас-жыныстық ерекшеліктері есебі жұмыс әдістері мен құралдарын таңдауға мүмкіндік береді. Дайындықты қалыптастырудың барлығы табиғи жасының дамуынан туындаған алғы шарттарды қате пайдалану тәрізді денсаулық жағдайын бұзып қана қоймай, жасы толған кезде жоғары нәтижеге жету үшін болатын мүмкіндіктерді төмендетеді.

Адамның туылған сәтінен бастап, оның биологиялық толысуына дейін 20-24 жыл өтеді, оның барысында күрделі морфологиялық және психологиялық даму жүреді. Сипаттық ерекшеліктері белгілі бір мөлшерде түрлі жас ерекшеліктерімен баскетбол бойынша жұмыс әдістемесін анықтайды.

Дене сапасын тәрбиелеуге арналған биологиялық алғы-шарттар бір мезгілде құрылмайды. Қайсы бір сапаның педагогикалық ықпал арқылы жедел даму кезеңдерінде оларды арттыру қарқынына жетуге болады. Жаттықтыру ықпалы құралдарын қате таңдау кері нәтиже беруі мүмкін. Мұнда пубертаттық кезең ерекшеліктерін ескерген жөн. Бұл уақытта бүкіл ағза жүйелері қарқынды дамып, қайта құрылады. Бұл сыртқы көрінісінде ең алдымен бой өсуінен байқалады, ол дәлдікті уақытша нашарлатады. Бойы ұзын жасөспірімдер өз қатарларынан қызметтік қабілетімен ерекшеленбейді. Керісінше, кейде оларда жүрек-тамыр жүйесінің көрсеткіштері мөлшерінен ауытқуы жиі байқалады. Жыныстық жетілу кезеңіндегі барлық дене сапаларының даму қарқыны ерекше, ал жаттықтыру әсерінен, мысалы, күш пен төзімділік көрсеткіштері 2-2,5 есеге артады.

Сондықтан да БЖСМ баскетболшысының дайындығы осы бағдарламада келтірілген мөлшерлік талаптарға сәйкес жүргізілуі өте маңызды.

Алғашқы дайындық.

Бұл топтардағы жұмыстың негізгі принциптері - оқушыларды жан-жақты дайындау. Осыдан келіп, алғашқы дайындық топтарының бірінші және екінші жылғы сабақтарында мына міндеттер атқарылуы тиіс:

1. Денсаулықты нығайту дене дамуына, жан-жақты дене дайындығына «Сөреге дайын бол», «Барлығы сөреде»-I және II дәрежелі БГТО кешенінің мөлшерін тапсыруға жәрдемдейді;

2. Ойын дағдыларын табысты меңгеру үшін қажетті арнайы сапаларды тәрбиелеу (қимыл дәлдігі, шапшаңдық, иілгіштік, ептілік, өзгермелі жағдайды бағдарлау қабілеті, жылдамдық-күш сапасы);

3. Тірек-қимыл жүйесін нығайту;

4. Ауысу мен тұрыстық, допты қағып алу, беру, жүргізу, шығыршыққа салу әдістерінің негіздеріне оқыту;

5. Қорғаныс пен шабуылдағы тәсілдік қимылдарға бастапқы оқыту.

6. Дайындық түрлері бойынша мөлшерлік талаптарды орындау;

7. Баскетбол ережелері мен баскетболға қатысуға тұрақты қызығушылығына сай жарыс іс-әрекетінің дағдыларын сіңіру;

8. Баскетболмен шұғылдануға қабілетті балаларды алғашқы іріктеу.

Осы міндеттерге сәйкес жоспарлау құжаттарын жасауда оқу мерзімін бөлу жүргізіледі.

Алғашқы дайындық бағдарламасының негізгі бағыты – оқушылар. Ол жас спортшыларды кең тараған тәсілдік-әдістік құралдарға табысты оқыту арнайы дене дайындығының жоғарғы деңгейіне жету үшін алғы шарттар негізделген. Баскетболдан

спорт мектептері жұмыстарының негізгі көрсеткіштері – әр жылдың соңында оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын бағдарламалық талаптарды орындау.

Бірінші жылдағы дене дайындығы баланы жан-жақты дамытуға негізделген, ол бұдан кейінгі жұмыстарда сабаққа тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға көмектесетін, қажетті ойын дағдылары мен өнерін меңгеруге жол ашады.

Бұл кезеңде жүргізілген жұмыстар сауықтыру бағытында жүргізіліп, сымбатты қалыптастыруға, сезіле мүшелері мен ағзаның буын жүйелерінің қызметін жетілдіруге жәрдемдесуі тиіс.

Дайындық құралдарын таңдағанда ең бастысы оның ағзаға жан-жақты әсерлілігі болуы тиіс. Таңдаған құралды кең өзгертіп қолдану қажет. Акробатикалық және гимнастикалық жаттығуларға, жеңіл атлетикаға, түрлі ойындарға көп көңіл аудару керек. Сабақта доппен ойналатын жаттығуларға ерекше орын бөлінеді. Олардың міндеті – тек денені дамыту емес, сондай-ақ допты игере білу, өзінің доппен әрекетін уақытпен және кеңістікпен сәйкестендіре білу. Баскетболшының дайындығының өсу мөлшеріне қарай бұл қабілет үлкен маңызға ие болады.

Балаларды әдістік дайындаудың негізгі міндеттері негізгі әдістік амалдарды меңгеру болып табылады: ауысу, тоқтату, бұрылу, допты қағып алу, беру, салу, жүргізу. Оларды оқыту орындаудың негізгі әдістерін меңгеру негізінде жүргізіледі. Бұның негізінде оқушылар болашақта әдістік амалдардың барлығын меңгере алатын база құрылады.

Әдістік дайындық негізінде – өтілген әдістерді ауысудың түрлі әдістерімен және бір-бірімен үйлестіре орындау қабілетін тәрбиелеу (бүгіру, бірізді кадамалау, секіру, т.б.). Бұл үйлесімдер бір мезгілде бірізді әдістердің көп санын қарастырмауы тиіс.

Тәсілдік дайындықтың негізгі міндеттері – үйренген әдістік амалдармен байланысты жеке іс-әрекетті мектептегі тәсілдік ойлау мен тәсілдік қимыл негізінде құрылатын қабілеттерді қалыптастыру мен дамыту.

Мұнда зейінді, жағдайды көзбен есте сақтау; уақыт пен кеңістікті бағдарлауды дамыту қажет.

Тек арнайы жаттығуларды емес, қозғалыс ойындарын да кең қолданады. Жаттығуларда лайық дайындықтан соң ойын әдісін пайдалану қажет.

Бұл сатыдағы ойын дайындығының міндеті – жас баскетболшылардың дене, әдістік, тәсілдік дайындықтарына едәуір ықпал ету. Негізгі құралдары сәйкес әдісті пайдаланумен жалпы дайындық жаттығулары мен ережелері жеңілдетілген ойындар, сонымен қатар мини-баскетбол болып табылады.

Алғашқы дайындық топтарындағы оқытудың екінші жылы біріншісінің қисынды жалғасы болып табылады. Онда да дене және әдістік дайындыққа баса назар аударылады: белгілі спортшыларды іріктеу жүргізіледі. Алайда екінші жылы дене дайындығына берілетін уақыт азайтылып, тәсілдік және ойын дайындығына бөлінетін сағат саны көбейеді.

Үйренген тәсілдік іс-әрекеттермен әдісік дағды қоры едәуір артады. Ойын саны көбейеді.

Оқу-жаттықтыру топтарындағы дайындық.

Оқу-жаттықтыру топтарындағы жұмыстың негізгі принциптері – дайындықтың ойын ерекшелігінің сипаттарына сәйкес жан-жақтылығы (қызметі бойынша).

Бұл кезеңдегі дайындық міндеттері:

1. Оқушылардың денсаулығын нығайту мен ағзасын шынықтыру, жалпы дене дайындығының деңгейін арттыру, «батылдар мен ептілер» және «спорттық ауысым» - III және IV дәрежелі БГТО мөлшерін тапсыру.

2. Әдіс пен тәсілді жетілдіруге қажетті арнайы қабілетті дамыту.

3. Әдіс пен тәсілдің негіздерін жақсы меңгеру.

4. Әрбір оқушының командадағы ойын қызметін анықтау, осы арқылы дайындықты тұлғаландыру.

5. Жаттықтыру сабақтарын жарыс тәртібіне жақындату командалық қимыл тәсілдерінің негіздерін меңгеру және жарыс әрекетінің дағдыларын тәрбиелеу (баскетболдан)ү

6. Күнделік жүргізу, ойынды жазып жүру жүйесіне алынған мәліметтерді талдау дағдыларына баулу.

7. Баскетболдан жарыс ұйымдастыру мен өткізу дағдыларын игеру.

8. Дайындық түрлері бойынша мөлшерлік талаптар мен спорт дәрежесінің мөлшерлемесін орындау.

Жалпы дене дайындығының көлемін азайту нәтижесінде оқу-жаттықтыру топтарында тәсілдік және ойын дайындығының көлемі артады. Сол арқылы бұл жастағы дайындықтың негізгі міндеті балаларды спорт қимылдарына баулу болып табылады. Бұл саты болашақ баскетбол шеберін дайындау тұрғысынан алып қарағанда ең маңыздысы болып табылады, сондықтан жас-жыныс дамуымен туындайтын алғышарттар қимыл дағдысы мен өнерін қалыптастыру, жеке қабілеттерімен бейімділігін анықтауда кең мүмкіндіктер береді.

Бұл кезеңдегі дене дайындығы 10-11 жастағы балаларды дайындаудан көп ерекшеленбейді. Оқытушы алдында ұқсас міндеттер қойылады, бірақ мүмкіндіктері кең, яғни бұл жастағы балалардың орталық жүйке жүйесінің жоғарғы бөліктері белсенді жұмыс істейді, ол күрделі жаттығуларды үлкен көлемде және үлкен қарқынмен қолданумен жан-жақты жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін көптеген жүйке байланыстарының түзілуіне көмектеседі.

Негізінен арнайы дене сапаларын қалыптастыруға көңіл аударылады. Бұл жаста шапшаңдық пен жылдамдық күш сапаларын дамытуға арналған алғышарттар қолайлы.

Жасөспірімдерге күш жаттығуларын жүктегенде абай болу керек. Балалармен жұмыс істегенде «Бас тартқанға дейін» әдісті жүстемесі қолданылмайды. Қайталау әдістерін қолданған дұрыс. Жүктеме қуатын жартысына дейін азайтқанда оның ағзаға әсері тиімді болып, жасөспірімдердің жұмыс қабілеті ересектердің көрсеткішіне жақындайды.

Әсіресе бұл жастағы қыздардың дене дайындығы әдісіне басты көңіл аудару керек. Ағзадағы нейтроэндокриндік қатынастардың биологиялық қайта құрылуы негізгі дене сапаларының өсу қарқынына ықпал етеді.

Бұл жастағы қыздарға жаттықтыру барысын қарқынды ету дұрыс емес екені белгілі. Дене дайындығын ойын қимылдарының ерекшелігіне сәйкес жүргізу қажет. Оның жылдық айналымдағы көлемі 30% -дан кем емес, мұнда лайық ықпалдар әдісі қолданылады.

Орталық жүйке жүйесі процесінің белсендірілуі, көптеген жүйке талшықтарының түзілуі, сондай-ақ бұл жастағы тежеуіне реакциялардың біршама тұрақтылығы күрделі әдіс амалдары мен олардың үйлесімдерін көптеп үйренуге мүмкіндік береді. Сәйкес жағдайда белсенді қарсы қимылдағы әдістер үшін алғы шарттар пайда болады.

Әдіспен жұмыс жасағанда қимыл дәл әрі әсерлі болғанына мұқият назар салып, күрделі ойын жағдайларында оны пайдалануға көңіл аудару қажет. Дәлелдеуді дамытуда ерекше бақылауға алу керек, себебі бұдан кейін түрден табысқа жету қиынырақ болады.

Жылдамдық әдісімен жұмыс істеуге назар аудару керек. Салу тәрізді әдістерде тез дәлдеу дайындыққа кеткен уақытты қысқарту мен жұмысшы кезеңін тұрақтандыру көмегімен болады.

Тәсілдік дайындық міндеттері:

- үйренген әдіс амалдарына негізделген жеке тәсіл қорын кеңейту;
- екі және үш адамдық, командалық өзара әрекет дағдысын тәрбиелеу;
- ойын қызметінің ерекшелігіне үйрену, талдауға деген қабілеттілігін дамыту бұл жұмысты табысты жүргізуге мүмкіндік береді.

Оқушыларда дербес тәсілдік ойлау дағдысын қалыптастыру арнайы тәсілдік өзара әрекетті меңгеру барысында атқарылады, бірақ оларды үйрену жұмысы өзіндік мақсатта болуы тиіс. Бұл айла-шарғылар нақты жағдайларда табысты қимылдауға көмектесетін

негізгі мүмкіндік береді. Бұл айла-шарғылар негізінде шығармашылық ойлауды тәрбиелеу қажет.

Командалық қимыл дағдыларын меңгеру команданы ойнатуға көмектесуі тиіс. Алайда бұл сатыда ойын қызметін дәл бекітуге тырыспау керек. Тәсілдік дайындық міндеттері тәсілдік «көпсайысқа» ұқсауы тиіс: ойыншы қажет болған жағдайда команданың кез-келген ойыншысының міндетін орындауы тиіс. Бұл әрқайсысының шығармашылық қабілетін анықтауға септігін тигізеді.

Оқу-жаттықтыру топтарындағы ойын дайындығы мақсатты бағытты сипатта болады. Бұл сатыда ойын дайындығының барлық құралдарын пайдаланады. Жоғары дене жүктемесі жағдайында бағдар алу мен әдіс табуды игеруге өзара түсінікке үйренуге бағытталған, нақты бағдарлы жаттығуларға ерекше көңіл аударылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. «Қазақстан Республикасында 1996-2000 жылдар аралығында бұқаралық спортты дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы» //1996ж. 19 желтоқсан №327б.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдаған жолдауы// Алматы, 1998ж. 240б.
3. Қазақстан Республикасының Дене мәдениеті және спорт туралы Заңы. 1999 ж. 2 желтоқсан №490-13 ҚР // 2000ж, №1 4-11 қаңтар.
4. Адамбеков Қ.І. «Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі» п.ғ.к. дисс. Алматы, -1995ж. 38б.
5. Мұхамеджанов Б.К. «Дене мәдениеті мамандығына кіріспе» (оқу құралы), Кентау, 2007ж., 24-29 бб.
6. Бальсевич В.К., Запарожнов В.А. «Адамның дене белсенділігі» (денсаулық), Киев, 1987ж., 23б.
7. Оңалбек Ж.К. Спорттың ұлтаралық қатынасты дамытудың рөлі. – Түркістан, 2002. – 137 б.
8. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.

## ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Т.Ж. Әжібеков** – оқытушы,  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, Шымкент қаласы.  
talgat.19.08.1973@mail.ru

**Н.С. Сапарбеков** – аға оқытушы,  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, Шымкент қаласы.  
Nurmuhhan-92kz@mail.ru

**Аңдатпа.** Мақалада қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында орын алатын, елдің егемендігіне ие болған және қазіргі кезеңдегі дағдарыстан шығатын қуатты тапсырыстарға жол ашқан демократияландыру мектебі ұсынылған. Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Білім туралы" Заң – осының кепілі. Бастауыш мектептің маңызы мен қызметі оның үздіксіз білім беру жүйесіндегі басқа буындармен байланысты болуымен ғана емес, ең алдымен оқушының жеке басының ядросының қалыптасуы мен дамуы күшті болатын ерекше құнды, ерекше буын болуымен ерекшеленеді.

**Кілт сөздер:** мақалада бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолданудың психологиялық-педагогикалық негіздері туралы айтылады

**Аннотация.** Статъя представлены школа демократизации, которая происходит во всех сферах общественной жизни, в том числе и в сфере образования, получила суверенитет страны и открыла путь к мощным заказам, которые выводят из кризиса на современном этапе. Конституция Республики Казахстан, Закон «Об образовании» - залог этого. Значение и деятельность начальной школы отличаются не только тем, что она связана с другими звеньями в системе непрерывного образования, но, прежде всего, с тем, что она представляет собой особо ценное, неповторимое звено, в котором мощно происходит формирование и развитие ядра личности ученика.

**Ключевые слова:** В статье речь идет о психолого-педагогические основах применения национальных игр в физическом воспитании учащихся начальных классов

**Abstract.** The school of democratization, which is taking place in all spheres of public life, including in the field of education, has gained the sovereignty of the country and opened the way to powerful orders that lead out of the crisis at the present stage. The Constitution of the Republic of Kazakhstan, the Law "On Education" is the key to this. The significance and activity of the primary school differ not only in that it is connected with other links in the system of continuing education, but, above all, with the fact that it is a particularly valuable, unique link in which the formation and development of the core of the student's personality takes place powerfully.

**Keywords:** the article deals with the psychological and pedagogical foundations of the use of national games is the physical education of primary school students.

Бастауыш сатыдағы білім берудің мақсаты оқу – әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекетестіру, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау. Бүгінгі күні дидактика саласындағы өзекті мәселелердің бірі білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр.

Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен-өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық меңгергенінше жалғасады және ойынды оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады. Ойыншының әлеуметтік бейнесін зерттеуші белгілі психолог Д.Б.Элькониннің сөзімен айтсақ, «Ойын – ол адамдардың арасындағы әлеуметтік арақатынасындағы практикалық білімдері және қызметі» [1]. Ойын оқыту үдерісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория бола алады. Ойын теориясы мен практикасын отандық және шетелдік педагогтар, психологтар, социологтар

зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейдингтің «Ойыншы психологиясы» [2], Э.Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» [3] атты еңбектері жазылады.

Балдырған отбасы тәрбиесі арқылы және өзін қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді. Ал адамға ана тілінен ардақты не бар? Ол туралы әйгілі педагог К.Д.Ушинский [4] былай деп өте тамаша жазған: «...Ана тілі – ақыл-ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы: одан барлық түсінік басталып, сол арқылы өтіп және оралып отырады. Ана тілі идеялар мен білімдерді ұғынудың және оны талдаудың бірден-бір құралы. Егер оқушы бұл құралды нашар меңгерсе, онда оның оқуына да үлкен қиыншылық туатыны сөзсіз». Сондықтан да мектеп табалдырығын алғаш аттаған балаларға ана тілін оқыпудың тиімді әдістеріне ерекше мән берілуі тиіс деп білеміз. Ана тілі сабақтарында ойынды ұтымды пайдалану сондай әдістерге жатады. Сол арқылы оқу үдерісін жандандырып, сабақтың сапасын арттыруға толық мүмкіншілік бар. Баланың сөздік қорын молайтып, сөзді еркін, өз мағынасында қолдануға, тез, жылдам сөйлеуге жаттықтыруға ойын – бірден-бір таптырмайтын құрал. «Бала сөзбен де ойнайды. Осы сөзбен ойнағанда, өз ана тілінің нәзік қасиеттерін үйренеді, тілдің саздылығын ұғынады» – деген М.Горькийдің бейнелі сөзіне өз тәжірибемізде көзіміз жетті.

Біз тек спортта ғана өзіміздің қозғалу мүмкіндіктеріміздің шегінің кеңейе түскенін көреміз. Спорт – болашақ адамның үнемі жетілдіріп отырған моделі, сондықтан да спорттық қызмет адам психикасының барлық қызметін үйрену алаңы болып табылады. Баланың ынтасын тарту үшін оқытылатын кез-келген пәннің әрбір сабағы өзінің тартымдылығымен, қызықтығымен бір жаңалығымен ғана өзіне тартады – деп Ж.Аймауытов айтқанды [5].

А.С.Макаренко «Үлкендерге еңбек қандай қажет болса, ойын балаларға сондай қажет», -деп жазған болатын [6].

Н.К.Крупская: «Бала жас болғандықтан ғана ойнамайды, балалықтың өзі оған ойнау үшін, жаттығу арқылы өмірде қажетті дағдыларды игеру үшін берілген», – дейді [7]. Шынында да спорт ойындары балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызды орын алады. Алайда жақсы, дұрыс ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Спорттық жарыстар-тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен серігудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп, жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсатары болуы керек.

Спорттық ойындар – халықтың баланы әдептілікке баулитын тәбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін, мазмұнын түсініп, қызыға, әдеппен, дәріппен ойнау қажет. Халық жасаған мұралар сан алуан.

Солардың бірі – ұлттық ойындар. Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтіретін тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды. Ойын баланың көңілін өсіріп, ой-өрісін сергітіп қана қоймай, оның таным-түсінігін де арттырады. Ойын білген бала сол халықтың мінез-кұлқынан, ой-санасынан, тұрмыс-салтынан хабар алады. Мұғалім оқушының мектепке бейімделуін оның ата-анасымен бірлесе отырып жүргізеді, оқушыны мектепке қызықтырып, бейімдеудің басты құралдарының бірі – ойын болып саналады. Ойын - бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы бала білімді, қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиясын жетілдіріп, мінез-кұлқын, ерік-жігерін дамытады, дүниетанымы кеңейіп, мектептегі оқу үдерісіне қызығушылықпен қарай бастайды. Ойындарды дұрыс таңдай білуі ұстаздық біліктілік пен шеберлікті қажет етеді. Ойын үстінде оқушылар өзінің бойындағы жасқану, ұялу сезімдерін жойып, сыныптағы ортақ әрекетке ден қойып, оқу үдерісін өз құрбыларымен жарыса талдап, меңгереді. Ойын сабағының қабылдануы тез, есте сақталуы ұзақ. Мұғалім міндеті – ойын барысында балалар арасында адамгершілік қарым-қатынасарды талдап, зерттеу, оны тиімді әдістермен басқару, балалардың достығын қолдау. Дидактикалық материалдағы ойындар бастауыш сынып оқушыларының меңгеруіне қиындық келтірген жағдайда

мұғалім өз шығармашылығын пайдаланып, әр алуан ойындарды құрастырады. Оқытып, тәрбиелеудегі негізгі мақсат, балаларды мектептегі оқуға, ұйымшылдыққа, еңбек ете білуге даярлау, олардың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, мәні бар ойындар оқушылардың ойлау белсенділігін қажет етеді. Әр сабақта ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы жас бүлдіршіндердің білімге ынта-ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға болады, Ойын-балалары сабақта зерігіп, шаршаған кездерде сергіту мақсатында ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді берік меңгеру мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы ол өздігінен жұмыс істеуге, ойлау қабілеті дамып, өздігінен қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады [8]. Жас сәбидің өмірі қоршаған ортаны танып, еңбекке қатысы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын барысында балалар өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті байқалады (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Спорттық ойындар екі түрлі бағытта әсер етеді: қазіргі және болашақта. Бір жағынан, бала бірден осы мезетте қуанышқа бөленеді, екінші жағынан, ойын әрқашан болашаққа бағытталған, өйткені онда ойын барысында келешек өміріне ықпал ететін сапалық қасиеттері мен дағдылары, икемділігі қалыптасады.

Демек, жоғарыдағы пікірлерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларының оқуға, білімге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, сабақ барысында алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын түрлерін қолданудың орны бөлек. Ойын – балалардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Бала ойынсыз өсіп, өркендей алмайды. Бұл өмірдің заңдылығы. Үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында сыныптағы оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауыңқырап отырады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыласпен орындайды. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерімен қатар білімге, өмірге құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өздері де ойын түрлері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Демек, ойын шындығында, ол сабақтың, еңбектің жиынтығы. Ойын-айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ойын - бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Баланың алғашқы ойындарының өзі белгілі бір дәрежеде табиғатпен байланысып та жатады. Себебі оларды су, құм, тас, жануарлар, өсімдіктер қызықтырады.

Баланың қиялы, әсіресе, ойын ойнағанда жарыққа шығады. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала жанына әсер ететін нәрселерді пайдаланады. Бала ойынмен өседі. Халқымыз бала мінез-құлқының қалыптасуында ойын әрекеті де елеулі мән атқаратынын жақсы аңғарған. Ойында балалардың отанмен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өседі, мінез-құлқы қалыпқа түседі. Бала ойынының түрі де, мазмұны да сан алуан.

Ойын – балалық шақтың басты ерекшелігі. Мысалы, «Базар – қаланың ажары, ойын – баланың базары», «Бала ойынмен өседі, дана оймен өседі», «Ойнай білмеген ойлай да білмейді» деген мақал-мәтелдерде балалардың ойынға аса құмар келетіні, ойын арқылы балалардың сана-сезімі, кәсіп таңдауы, ақыл-ойы жетілетіні көрсетілген. Ойын – олардың дүниені, шындықты тану жолдарының бірі. Ойын дегеніміз ешқашан да мәжбүр етуге, міндеттілікке негізделмейтін қызмет түрі. Бала өзін ойын үстінде жайшылықтағыдан жоғары сезіне алатындықтан, А.С.Макаренко оған аса үлкен тәрбиелік маңызы бар қызмет түрі ретінде қарады. Ойнамайтын ұжым ешқашан да шын мәніндегі балалар ұжымы бола алмайды дейді. Ойын үстінде балалар алдын ала келісіп алған белгілі бір ережелерді қатаң сақтауға тиіс.



Халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдеп-дағдыларын жас ұрпақтың бойына сіңіру, ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу өмір қажеттілігінен туындап отыр. Өйткені баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, елін, жерін, тілін сүйе білуге, отаншылдыққа, адамгершілікке, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы – ойын. Оның тәрбие, білім берудегі сиқырлы сырын терең меңгеру үшін ежелден бері өркен жайып, үздіксіз дамып келе жатқан ұлттық ойынды оқыту үдерісінде пайдаланудың тиімді жолдарын анықтау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Қорыта келгенде, ойын – оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырудың маңызды құралы. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бастауыш сынып оқушылары әлі ойын баласы. Сондықтан да бастауыш сынып оқушылары сабақ үстінде ойынды көп қажет етеді. Оларға пайдаланатын ойындар оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай күрделеніп отырады. Яғни алты жасар балалармен ойналатын ойынның мазмұны жеңіл болады, ал сыныбы жоғарылаған сайын, бірінші, екінші, үшінші, төртінші сыныптарда бұл ойынның мазмұны да күшейеді. Сондықтан ойынды балалардың жас ерекшелігіне және өтілетін сабақтардың тақырыбына, мазмұнына сай етіп тандап алған дұрыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника.- Москва, 1999
- 2 Хейдинг И. Ойыншы психологиясы. - Алматы, 2000
- 3 Берн Э. Адамдар ойнайтын ойындар. - Алматы, 2010
- 4 Ушинский К.Д. Родное слово. – Москва, 2011
- 5 Аймауытов Ж. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 269 б.
- 6 Макаренко А.С. Ұстаздық дастан. – Алматы: Мектеп, 1983. – 488 б.
- 7 Крупская Н.К. «Көркемдікке тәрбиелеудің міндеттері туралы» таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Алматы, 1973. – 735 б.
- 8 Абай. Шығармалары.– Алматы: Жазушы, 2004. – 340 б.

## ЖАСӨСПІРІМ БАЛУАНДАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

А.Р. Юсупов

Ж.А. Тәшенев университеті, Шымкент қ  
Ғылыми жетекші – ғ.м. А.Р. Юсупов

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Денсаулық сақтау педагогикасы және оны жүзеге асыру технологиясы мәселелері қарастырылады.

**Кілт сөздер:** ағзаның педагогикалық және физикалық жүйесі, денсаулықты сақтайтын педагогика, технологиялар.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы здоровьесберегающей педагогика и технологии её осуществления.

**Ключевые слова:** Педагогическая и физическая система организма, здоровьесберегающая педагогика, технологии.

**Abstract.** This article discusses the issues of health-promoting pedagogy and the technology of its implementation.

**Keywords:** The pedagogical and physical system of the body, the health-promoting pedagogy, technology.

Қазақ халқының ерте кезде қалыптасқан спорт ойындарының бірі – қазақ күрес. Қазақ күресі – жекпе-жектің қазақ ұлтына тән түрі.

Ұлдардың бала кезінен жақсы көріп шұғылданатын спорттық жаттығуларының бірі – күрес. Қазақ халқының ежелден келе жатқан бұл спорт түрімен шұғылдануға арнаулы спорт құралдары мен күрделі ережелер аса көп қажет емес. Күресуге өзара келіскен екі бала тұра қалып күш сынаса береді. Күрескенде ойланып қимыл жасайтын, айлакер, батыл, өз күшіне сенетін бала әрқашан жеңіске жетеді.

Қазақ күресі – халық арасына кең тараған ұлттық спорт түрлерінің бірі. Қазіргі кезде ол жаңа түр, жаңа мазмұнға ие болып, жастардың сүйіп шұғылданатын спортына айналды. Қазақ күрес "жүректілер мен күштілердің мұрат тұтқан ісі" деп аталып жүр. Шын мәнінде де солай. Ерте кездерде қазақтың той-томалағы күрессіз өтпеген. Тіпті қазірдің өзінде жеткіншектер мен жасөспірімдер арасында кең таралған күрес (грек-рим, еркін күрес, т. б.) түрлерімен тұрақты түрде айналыспаса да, белдеспейтіндері, өсіресе ауылдық жерлерде, кемде-кем.

Қазақ күресі – спорттың бір түрі. Қазақ күресте түрегеп тұрып, тез қимыл жасалады. Кейде самбо, еркін, грек-рим күрестің, Орта Азия мен Кавказ халықтарының ұлттық күрестерінің айла-тәсілдерін де қолдануға болады. Ережеге сәйкес белден төмен, аяқтан, саннан ұстауға болмайды. Әдіс қолданғанда бір қолмен бәсекелесін белдіктен немесе шекпен, шапан жағасынан, жеңінен-ұстап, шалып, үйіріп, сүріндіру, итеру, жамбастап кеудеден асыра лақтыру т. б. тәсілдерді қолдануға болады. Бұрын Қазақ күресінде салмақ категориясы болмаған. Қазақ күресі 1953-70 ж. төрт салмақ категориясы бойынша жүргізілді. Қазақ ССР Министрілігі Советі жанындағы физкультура және спорт жөніндегі комитет коллегиясының қаулысы бойынша, Қазақ күресте аса жеңіл (48-52 кг), жеңілдеу (52-57 кг), жартылай жеңіл (57-62 кг), жеңіл (62-70 кг), жартылай орта (70-78 кг), орта (78-87 кг), жартылай ауыр (87- 97 кг) және ауыр (97 кг-нан жоғары) деп бөлінген 8 салмақ категориясы белгіленді. 1973 ж. осы категория бойынша үздік балуандарға «Қазақ ССР-інің спорт шебері» атағы берілетін болды. Алғаш бұл атақты ауыр салмақты Манарбек Есімов (Талдықорған обл.), жартылай орта салмақты К. Рахимов (Алматы обл.) алды. Қазақ күрестен жыл сайын жас өспірімдер, жастар, ересектер арасында республика біріншіліктері өткізілумен қатар атақты балуан Қажымұқан Мұңайтпасов (1962 жылдан), Социалистік Еңбек Ері атағын 2 рет алған Жақаев Ыбырай (1968 жылдан) атындағы жүлделер сарапқа

салынады. Қазақ күрестің атақты балуандары Балуан Шолақ, Боранқұл (Семей), Тәжі Шәріпбай (Қызылорда) т. б. есімдері халық арасында кең тараған.

1938 жылы колхозшылардың арасында қазақ күресінен Республикалық Спартакиада тұңғыш рет өтті. Содан бері талай мұз еріді. Жылдар жылжыды. Ата спортымыз бірталай кезеңді басынан өткерді. Даму жолы даңғыл болды дей алмаспыз. Дегенмен бүгінде әлем чемпионатын өткізетін жағдайға жетіп отырмыз [4,80б.].

Қазақ күресі – тарихымыздағы ертегі-аңыздарда кездесетін эпикалық батырлардың тұлғасынан бастау алатыны белгілі. Сонымен қатар күш атасы Қажымұқан, Балуан шолақ, Боранқұл, Битабар, Молдабай, Байғабыл секілді жауырындары жерге тимеген апайтөс балуандардың жекпе-жектері арқылы төл күресіміз жалғауын үзбей замана спортының төрінен орын алды. Ата күресімізден бүгінгі күнге дейін 5 рет Азия, 1 рет Еуропа және 3 рет әлем біріншіліктері өткізілді. Елордамыз Астана қаласында қазақ күресінен III әлем біріншілігі болып өтті. Боз кілем үстінде әлемнің 39 елінен келген екі жүзге жуық палуан бақ сынады. Алты бірдей алтын медалді қазақстандықтар иеленсе, Моңғолия және Латвия палуандары бір-бір алтынды олжалады.

Сонымен қатар қазақ күресінен ересектер, жастар және жасөспірімдер арасында еліміздің ішкі біріншіліктері өтетін болса, күш атасы Қажымұқанға, ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы Бақытжан Жаңбырбаевқа және самбодан әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Ерзат Түкеевке арналған дәстүрлі халықаралық жарыстар жалғасын үзбей келеді.

«Түйесі жоқ ауылға тайлақ атан көрінер» – демекші, қазақ көп шоғырланған облыс, аудан орталықтарында өзге спорт түрлеріне көңіл көп бөлініп, төл күресіміз бүгінде кенжелеп қалған жайы бар. Осы олқылықты оңалтар уақыт жетті.

Еліміздегі қазақ күресі федерациясы төл өнерімізді туған жерімізде ғана емес, әлем аренасына шығару жолында аянбай еңбек етуде.

Серік Түкеев мырза басшылық ететін дүниежүзілік қазақ күресі федерациясының алқалы отырысында төл күресіміздің болашағы төңірегінде көптеген келелі мәселелер көтеріліп, шешімін тауып келеді. Дегенмен өкімет тарапынан қолдау көрсетілмесе, тың ізденістер тұйыққа тірелері хақ. Өкінішке орай, «жаны ашымастың басы ауырмас» демекші, көңілге қонымды нәтижелер әлі де болса, көрінбей тұр. Сол себепті қазақ күресіне қырын қарамай, ел болып елендеп, жұрт болып жұмылып әлемге танытуға жәрдем беріп, белсене жұмыс істейтін уақыт жетті.

Күрестің даму кезеңдері бойынша кеңес дәуіріне тарихи жорыққа аттанатын болсақ, бұл күрес түрінен 1928 ж. және 1936 ж. бірінші және үшінші Бүкілқазақстандық спартакиадаларында жарыстар өтті, ал 1938 жылы бірінші республикалық колхозшылар спартакиадасында жарыстар өтті.

Күрестің ұлттық түрі «күрестің» даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді.

Бүгінде қазақ күресі құлашын кеңге жайып келе жатқанын бәріміз білеміз. Осы уақытқа дейін ұйымдастырылған байрақты бәсекелердің бірде-бірі Қытай палуандарынсыз өткен емес. Шыңжан-Ұйғыр автономиялық өлкесіндегі басшылық қызметте жүрген А.Керімбай, Н.Әбілмәжин сынды азаматтардың қолдауымен қазақ күресі Қытайдағы ең беделді жарыстардың бірі – аз ұлттардың спартакиадасына енгізілді. Ханзулардан бөлек 55 ұлт өкілдерінің ұлттық спорттары топтасқан спартакиада маңыздылығы жағынан олимпиада ойындарынан кем емес десе де болады. Бұл додаға қазақтың бәйге, көкпары және күресі еніп, шығыстағы сан түрлі ұлт өкілдерінің қызу қолдауына ие болды. Спартакиадада өлкеміздің атынан сынға түскен 6 қазақ жігіті өз салмақтарында бірінші орынды жеңіп алды. Жуық арада Қытайдан қазақ күресі қауымдастығы ашылады. Сол

бағытта жұмыстар жүргізілуде. Бұйыртса, дүниежүзілік қазақ күресі қауымдастығына мүше болатын күн де алыс емес. Осы жылы Азия біріншілігін Қытай жерінде өткіземіз деген жоспар бар. Бұл идеямызды дүниежүзілік қазақ күресі қауымдастығына президенті Серік Төкеев те қолдады [5,114б.].

Қазақ күресі – күрес түрлерінің ішіндегі төресі. Оны бәрі мойындайды. Еркін күрес, грек-рим күресі, дзюдоға қарағанда, біздің күресіміз әлдеқайда мықты әрі тартымды. Бүгінде әлемде кең тараған кейбір күрес түрлерін дамытамыз ба әлде қоя саламыз ба деген мәселе қозғалып жүр. Мәселен, грек-рим күресі жанкүйерге қызықсыз спорт түріне айналып кетті. Ал күрестің болашағы бар. Дамытуға болады. Толық зерттелмеген әрі жаңа әдіс-тәсілдері көп.

«Қазақша күрес» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді. Ірі Халықаралық турнирлер 1952 және 1975 жылдары Азия аймағы спортшыларының қатысуымен өткізілді. Ұлттық күрестің дамуы Қазақстан егемендік алғаннан кейін жаңа серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізілетін болды.

2004 жылы Қазақтардың Берлиндегі Бүкіләлемдік Құрылтайында конференция болып, сонда «Қазақша күрес» күресі бойынша халықаралық федерация ұйымдастырылды. Федерацияның президенті - Түкиев Серік Адамұлы.

2005 жылы Ресейде (Алтай өлкесі) «Қазақша күрес» күресі бойынша I Азия Чемпионаты өтті. 2005 жылы қарашада Астанада ҚР Президентінің жүлдесіне «Қазақша күрес» күресі бойынша ірі халықаралық турнир болды. Оған әлемнің 25 елінен 100-ден аса спортшы қатысты. Олардың қатарында Германия, Түркия, Голландия, Франция және басқалары бар. Биылғы жылдың шілдесінде Монғолияда «Қазақша күрес» күресі бойынша II Азия Чемпионаты өтті. 2011 жылы тамызда қазақша күрестен Қазақстан біріншілігі болып өтті.

Бұл ойын адамның денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдылыққа, ептілікке, керек кезінде тез ойланып, әдіс таба білуге машықтандырады. Қазақ күресі күш жетілдіретін спорт. Сонымен қатар ол қорғанудың ұлттық өнері («Самбо»). Қазақ күресте адам өзін еркін ұстап, өз бойындағы күшін, әдісін түгел пайдалана алады, мұнда шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрін де қолдануға болады. Палуандар кілем үстінде; арнаулы жазық жерде, тегістегі қар үстінде белдесіп күресе береді. Ойынның ережесі бойынша қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады.

Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми және әдістемелік деректерге шолу жасалды, мұндағы ең маңызды кезеңдер: ұлттық спорт түрлерінің жастардың дене шынықтыру құралы ретінде танылуы, қазақ күресінен бірыңғай ережелердің қабылдануы, салмақ дәрежелеріне бөлу, Бүкілқазақстандық спартакиадалардың бағдарламасына енгізілу және қазақ күресінен Қазақстан чемпионаттарының өткізілуі, қазақ күрестен дайындау тәжірибесі мен техникасының Қазақстанда еркін күресті дамытуда қолданылуы, қазақ күресінен бастап басқа спорттық күрес түрлерінде жоғары нәтижелерге жеткен атақты Қазақстан балуандары, қазақ күресі жөніндегі ғылыми және әдістемелік жұмыстардың жариялануы, қазақ күресі мамандығының дене шынықтыру және спорт бойынша мамандар дайындау бағдарламасына енгізілуі, осы пән бойынша бағдарламалар мен оқу құралдарының әзірленуі, төсбелгі және куәлік берілетін «қазақ күресінен спорт шебері» нормативінің енгізілуі.

XX ғасырдың 20-жылдарына дейін қазақ күресте салмақ дәрежесі мен жас мөлшеріне қарай бөлу болмаған. Салмақ дәрежесіне және жас мөлшеріне қарай бөлініп күресу осы кезеңде ене бастады деп жеткізеді Е. Әлімханов.

Күрес ережелері ел арасында ауызша тарап, оның негізгі шарттарын балуандар талассыз мойындаған, бірақ арасында бар айырмашылықтарын алдын ала өзара келісім бойынша белгілеп қабылдаған [6,461б.].

Қазақ халқының әр аймақта күресу тәртіптерінің айырмашылығын алысу киімінен де белгілеуге болады. Мысалы, зертеушілер қазіргі еркін күреске ұқсас кеуде жалаңаш белбеусіз күресу түрін, шапан киіп белбеу буынып күресу түрін, белбеуді жалаңаш кеудеге буынып күресу түрін, күртеше киіп күресу түрін және жалаң аяқ отырып (төрттағанда) күресу түрлеріне бөледі.

Грек-рим күресінің халықаралық ережелері 1896 жылы қабылданып бірінші Олимпиядалық ойындарынан бастап бағдарламасына кірген. Ол грек-рим (франциялық) күресі Европада кәсіптік күрескерлердің өнерлерімен кең тарғандықтан болған. Бірақ, салмақ бойынша бөліп күресу 1906 жылдан басталған, сонда 1911 жылына дейін тек қана үш салмаққа бөлінген.

Балалық шағынан қазақтың ұлттық күресінен жекпе-жектерге жие қатысқан, ал 1904 ж. Петербургте И.Лебедев мектебіне қабылданған, онда 2 жыл оқыған Қажымұқан Мұңайтпасов кәсіби француз күресінің жарқын өкілі болып табылады. Ресей мен Европада өткізілген француз күресінен бірнеше кәсіби біріншілікті, сонымен қатар АҚШ-та еркін күрестен біріншілікте ұтты. 1927 жылы (Қазақ АКСР ОАК) оған спортқа сіңірген еңбегі үшін «Қазақ халқының батыры» құрметті атағын берді.

1970 жылы Қазақтың дене тәрбиелеу мәдениеті институтында алғашқы рет қазақ күресі мамандығы енгізілді, соған байланысты көптеген әдістемелік жұмыстар, қазақ күресі техникасы мен әдісінің жіктемесі, тәсілдерін үйрету әдістемесі, қазақ күресінен мамандар дайындау жөніндегі оқу құралдары, оқулықтар мен бағдарламалар шығарылды.

1971 жылы ҚазССР Спорткомитетінің қаулысы бойынша «Қазақ ССР-нің спорт шебері» атағы енгізіліп, қазақ күресі бойынша төсбелгі мен куәлік қоса тапсырылатын болады.

Қазақстандағы ұлттық спорт түрлерінің даму мәселелері ҚР-ның 1999 жылғы «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңында Қазақстандағы халықтық ойындар мен ұлттық спорт түрлерін дамыту мәселелері ашылған.

90-шы жылдары жарыстардың ережелерін және киім нысанын жетілдіруге көп көңіл бөлінді, қазақ күресіне арналған киім нысанын спорттық күрестің басқа түрлерімен айырбастауға жол беруге болмайтыны атап өтілді.

Б.Жаңалин жасаған қазақ күрес жарыстарының ережесін 1993 жылы ҚР Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігі бекітті. Киім нысаны жеңі қысқа кеудешеге өзгертілді, ал 1997 жылы нысандық киім мен жарыстардың ережелерін жетілдіру қорытындылары бойынша Е.Әлімханов кандидаттық диссертациясын қорғады [7,23б.].

Қазақстандағы ұлттық спорт түрлерін қаржыландыру мәселелері дене шынықтыру және спорттың белсенді түрлерімен шұғылдануға, салауатты өмір салтына, қозғалыс белсенділігі мен бұқаралық дене шынықтыру-сауықтыру шараларына республика тұрғындарын кеңінен тарту мен жұмылдыру тәсілі ретінде «Қазақстан Республикасының 2007-2011 жылдарға арналған дене шынықтыру және спортты дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы» бойынша қарастырылады.

Қазақстан жастарының осы спорт түрімен шұғылдануға деген құлшынысы күрестің едәуір дами түсуіне, спортшылар шеберлігінің қалыптасуына, жастардың қазақ күресімен бұқаралық сипатта шұғылдануына, халықаралық және олимпиадалық спорт күресі бойынша жоғары жетістіктерге жетуіне ықпал етеді.

Қазіргі кезде күрестің жеткен деңгейі – бірнеше елде тұрақты түрде дамып келе жатқан халықаралық спорт түрі болғандықтан, жүйелі түрде халықаралық жарыстар, континенттік және әлемдік жарыстарды ұйымдастыру мен өткізу талап етіледі. 2005 жылы Ресейде және 2006 жылы Моңғолияда қазақ күрес бойынша Азияның I және II чемпионаттары өткізілді. 2007 жылы Азияның III чемпионатында Қазақстанда өткізілген

(Сәтбаев қаласы) Моңғолияның, Қытайдың, Өзбекстанның, Тәжікстанның, Қырғызстанның, Түркіменстан, Ресей мен Қазақстан командалары қатысты. 2009 жылы қазақ күресі бойынша Қызылдорда қаласында (Қазақстан) өткен Азияның V чемпионатында біріншілік үшін әлемнің 10 шақты елінен келген күрестің дәстүрлі қатысушылары – атап өткен командаларымен қоса Иран және Сирия командалары күш сынасты. Қазақ күресі бойынша әлем чемпионаттарында қатысқан командалардың саны тіптен көп. 2006 жылы Алматы қаласында өткен қазақ күресі бойынша біріншілікте әлемнің 42 спортшысы шайқасты. 2008 жылдың қарашасында Орскіде (Ресей) қазақтың ұлттық күресі бойынша II әлем біріншілігі болып өтті, оған әлемнің 20 елінен ең мықты палуандар қатысты. 2010 жылдың қазанында Астана қаласында қазақ күресінен III әлем біріншілігі өтті (30-дан астам елінен палуандар қатысты).

Күресетін палуандар жаңадан енгізілген ереже бойынша жасына қарай 3 топқа, салмағына қарай 8 категорияға бөлінеді. Күрес мерзімі ересектер үшін 10 минут, жас өспірімдер үшін 5 минут. Кейде жығылған адамды басып жатып, жауырынын жерге тигізу шарт емес. Бұл күрестің басты шарты - күшін, әдісін асырып, талассыз жығу. Кейде жыққан адам жығылған адамның басынан аттап «күш алу» деген байырғы жеңіс белгісі жасалады. Қазақша күрес аудандық, облыстық, республикалық спартакиадалардың программаларына кіргізілген, спорттық командалары бар ресми түрде жұрт таныған өнер.

Қазақ күресін спорттық күрестің басқа түрлерімен салыстыруда кейбір тәсілдер тобының түрлерін қолдану техникасында, жиілігі мен нәтижелігінде елеулі айырмашылықтар анықталды. Мәселен, күрестің басқа түрлерінде (еркін күрес, самбо, дзюдо) «иықтан асыра тастау», сирек кездесуден басқа, қарсыластың қолы (жеңі, жағасы) мен аяғын ұстап алып орындалса, қазақ күресінде қарсыластың аяғын ұстауға тыйым салынады. Бұл жағдайда «иықтан асыра тастау» қарсыластың қолынан ұстап, оның ішкі жағынан не сыртынан сүңги және кеудеге таянып не кеудеше, не белбеуінен ұстап орындалады.

Грек-рим (кәсіби француз) күресінің тек бір өкілі ғана 20, 30 және 40-шы жылдарда Қазақстан және Орта Азияның аумағында күшін, өз өнерін белсенді түрде көрсетті, ол Қажымұқан Мұңайтпасов. Бірақ, ең алдымен, қазақ күресі өкілі болғандықтан төрттағандық күрессіз, қарсыласының жауырынын тігізіп бірінші лақтырғанға дейін ұстасуларға шыққан, грек-рим күресінен секцияларын ашпаған[8,73б.].

Қазіргі жас палуандар да «қазақ батыры Қажымұқан рухы қолдасын!» деп бозкілемге шығады. Жалпы, Қажымұқан атамыз әншейін палуан емес, ол - ұлттың қайсар мінезі, жарқылдаған намысы мен аспандаған абыройы, телегей күші мен сұсы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бектурганов О.Е., Донбаев А.Б., Камбаров Н.К., Агадилов А.Е. Техника, применяемая на соревнованиях по борьбе казах-курес // Ұлттық спорт пен ойындардың бүгінгісі мен болашағы: респ.ғыл.тәжір.конф.мат. (20-21 мамыр 2010 ж.). – Алматы: ҚазСТА, 2016. – 220б.
2. Донбаев А.Б., Саутов Р.Т. Национальные виды спорта в системе физического воспитания молодежи Казахстана // Ұлттық спорт пен ойындардың бүгінгісі мен болашағы: респ.ғыл.тәжір.конф.мат. (20-21 мамыр 2010 ж.). – Алматы: ҚазСТА, 2015. – 95б.
3. Донбаев А.Б. Анализ технико-тактических действий борца // Современные проблемы теории и практики физической культуры и спорта: материалы 3 междунар.научно-прак.конф. (8-10 сентября 2010 г., Чолпон-Ата). – Бишкек, 2012. – С. 82.

## СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ДЕНЕ МҮМКІНДІГІ НЕГІЗІНДЕ АРТТЫРУ

Г.С. Мильдоходжаева – ғ.м. аға оқытушы,  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет А.Қ. Шымкент қаласы,  
gulya\_gym@mail.ru

**Аңдатпа.** Спорттың ойын түрлері спортшыларының спорттық жарысының нәтижесін анықтайтын факторлардың бірі ойыншылардың техникалық тәсілдерді, сәлемдемелерді, лақтыруларды тиімді орындауы, допты меңгеру, ұстап қалу және қағу болып табылады. Қазіргі заманғы әдебиет қандай да бір ойын тәсілдерін тиімді орындау үшін оқу және әдістемелік бағдарламаларда оқыту және оларды жетілдіру әдістемесінің жеткілікті санын жинақтады. Спортшының іс-қимылының тиімділігі ұғымы күрделі өзара байланыс құрылымы бар жан-жақты көрсеткіштер кешенін қамтитын жалпыланған сипаттама болып табылады.

**Кілт сөздер:** спорт, дене тәрбиесі, салауатты өмір, қорғаушы орта, жеке тұлғалық қызмет.

**Аннотация.** Одним из факторов, определяющих исход спортивного состязания спортсменом игровых видов спорта, является эффективное выполнение игроками технических приемов: передач мяча, бросков, ведения, овладение, перехватов и выбивания мяча.

Современная литература накопила достаточное количество методики преподавания и их совершенствования в учебной и методической программ для эффективности выполнения тех, или иных приемов игры. Понятие эффективности действий спортсмена представляет собой обобщенную характеристику, включающую комплекс разноплановых показателей со сложной структурой взаимосвязи.

**Ключевые слова:** спорт, физическое воспитание, здоровый образ жизни, защитная среда, индивидуальное обслуживание.

**Annotation.** One of the factors that determine the outcome of a sports competition for athletes of game sports is the effective performance by players of technical techniques, passes, throws, driving, mastering, interceptions and knocking out the ball. Modern literature has accumulated a sufficient number of teaching methods and their improvement in educational and methodological programs for the effectiveness of performing certain game techniques. The concept of the effectiveness of an athlete's actions is a generalized characteristic that includes a complex of diverse indicators with a complex structure of the relationship.

**Key words:** sports, physical education, healthy lifestyle, protective environment, individual service.

Тәрбиелеу процесі түрлі құралдармен атқарылады, олар адамгершілік ағарту адамгершілік тәрбие жинақтауды ұйымдастыру және адамгершілік ынталандыру болып табылады.

Жас спортшы үшін мұғалімнің, жаттықтырушының беделі бірінші орында тұрады. Бастауыш сынып оқушысы үшін жаттықтырушының сөзі әке-шешесі де тіпті әжесі де өзгерте алмайтын заң. Бұл кезеңде оқушыларда үлкен қоғамдық белсенділік пайда болады, олар өзі немесе отбасы үшін емес, ұжым үшін көп нәрсе жасай алады. Қатарларымен қарым-қатынаста кең пейілділік, талқылау барысында тік мінезділік, көмекке әзірлік байқалады, көңіл күйі әдетте қуанышты болады, оқыту психиканы дамытудың негізгі факторы болып табылады.

Жекелеген психикалық процестерді дамыту жас спортшыны оқытудың бүкіл бастапқы сатысы бойында жүргізіледі. Педагогикалық ықпал үшін оқыту және тәрбиенің

бірінші жылында жеткіліксіз үйлесім біршама албырттық және бағыттың айқын болмауы тән.

Жаңадан бастаушы спортшылар өздері үшін маңызы бар, олардың көңіл күй мазасыздануларына байланысты нысандарды және көзге тез шалынатын түсінікті және ыңғайлы белгілерді тез қабылдайды. Осыған байланысты ұғымдарды нақты анықтап, талаптарды қолайлы қалыптастырып, қойылған міндетті жаттықтырушы үшін де маңызды болатындай ету қажет.

Осы кезеңде жас спортшылардың есінде сақталатындай үлкен жаттығулар кешені ендіріледі.

Бұл жаста механикалық есте ұстау қабілеті дамиды деп есептеледі. Балалар әңгімелегенге қарағанда көрсетілген жаттығуларды тез есте ұстайды. Көптеген жаттықтырушылар бұл сатыда көрнекі құралдар мен бейнелеп көрсетуге ден қояды. Алайда жаттығуды үйренуге тапсырма берместен бұрын оны көрсетумен қатар оның қандай принципке құрылғанын аталған бірізділік неліктен таңдалып алынғанын, т.б. есте ұстау қажет. Бұл жастағылардың адамгершілік ережелері мен дене жаттығуларын мағынасыз есте ұстауы тиімді емес. Материалды ойға түйгенде ол жақсы сақталып, тез жаңғырады.

Балалардың зейіні таңдау сипатында болады және олар үшін өте маңыздысына қарай бағытталады. Олардың зейінін бір нысанда ұстап тұру өте қиын. Тәжірибелі жаттықтырушы тәрбиеленушілерінің зейіні қашан төмендейтінін біледі, сол кезде ол оқушылардың зейінін басқа нысанға аударады. Осы мақсатта оң көңіл күй тудыру және оны күшейтуге бағытталған жаттығулардың кең шеңбері пайдаланылады.

Бұл жастағы балалардың зейін көлемі үлкен емес. Бұл табиғи нәрсе, жас спортшы екі мектептің яғни білім беру мен спорттық бағдарламалар бойынша оқиды. Көптеген жаңа және қиын ақпараттарды қабылдап соған зейін аударуға тура келеді. Оқушы біртіндеп зейінін қажетті және сырты тартымды заттарға аударып, соны тұрақты сақтауға үйренеді. Зейінді тудырып, оны қалыптастыру және оны бағыттай білу – алғашқы оқу жылы мен жас спортшы тәрбиесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Оқытудың алғашқы сатысында ойлауды дамыту процесі нақты бақыланады. Ойлау негізінен нақты болып қалғанмен танымдық нысандар саны мен олардың арасындағы қарым- қатынас біршама ұлғаяды. Сондай-ақ салыстыру процесі дамытылады. Балалардың заттар мен құбылыстардың белгілері мен қасиеттері туралы талқылау негізінде негізінен көрнекілік бейнелеу мен сипаттау жатыр.

Мұнда ойлауды дамытудың екі сатысы байқалады. Біріншісі – алғашқы оқыту сатысында барлық материалдарды талдау көрнекілік әрекетті жоспарда жүргізілген жағдайда, яғни жас спортшылар бұл жағдайда ақиқат заттарға немесе олардың тікелей баламасына сүйенеді. Екінші сатысы – абстрактілеу мен жалпылау қабілеттерін игеруде байқалады, дене жаттығуларымен екі-үш жыл жүйелі айналысқан соң басталады. Бұл процесс, әрине, жеке ерекшеліктерге ие, яғни біреуінде мидың аталған қызметі тез дамыса, келесісінде баяу дамиды.

Жалпы білім беретін және спорттық мектептерде жас спортшының елестету тәрізді маңызды психикалық қабілетін дамытуға көмектеседі. Жас спортшыны алдын ала даярлау сатысында елестету өз дамуының екі кезеңінен өтеді. Спорттық қозғалыстың алғашқы үлгілері ақиқат нысанды жақын сипаттайды, оларда бөлшектері аз, тұрақтылық көп, өзгерісі аз, өзара байланыс әрекет пен өзгерісті көрсетпейді. Бұл нысандардың жуық шамадағы жағдайын олардың сипаттарын толық көрсетпейтін, бірақ сол заңдылықтар бойынша жұмыс атқара бейнелеп, анықтай білуді қалыптастыру бағытында дамитын бейнелеуге (өнімді елестету) тән. Туындаған елестетулер ақиқат бейнелерді жасайды.

Бұл жаста спорттық дайындық сатылары мен Олимпиада ойындарында өнер көрсетуге дейін маңызы зор шығармашылық елестетуді дамыту үшін алғышарттар болады. Шығармашылық қабілеттің жоғары деңгейде дамуы спорттық жетілдіруде тәрбиеленуші үшін де, тәрбиеші – жаттықтырушы үшін де құнды қызмет көрсетеді.



Шығармашылық елестету жас спортшылардың жеке, ойлап тапқандарымен байланысты тапсырмаларды орындауда қалыптасады (барлық жаттығулар, ойындар, айла – шарғылар, т.б.). Бұндай шығармашылық ойындарда дамушы тұлғаның сезімі, яғни оның ақиқат нәрселерге деген көңіл күй көзқарасы айқын көрінеді.

Оқу-жаттықтыру сабақтары да басқа психикалық процестер тәрізді балалар көңіл күйінің жалпы ойпатын өзгертеді. Жас спортшы біртіндеп мектептегі, спорт секцияларындағы үйлеріндегі бірқатар мінез-құлық ережелерін меңгереді. Осы ережелерді орындау барысында бала өз ісіне қанағаттану сезімін басынан өткереді, ал оны жаттықтырушысы мақтаса, қуанғанын білдіреді. Ережені бұзу кейде жаттықтырушы тарапынан көңілінен шықпауы мүмкін деп қорқақтауды туындатады. Жас спортшыларда жауапкершілікті дамыту осылай қалыптасады.

Эстетикалық, этикалық және адамгершілік сезімдерді қалыптастырудың маңызы зор. Төменгі сынып оқушыларында көңіл күй тұрақсыз тез өзгеріп отырады. Жақын адамыңның немесе ересек адамның қате әрекетіне деген түсінбеушілігі, ұнатуы немесе немқұрайлы қарауы, яғни көңіл күй реакцияларының көрінуі үшін мазасыздануға жол ашады.

Бұл жаста болашақ азаматтың адамгершілік сапаларының мықтылығы мен сенімділігінің іргетасы қаланады. Балалардың ерік-жігері әлсіз және тұрақсыз, сондықтан барлық педагогикалық құралдарды соны жетілдіруге бағыттап, оларды зейін салып, мұқият болуға қабылдаған шешімін дер кезінде орындауға, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге үйрету қажет.

Мұнда жаттықтырушының орны оның дайындығы мен осы жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтарын білуінің маңызы зор.

Дене жаттығулары сабақтарында жас спортшының, ерік-жігері бекиді, яғни жаңа білімді іскерлік пен дағдыны меңгеру үшін ерік-жігер күші талап етіледі, ол спорт дайындығының алғашқы сатыларында түрі мен мазмұны жағынан әр түрлі, жасына сәйкес спорттық жаттықтыру құралдарымен және әдістерімен қалыптастырылады.

Жасөспірімдік кезең – бұл өзіндік қалыптасу кезеңі. Жасөспірім өзінің бойында кейбір қарапайым міндеттерді дербес шешу үшін күш барын байқап, оның бойында өзін ересектер санатына қосу қажеттігі туралы талап туындайды. Алайда ересек және дербес талқылау орта есеппен 12-13 жастан басталатын үлкен жасөспірімдік жасқа ғана тән екенін ескеру қажет.

Жасөспірімнің өзінің жеке тұлғасы туралы өз пікіріне сай орын алу талабы (көбінесе асыра бағалау) оның мінез-құлқына, оқуына, жаттықтыруына деген көзқарасында әсер етеді.

Сонымен қатар оқудағы, спорттағы табыстары өзіндік қалыптасу құралы ретінде қолданылады. Бұл жағдайда алдыңғы дайындық сатысындағы жас спортшылармен жұмыс барысындағы қарағанда басқаша педагогикалық құралдар талап етіледі.

Жасөспірімнің, әсіресе, жыныстық жетілудің алғашқы кезеңіндегі жасы (оны екінші жыныстық белгілерінің даму деңгейі бойынша дәл анықтауға болады) педагогикалық ықпалдар үшін өте қиын болады. Жасөспірімнің басынан өткеретін барлық толқыныстары мен қиындықтарына отбасының, мектеп пен жаттықтырушы тарапынан өте сезімталдық пен байсалды көзқарас қажет етеді.

Жасөспірім өзін тұлға ретінде танып, мойындатуға құмар келеді. Бұл кезеңде жас спортшыға өз бетінше ширату жаттығуларын жасауға рұқсат етіп, оны алдын ала даярлық топтарына басшылық жасау мен жарыстарды ұйымдастырып және өткізуге қатысуға тарту қажет.

Жасөспірімдердегі танымдық қызығушылықтары сан түрлі болып келеді. Мысалы, заманауи әуеннен классикалық әуендерге дейін спортпен шұғылданудан өлең жазуға дейін, т.б. Бұл әрине, жоғары дәрежелі спортшыны қалыптастыру үшін де, жеке тұлғаны жан-жақты дамыту үшін де қолайлы жағдайлар тудырады. Жасөспірім қоршаған өмірді түсіну үшін көп біліп, өз білімін дербес толықтыру қажет екенін біледі. Оқыту барысында ол ойға

тоқудың пайдасы көп екенін түсінеді, бірақ оқу әрекетінде әлі де механикалық есте сақтау жиі қолданылады.

Бұл жаста есті ұсақ-түйек дәйектермен артық жүктемелеудің қажеті жоқ, себебі олар жасөспірімнің зейіні үшін негізгі ақпараттарды сіңіруге кедергі келтіреді, ал ес жыныстық жетілудің алғашқы кезеңінде біршама төмендейді. Жасөспірім бір әрекет түрінен екінші түрге тез өтеді, бұл көптүрлілік оған өте ұнайды, бірақ алғашқы даярлық сатысындағы жас спортшылардағыдай жиі болғанын қаламайды. Бұдан кейін жасөспірім жұмыстың бір түріне терең ден қойып айналысып қалғанының барлығын ұмыт қалдырады. Спортшы жасөспірімнің зейіні оқу-жаттықтыру сабақтары уақытында дене жаттығуларын оқытқанда бір шама жақсарады.

Оқыту барысында ойлау белсенді дамиды. Жасөспірім ғылыми ұғымдарды меңгеріп, оларды қорытып, көптеген жалпы талқылауларды айтады. Оның ойы абстрактылы сипатта болады. Бұл кезде спорт жөнінен теориялық білімнің күрделі курсына оның шамасы жетеді, ол жалпы білім беретін мектептерде меңгеріп, спорттық жаттықтыру барысында алған білімін қорыта алады.

Жоғары дәрежеде елестету жас спортшыға ойша олимпиада чемпионына, ұшқышқа, т.б. айналуына мүмкіндік береді. Бұндай арманшылдық мәні жағынан болашақ жұмысына дайындық болады, ал жаттықтырушының спорт қаһармандары туралы айтқан әңгімелері жасөспірімді өз арманын шындыққа айналдыруға болатынына көз жеткізеді.

Жасөспірімдердегі қуаныш сезімі қойған мақсатына жеткен кезде жиі көрінеді, ол қатты қуанғанымен, төменгі сынып оқушыларында көрінетін қызу көріністен ерекшеленеді.

Жасөспірімдер өз сезімін, әсіресе ашуланғанда қызу көрсетеді. Қоршаған ортаға жасалған әрекеттер мен айтылған сөздерге өте сезімтал келеді, ол тұлғаның оң қасиеттерінің қалыптасуы мен адамгершілік тәрбиені күшейтуге жақсы жағдай тудырады.

Дене жүктемелерін орындауда, қиын және күрделі жаттығуларды орындағанда жасөспірім ерік жігерін барынша көрсетеді. Алайда, бұл жастағы жігерді тәрбиелеу мен оны қалыптастыру оқушылар немен айналысуы, қандай мақсатта айналысуы қажет болған жағдайда өте тиімді болады. Мақсат жоғары болған сайын, жасөспірімге оның қоғамдық мәні анық болып, оның спорттық әрекетін ұйымдастыру жеңіл болады.

Бұл жастағы әлеуметтік белсенділік ересектер әлеміндегі қарым-қатынаста кездесетін нормаларды құндылықтар мен қасиеттерді меңгеруде тез қабылдаудан көрінеді.

Спорттық жетістіктер жасөспірімнің өзіне жаттықтырушысы оқу-жаттықтыру сабақтары барысында қойған күрделі міндеттерді шешіп, жоғары нәтижелер көрсете алатынын білдіреді. Алайда, тұлға әлі толық қалыптаспаған. Жасөспірім спортта қаншалықты жетістіктерге жеткенімен, өз әлемі, өзінің ақиқат өмірге деген қызығушылығы бар жасөспірім болып қалады, ал спорт жұлдызы болған жасөспірімдерге парасатты жаны ауыратын мәдениетті оқытушы-жаттықтырушы өте қажет. Жасөспірімдік жас барлығында бірдей уақытта аяқталмайды, бұнда жеке тұлғалық ерекшеліктер көп байқалады. Осы жас кезеңі аяқталған соң жеке тұлғаның одан ары қалыптасуы өзгешерек болады, ол жастық шақ деп аталады.

Бұл кезеңде спорттық табыстар аймағына жетуде біршама жыныстық айырмашылықтар байқалады. Қыздар үшін ол 12-14 жаста (жүзу, спорттық және көркем гимнастика, конькимен мәнерлеп сырғанау), ал ұлдар үшін – 14-15 жас-жүзу 13-16 жас-конькимен мәнерлеп сырғанау түрлерінде, басталуымен ерекшеленеді. Бұл үйлесімділік қабілетінің жоғары деңгейін талап ететін спорт түрлері үйлесімділікпен дене қабілеттері қатар қажет болатын спорт түрлерінде бозбалалық жаста нәтиже көп жоғары болады.

Жастық шақ – тұлғаның биологиялық есеюі мен қалыптасуының аяқтаушы сатысы К.Ушинский жастық шақты жандыратын алауда адамның мінез-құлқы шындалып шығады, сондықтан бұл алауды өшірмей, одан қорықпай, оған қоғам үшін қауіпті деп қарамай, оның

еркін жануына кедергі келтірмеу керек, ал бұл жастағы адамның жанына құйылатын материалдың сатысы жақсы болуын қадағалау қажет деп жазды.

Бұл жаста тұлғаның өз-өзіне қоятын талабы күшейеді. Қоғамның талаптары мен өзіне талап қоя отырып, жастар өзінің ар-ұятына жүгінеді, өзін өз қателігі үшін сынға алып орындалған парызынан мақтаныш сезінеді.

Жастық шақ қажеттіліктері мазмұны жағынан әртүрлі, ол жігітті немесе қызды тәрбиелейтін отбасының тұрмысына байланысты болады. Осы жерде көптеген жас спортшылар көпжылдық спорттық даярлықтан өткен соң, адамның мәдениеті қарым-қатынасы және киіміндегі қажеттіліктердің тек еңбекпен ғана анықталып, қамтамасыз етілетінін білгенін айта кету керек. Бұл жаста тұлғаның біршама күш салуын талап ететін дене жүктемелері арқылы ғана қол жеткізетін дене және спорттық жетілдірудің қажеттілігі үлкен.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Адамбеков К.Т. Оқушылардың дене тәрбиелеудің педагогикалық негізі. (п.ғ.д. дисс. Авторефераты). - Алматы, 1995 ж.
  2. Сапарбаев М.Б. Дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесінің теориясы мен практикасы. (п.ғ.д. дисс. авторефераты). - Алматы, 1993 ж.
  2. Гейнца К.А. Қазақстандағы жалпы білім берерін мектептердегі 1-9 сынын оқушыларының нұсқалық, бөлімдерін жете зерттеу. (п.ғ.к. дисс. авторефераты). – Москва, 2006 ж.
  3. Жұманова А.С. "7-9" жастағы қазақ балаларының дене тәрбиесі ісінің мазмұнын тәжірибеде дәлелдеу. (п.ғ.к. дисс. авторефераты). - Алматы, 1997 ж.
- <http://pravo.gov.ru>, <http://www.ict.edu.ru>

## ЖАС БОКСШЫНЫ ЖАРЫСҚА ДАЙЫНДАУ ТАКТИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

**М.К. Ахметов** – оқытушы,  
Ж.А.Тәшенев атындағы университеті, АҚ,  
Шымкент қаласы, axmetov.1973@mail.ru

**Андатпа.** Боксшыны арақашықтық тактикасын меңгертуге оқыту. Тактикаға оқытудың негізгі міндеті-боксшы белгілі тактикалық мақсатта техникалық тәсілдерді пайдалануға үйрету, барлық үш арақашықтықта тактикалық әрекеттермен таныстыру. Әрекетке оқыту үрдісінде тактикалық ойлауға үйрету-серігін ұтуға, әр алуан айлалы ниеттерді талғауға дағдыландыру.

**Кілт сөздер:** боксшы, тактикасын меңгерту, ойлауға үйрету-серігін ұтуға.

**Аннотация.** Обучение боксера навыкам ведения боя на расстоянии. Основная задача тактической подготовки – научить боксера использовать технические приемы в определенных тактических целях, познакомить его с тактическими действиями на всех трех дистанциях. В процессе подготовки к действию обучение тактическому мышлению заключается в умении перехитрить партнера и распознать различные коварные намерения.

**Ключевые слова:** боксер, освоение тактики, обучение мышлению для победы над партнером.

**Abstract.** Training a boxer to master distance tactics. The main task of training in tactics is to teach a boxer to use technical methods for a specific tactical purpose, to acquaint him with tactical actions at all three distances. In the process of training in action, to teach tactical thinking - to gain the ability to defeat a partner, to distinguish various cunning intentions.

**Keywords:** boxer, mastering tactics, teaching thinking - to defeat a partner.

Бокс – бұл спорттың қызықты әрі күрделі түрі, ол өзіне табынушылар санын күннен-күнге көбейтуде. Жарыстар боксшыдан жағдайды бір сәтте бағалауды, мезетте шешім қабылдауды және т.б. талап етеді.

Спортшының шеберлігін өсіру үшін негізгі роль олармен жеке жұмыс істеу, жекелену спортшыны жетілдіруіне алып келеді. Дайындық ұрыста және дайындық жаттықтырушы боксшыны бақылап және ерекшелігіне мән беруі қажет.

– Қандай арақашықтықта боксшы өзін еркін әрекет жасайды, батыл және активті болады. Қайта ол өзінің тәсілін жасқы жасайды.

– Қандай соққыны немесе қорғанысты боксшы таңдайды. Қандай тәсіл оған жеңіл екенін жақсы жасайды.

– Бұл боксшыға қай ұрыс манерасына тән. Ұзақ, жақын кезеңді соққыларды жақсы игереді.

– Боксшы қандай психологиялық ерекшелікке ие, ол активті жан ол батыл салқын қанды немесе ұрыс кезінде қозатын жан.

Осы анализдер көмегімен жаттықтырушы боксшыға мінездеме жасап, оған жұмыс істеуге бағыт береді, әр боксшының ұрыс манерасын жеке жетілдіреді. Осы мінездемеге сүйене отырып боксшыны жаттықтырғанда жеке жоспар құрады.

– Боксшының қажетті терілген техникалық қимылдарды игеруі.

– Боксшыны психологиялық және физикалық дамыту үшін қажетті терілген жаттығулар.

– Боксшының жұмыс істеуіне қажетті тактикалық терілген тәсілдер.

– Боксшыға көрсетілген тапсырмаға қатысты қарсыластарының тізімі.

– Жеке жаттығулардың тізімі.

Турнирге дейін ұзақ уақыт бұрын тактикалық дайындық жасау қажет. Турнирден кейін боксшы жаттықтырушымен бірге отырып, өткен ұрысты анализдейді. Бұл жеңіспен біткен турнир болғанның өзінде дайындықтың әлсіз және күшті жақтарын ескереді. Жеткен

жетістікпен тоқтамау қажет. Әр жекпе-жекте табысты немесе табыссыз жақтары болады. Боксшы күшті қарсыласының жеңіл түрде, әлсіз қарсыласын күшпен жеңуі мүмкін. Бұл қарсыласын дұрыс бағаламағаннан болады немесе ұрыс тактикасының дұрыс болмағанында.

Жаттықтырушы және боксшы тактикалық дайындықта енді қандай жұмысты жалғастыру қажет. Тактикалық жетіспеу себебі неде?

Себебі техникалық арсенал шектелуі немесе әлсіз теориялық дайындық немесе арнайы физикалық дайындықтың жетіспеушілігі ұрыс жүргізудің жетілмеген тактикасы. Боксшының негізгі жетіспеушіліктерін жоюға тырысу қажет. Өзінің күшті жағын жетілдіру қажет. Жүлделі орынға ұсынылатын боксшы өзінің негізгі қарсыласын жақсылап бақылап, ұрыстағы тактикасын анализдеу қажет.

Сосын қарсыласына карта құру оның әлсіз жерін бақылап және осы жағын өзі жетілдіру, күшті жағын нитрализдеу қажет. Күшті қарсыласына әрекет жоспарын құрып, жаттықтырушы мен боксшы бірге осы схеманы пайдаланып, осы боксшыға тән техника-тактикалық әрекеттерді жетілдіру. Қарсыласының қателіктерін қолданып системалы жаттығу жасаған боксшыға табыс алып келеді. Боксшыларды жинағанда оған дайын болу қажет. Боксшы жарысқа дайындалғанда жаттықтырушы алдында келесі мәселе тұрады:

1. Боксшының шеберлігінің күшті жағын қарау.
2. Бұрында жасалған қателіктер мен жетіспеушіліктерін жою.
3. Боксшы жалпы және арнайы дайындық жүргізу, негізгі көңілді жылдамдыққа бөлу қажет.

Осы жаттығуларды 3-4 апта бойы аптасына күн демалып жасалады. Дайындық аптасының әр күні дұрыс жүргізу маңызды. Боксшының дайындығы (ұйқысы, жаттығу, тамағы, қыдыруы) маңызды. Техника мен тактикасын жетілдіруде максималды тапсырыстар жасау қажет аптасына 2-3 рет. Қалған күндері боксшы техника және тактиканы жетілдіруде физикалық дайындыққа көшеді. Дайындық кезінде боксшы дөрекі соққылар жасамау қажет, техника және тактиканы жетілдіру жаттығуымен шектен тыс нервке күш түсірмеуі қажет.

Жарыстар алдында тактикалық дайындық өте маңызды, жарыста боксшы әр түрлі қарсыласпен кездеседі, сондықтан әр түрлі ұрыс материалдарына дайын болуы қажет. Сондықтан жарыс алдындағы дайындықта боксшы олардың әрекеттеріне қарсы тактикалы жоспар құру қажет. Таныс емес қарсыласына дұрыс және тез барлау жасап және оған негізгі контроәрекет жасау қажет.

Айқын тактикада тек қана қарсыласының белгілі бір ерекшелігін ғана емес, боксшының ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұндай жағдайда жаттығу дайындығын боксшының келісімімен жасауға жоспарлап және қарсыласына күтпеген болатын жаңа тактика, техниканы жоспарлау, жарыста қарсыласымен 4-5 рет кездеседі, боксшының және жаттықтырушының мәселесі қиын. Боксшы дайындықта әртүрлі қарсыластарымен кездесетінін ескере отыру қажет.

Өзінің ұрыс тактикасы мен қасиеттерін дамыта отырып боксшы техника тәсілдерінің шектелгендігіне қарамастан, бұл тәсілдер жекпе-жекте қолдану және соққы алмасуымен ұрыс күші есебінен емес ұрыс жүргізу өнері мен шеберлігі есебінен жеңіске жету мүмкіндігіне ие.

Тактикадағы жетілдіру жылдамдықты, ептілікті төзімділікті, көңіл аударуды, реакцияны, ұрыстық ойлауды, ерікті бір мезгілде дамытусыз мүмкін емес. Техника, тактика, физикалық және психологиялық қасиеттер өзара байланысқан болуы тиіс.

Сонымен егер боксшыда ұрыстық ойлау шапшаңдығы дамытылмаған болса онда ол қас-қағым сәтте ұрыс жағдайын талдап және тактикалық шешім қабылдай алмайды. Қарапайым және күрделі реакция шапшаңдығына және қозғалыс жылдамдығына ие болмайынша, боксшы ұрыста шешімді дер кезінде жүзеге асыра алмайды. Айтарлықтай шыдамды емес боксшы ұрыстағы көңіл аударушылықты, шапшаңдылықты нақтылықты

сақтап, қасиетті әрекетті таңдау оны қолдана алмайды. Жігерлік қасиеті айтарлықтай дамымаған боксшы ұрыста туындайтын қиындықты жеңе алмайды.

Физикалық және психологиялық қасиеттерінің дамуының жоғары емес деңгейі боксшының техника-тактикалық шеберлігін жетілдіруге кедергі болады. Техникада мен тактикада боксшыны жетілдіру кезінде жаттықтырушы оның назарын бір әрекетті табанды жүргізу қажеттілігіне, соққы мен қорғанудың дер кезінде болуына, нақтылығына, әрекеттің шапшаңдығына бағыттауы тиіс. Жеке сабақтарды боксшы жетілдірген әрекеттерді ерікті және сайыстық ұрыс жағдайында қолдануға үйренгенге дейін жүйелі түрде қайталау қажет.

Шеберлікті дамыту кезеңінде кейбір боксшылар өзінің тактикалық ойлауы мен ұрыстың сапаларын дамыта отырып (көбіне ұрыс жүргізудің қарсы шабуылдау мәнеріндегі боксшылар), тактикалық тәсілдердің шектелгендігіне қарамастан бұл тәсілдерді жекпе-жекке қолдану және тактикалық шеберлігінің есебінен жеңіске жету мүмкіндігіне ие.

Боксшылардың көпшілігі бір қарсыласты жеңумен табысқа қол жеткізеді, дегенмен басқалармен кездесуде олар жеңіске жете алмайды немесе болдыртатын ұрыста жеңіске ие болады. Бұл ұрыс әрекеттерінің және тактикалық мүмкіндіктердің шектелгенімен түсіндіріледі. Тек барлық үш арақашықтықта әр жақты ұрыс тәсілдері ғана кез-келген қарсыласпен ұрысты әр алуан үлгіде және тактикалық дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Сондықтан боксшы тактикасын ары қарайға жеке өзіндік жетілдіру боксшы игеріп қойған техника мен тактиканың сапалық жақтарын жетілдіру жолымен ғана емес, әрекеттердің жаңа тобын жетілдіру жолымен де жүруі тиіс.

Осылайша, боксшының тактикалық дайындығы үшін бокс жаттығулары кезінде әртүрлі спарринг серіктестерін пайдалану және әртүрлі аймақтардағы жарыстар мен спаррингтерге үнемі бару маңызды. Спарринг жиі жарыстармен ауыстырылуы керек, өйткені мұнда жауынгерлік тәжірибе мен әртүрлі стресстік жағдайларға төзімділік жиналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. «Қазақстан Республикасында 1996-2000 жылдар аралығында бұқаралық спортты дамыту туралы мемлекеттік бағдарламасы» // 1996 ж. 19 желтоқсан. № 3276.
2. Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы. Қазақстан республикасында дене шынықтыруды және спортты дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы. №571, // Астана, 2001 ж.
3. Қазақстан Республикасының Дене мәдениеті және спорт туралы Заңы. 1999 ж. 2 желтоқсан. №490-13 ҚР // Sport, 2000, №1, 4-11 қаңтар.
4. Остьянов В.Н., Гадамак И.И. Бокс. Оқу мен жаттығу Киев , Олимпиадалық әдебиет 2001 ж.

## ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ОРНЫ

**Б.С. Алтынбекова** – аға оқытушы  
«Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ, Шымкент қаласы.

**Андатпа.** Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады.

**Кілт сөздер:** ұлттық ойын, еңбек, ұлттық спорт

**Аннотация.** Казахская национальная физическая культура начинает формироваться в школе как неотъемлемая часть общей культуры личности. Поэтому его использование не только развивает двигательные навыки и умения, но и формирует у школьников отношение к казахским национальным видам спорта, воспитывает у них самостоятельное освоение физических упражнений и игр, а также использует учебно-игровые материалы как систему для воспитания их духовности, нравственность и физическое воспитание.

**Ключевые слова:** национальная игра, труд, национальный вид спорта

**Abstract.** The Kazakh national physical culture begins to form from the school period as an integral part of the general culture of the individual. Therefore, its use not only develops motor skills and abilities, but also forms an attitude towards Kazakh national sports among schoolchildren, educates them to develop physical exercises and games on their own, and involves using educational and game materials as a single system to educate their spirituality, morality, and physical education.

**Keywords:** national game, labor, national sport

Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары Абай Құнанбаев, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин халық ойындарын балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық адамгершілік ой талабының өсуінде оның атқаратын қызметін жоғары бағалады. Қазақтың ұлттық дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан қазақтың ұлттық спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады. Бұндай жағдай Қазақстан Республикасының оқушыларының көпшілігінде ұлттық спортпен, ұлттық ойындармен, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген мұқтаждықтың, осы саладағы өз бетінше жүргізілетін сабақтардың ғылыми негізделген әдістемесінің жоқтығын, сонымен қатар көптеген жалпыға міндетті білім беру мекемелерінде, мектептерде (әсіресе, ауыл мектептерінде) оқудың материалдық базасының нашарлығынан, оқушылардың оқитын орындары да қашықта болғандықтан, мектептен тыс сабақтар мүлдем жүргізілмейді. Осы жоғарыда айтқан мәселелердің бәрі аталған тақырыптың әлі де болса жан-жақты толық зерттеуді қажет ететіндігін көрсетеді [1]. Ұлттық ойындарды мазмұны мен күрделілігіне байланысты және балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төменгі, орта және жоғарғы сынып оқушылары ойнайтын ойындар деп бөлуге болады. Қажетті ойындарды өтілетін сабақ не жаттығудың алдында тұрған педагогикалық

міндеттеріне байланысты таңдап алу қажет. Дене тәрбиесі сабағында және жаттықтыру кезінде қозғалыс ойындарын, оның ішінде ұлттық ойындарын қолдану арнайы үйрену міндеттерін шешуге көмектеседі. Ұлттық және эстафеталық қозғалыс ойындарын ұйымдастыра отырып оқушылардың қызығушылығын арттыру, ұйымшылдыққа, батылдыққа және салауатты өмірге тәрбиелеу. Ұлттық ойындарды спорттық ойын сабақтарында, жеңіл атлетика, гимнастика сабақтарында, жалпы дене қуаты дайындығы және жаттықтыру сабақтарында кеңінен қолдануға болады. Ұлттық ойындардың дене тәрбиесі сабағын жоғары әдістемелік деңгейде сапалы өткізудегі пайдасы мол. Жалпы ойындарды жүйелі түрде пайдалану, қиыншылықтарды жеңуге, еңбексүйгіш субъект ретінде тәрбиелеуге ықпал етеді [2]. Ұлттық ойындар жаттығулар көмегімен оқушыларды жаттығуға керек психикалық күйге түсіреді. Көңіл күйді көтеру, көңілдену, тактикалық ойлауды дамыту, сыртқы қоршаған ортаны тез сезіну, келешек істелетін жұмыстарға дайындалу, жинақталу қасиеттерін қамтамасыз етеді. Ойын жаттығуларын ойша қайталау арқылы барлық ықылас зейінді аударуға негізделеді. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» – дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» Ақ серек, көк серек», «Соқыр теке», «Асық ойыны», «Ине, жіп және түйіншек», «Әтештер қақтығысы», «Қызыл ту», «Мысық пен Тышқан», «Теңге алу», т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Балаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді [3]. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтастырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын байыта түседі.

Ұлттық спорт түрлері мен халық ойындары жеткіншек ұрпақты үйлесімді тәрбиелеудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қазіргі дене шынықтыру практикасында ғасырлар бойы сомдалған және сыннан өткен халық ойындары мен ұлттық спорт түрлері құралдары арқылы жеткіншек ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін пайдалану қажет. Ойын баланың барлық қабілетінің дамуына, айналасындағы дүние жайлы түсініктерінің кеңейуіне көмектеседі. Халқымыз ойындарғы тек балаларды алдандыру, ойнату әдісі деп қарамай, олардың мінез-құлқының қалыптасу құралы деп ерекше бағалаған. Ойын балалардың негізгі іс-әрекеті ретінде психологиялық, анатомиялық-физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметтер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынды әрбір адам ойнап өседі, ойынды көп ойнаған адамның дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Ал кей балалар ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей балалар ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін қызықты ойынның түрлері өте көп. Халық арасында «Денсаулық – зор байлық» деп тегін айтылмаған. Демек, кезінде ұлттық ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас организмнің дұрыс та сергек



өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде көпшіл, Отанның болашақ азаматы болуға, халқына адал қызмет етуге бағытталған [4]. Сондықтан білім берудің жаңа технологиясын пайдаланып, дене тәрбиесі пәнін жаңа технологиялық әдіспен оқушылардың жас ерекшеліктеріне, денсаулықтарына байланысты, ұлттық ойындарды спорттық ойын түрлеріне, сабақтың мазмұнына қарай іріктеп алып пайдалануға кез келген дене тәрбиесі мұғалімінің мүмкіндігі бар.

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Ойынды сабақта қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Ең алдымен, халық педагогикасы өскелең ұрпақтың еңбек пен өмір сүру бейнесінің негізі болып, оларды келешектегі қызметіне дайындайды. Біздің халықтық педагогикада еңбек тәрбиесі өте ертеден бастау алады. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдер құралы, сөз жоқ, еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші роль атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Халықтық педагогиканың ең бір көне тиімді құралдарының біріне ойын жатады. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойын дегеніміз – адамның ақыл-ойын дамытатын, қызықтыра отырып ойдан-ойға жетелейтін, тынысы кең, алысқа меңзейтін, қиял мен қанат бітіретін ғажайып нәрсе. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді. Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Оқу үрдісінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай алынады. Сонда ғана оның танымдық, тәрбиелік маңызы арта түседі. Оқушыларды әсіресе, «Сиқырлы қоржын», «Көкпар», «Асық» секілді ұлттық ойындарға қатыстыру өте тиімді екеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл ойындарды жаңа материалды бекіту немесе қайталау кезінде қолдану керек деген пікір бар. Оқушы ойынның үстінде не соңында өзінің қатысу белсенділігіне қарай түрлі баға алуы мүмкін. Мұғалім әр оқушының еңбегін бағалап, ынталандырып отыруы тиіс. Ойынның тәрбиелік маңызы мынада: ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді[5]. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше еңбекке баулу сабағын ұлттық ойындар арқылы сабақтасытырып түсіндіру пән тақырыптарын тез, жылдам меңгеруге ықпал етеді. Оқушының сөздік қорын

байыта түседі. Халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, аса көрнекті жазушы М.Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған», - деп тегіннен тегін айтпаса керек. Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинақтаған және оның ішінде ұлт ойынының тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А. Покровский, А.И. Ивановский, Н.И. Гродеков, Е.А. Алекторов, Ә.Диваев, А. Левшин, Н. Пантусов, Ф. Лазаревский, П.П. Пашин, Г.С. Запряжский, А. Шиле, А. Харунзин, А. Горячкин, П. Ходыров, Е. Букин, О. Әлжанов, т.б. болды делінген. Е. Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», – дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған. Ә.Диваев «Игры киргизских детей» атты еңбегінде тарихта алғаш рет қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырады. Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Мәселен, оның «О рождении и воспитании детей киргизов, правилах и власти родителей» (Орынбор, 1891) атты еңбегін атауға болады. М. Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Кезінде ұлттық ойындарды зерттеген авторлар қатарында М.Тәнекеев, Б. Төтенаев, М. Балғымбаев, Ә. Бүркітбаев, т.б. есімдерін атауға болады. Кеңес Одағы кезіндегі ұлттық ойындардың маңызы мен қажеттілігін көрегендікпен қарастырған ғалым Б. Төтенаев «Қазақтың ұлттық ойындары» (Алматы, 1994) атты еңбегінде қазақ ойындарын бірнеше топқа бөліп, ойын шарттарын жазып, жастар үшін тәрбиелік мәнін зерделеп, ойын білдірген. Сабақта және тәрбиеде, яғни балабақшалар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдаланса, алдымен еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен спорттық, дене тәрбиеге байланысты тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Осы мәселеге байланысты зерттелген ғылыми еңбектерді біз хронологиялық шектігіне қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

Орыстың отарлау саясаты кезеңіндегі алғашқы орыс әскери шенеуніктері мен миссионерлерінің көшпенділер хақындағы зерттеу жұмыстары;

Кеңес заманы кезеңіндегі Орта Азия және Қазақстан халықтарының ұлттық ойындары туралы жазылған ғылыми еңбектер.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қобланов Ж «Спорттық күрес әдісі темесінің негіздері», Шымкент: 1992, 120б
2. Жаска сай физиология және мектеп гигиенасы. - Алматы, 2003 – 85бет
3. Мухитдинов «Қазақша күрес» Алматы: 1992ж – 60 бет
4. Аулик И.В. Как определить тренированного спортсмена. – М.: ФиС, 1977.-88стр
5. Ұлттық энциклопедия. 2002ж, – 442бет

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

А.Л. Мырзабеков., М.Қ. Раймбердиев., Е.О. Молдабеков  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ,  
Шымкент қаласы.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада болашақ оқыту үшін кәсіби дайындық талқыланады. теориялық білімді жетілдіру. Жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі туралы идея, озат тәжірибелер мазмұны түрлі елдерде тарихи кезеңдерде философтар мен психологтардың, педагогтардың тұжырымдарына негізделген.

**Кілт сөздер:** денсаулықтың негізгі шарты-мәдени орта, салауатты өмір салты жеке тұлғаны қалыптастыру, кәсіби дағдылар

**Аннотация.** В этой статье рассматривается и обсуждается профессиональная подготовка для будущего обучения. улучшить теоретические знания

**Ключевые слова:** Основным условием здоровья является культурная среда, здоровый образ жизни формирование личности, профессиональные навыки

**Annotation.** This article discusses training for future study. improve theoretical knowledge

**Keywords:** the main condition for health is a cultural environment, a healthy lifestyle, personality formation, professional skills

Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие. Бүгінгі болашақ мұғалімді дайындауда олардың салауатты өмір сүру мен денсаулық, дене мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның денсаулығы жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарттарының бірі. Соның ішінде денсаулықтың басты шарты-мәдени орта, салауатты өмір салты.

Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын. Білім беру жүйесінің алдындағы маңызды міндеттерінің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселесі. Соған байланысты көптеген құжаттар бар, мәселен: Елбасы 1998 жылы 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде «Салауаттану – денсаулықты сақтау» бағдарламалары.

Бұл құжаттардағы негізгі мәселенің бірі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар тәрбиесі. Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні дене тәрбиесі мұғалімінің назарынан да тыс қалмауы қажет.

Дене тәрбиесі сабағындағы сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, оқушылардың рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек.

Болашақ мұғалімнің жеке басының маман ретінде қалыптасуы үшін кәсіби сапасының негізгі талаптарының бірі ретінде оның жалпы ғылыми-әдістемелік даярлығын ерекше атап өтуге болады. Бүгінгі таңда күн тәртібінде студенттердің өзін-өзі басқаруды дамыту міндеттері қойылып, болашақ мұғалімнің дербестігі мен белсенділік дағдысын тәрбиелеу және дамыту қажеттілігі күннен-күнге артып отыр. Жоғары оқу орындарына болашақ мұғалімдерге өз кәсіби міндеттерін жете білетін, қажетті педагогикалық дағдыларды меңгерген, өз Отанын сүйетін шәкірттерді тәрбиелеу мен оған мұғалімдерді

кәсіби дайындау міндеті жүктелген. Осы мақсатта жоғары оқу орындарында болашақ маман дайындаудың сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінуде [1].

Жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі туралы идея, озат тәжірибелер мазмұны түрлі елдерде тарихи кезеңдерде философтар мен психологтардың, педагогтардың тұжырымдарына негізделген.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

– дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

– әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

– үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

– дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;

– дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің дамуының да өзіндік тарихи кезеңдері бар.

Бірінші кезең – қозғалыс дағдыларының ағзаға әсері жөніндегі эмперизмдік білім кезеңі. Адам баласы оны күнделікті қозғалыс-қимылында алды. Мұндай білімнің жиналуы «қозғалыс жаттығуларының» тиімділігі мен ағзаға оң әсері танылып, кейінгі кезеңдерде дене тәрбиесінің пайда болуына әсер етті[2].

Екінші кезең – дене тәрбиесін дамыту жөніндегі идеялар мен оның әдістемесінің пайда болуы Орта ғасырларда Греция, Рим мемлекеттерінде бастау алды. Бұл кезеңде дене жаттығуларының сауықтыру және ішкі ағза қызметіне әсері зерттелді, оның тиімділігі төзімділік пен белсенділікті, күшті, ерік-жігерді, батылдықты, қайрат пен қозғалыс дағдыларын жетілдірудегі маңызы ескерілді. Сондықтан әскери ойындар, жаттығу, сайыс, түрлі қимыл-қозғалыс әдістерін жүйелеу және оны тиімді пайдалану жөніндегі алғашқы әдістемелер пайда болды.

Үшінші кезең – қайта өрлеу кезеңінен басталып, дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің білімдік, практикалық қорларының жинақталуы ХІХ ғасырға дейінгі кезеңде дами түсті.

Себебі адам ағзасын зерттеу, сырқатының пайда болу жағдайы мен емдеу жолдарын табу мақсатындағы дәрігерлік тәжірибе философтар мен дәрігерлердің, ағартушылардың дене тәрбиесіне, дене мүмкіндіктеріне, ағза ерекшеліктеріне назар аударды. Сөйтіп, адам ағзасы және оның функционалдық қызметі жөніндегі зерттеулер жүргізіліп, алғашқы тұжырымдардың, дене тәрбиесінің теориялық өзегінің пайда болуына әсерін тигізді.

Қайта өрлеу дәуірінде дене тәрбиесі тұтастай тәрбие ісінің қажетті бір буыны деп есептеліп, алғашқы ғылыми негізделген теорияларды пайда етті. ХVІІІ ғасырда дене шынықтыруда пайдаланылатын дене жаттығуларының биомеханикалық сипаттары зерттеле бастаса, ал кейінгі ХІХ ғасырда дене тәрбиесінің ерекшеліктерін сипаттайтын еңбектер пайда болды.

Төртінші кезең – Қазан төңкерісіне дейінгі дене тәрбиесінің оқу пәні ретіндегі орны, теориясы мен әдістемесінің қалыптасу кезеңі болды. Бұл кезең дене тәрбиесінің өзекті мәселелерінің жүйеге келтіріліп, арнайы зерттеулер мен тәжірибелердің жүргізілуімен сипатталды. Бұл саладағы ең көрнекті тұлға П.Ф. Лесгафт болды, оның дене тәрбиесі жөніндегі ілімі мен жасаған әдістемелік ұсыныстары қазіргі дене тәрбиесі теориясының қалыптасуында зор маңызы бар.

Бесінші кезең – Кеңестік дәуірдегі дене тәрбиесі ғылымының даму кезеңі, дене тәрбиесінің кешенді түрде ұйымдастырылып, дене тәрбиесі ғылымының басқа ғылымдармен сабақтастықта, ғылым саласының ықпалды бірлігіне негізделген кешенді сипатта, ғылыми негізге, заңдылықтарға сүйене отырып қалыптасу жүзеге асты.

Алтыншы кезең – қазіргі кезеңде әлемдік білім кеңістігіне еруге бағдар жасауда, дене тәрбиесіндегі озат әлемдік тәжірибелерді, онымен шектес ғылыми пәндер ауқымындағы зерттеулердің нәтижелерін тиімді пайдаланып, шетелдік озат тәжірибелерді, сондай-ақ дәстүрлі әдістерді жаңа жағдайда, жаңа педагогикалық технологиялармен сабақтастыра отырып пайдалану арқылы ХХІ ғасыр заманындағы дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің негізін жасаумен сипатталады. Дене тәрбиесі ғылымының дамуы психологтар мен физиологтардың тәжірибесінде адам ағзасының мүмкіндіктері туралы ой-пікірлері мен тұжырымдарына, іс-тәжірибелерінің қалыптасуына жаңалықтар енгізеді.

Демек, дене тәрбиесі адам әрекетінің сан – қилы сипатымен дамиды, өзінің ой-санасы мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамиды ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде дене тәрбиесі теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді .

Құл иеленушілік қоғамда дене тәрбиесі таптық сипатқа ие болып, әскери жаттығулар түрінде қанаушы тапты басып-жаншу, жаулап алу, басқыншылық жұмыстарын жүргізу мақсатында жүргізілді. Арнайы әскери-денешынықтыру жүйесі жасалып, ұйымдастыру әдіс-тәсілдері дами түсті. Дене тәрбиесі кәсіби сипатта пайда болды.

Ежелгі Греция, Рим мемлекеттерінде жан-жақты адам болу үшін, алдымен дене мәдениеті қалыптасқан, поэзия, музыка, шешендік өнер т.б. игеру арқылы үйлесімді адам тәрбиелеу міндеті қойылды. Бұл кезеңдегі еңбек қажеттілігімен туындаған дене тәрбиесі толығымен даму сипатында болды. Платонның өзі саналы мемлекетті құру үшін алдымен барлық адамдар дене тәрбиесімен айналысып, дене салауаттылығына көңіл бөлу қажеттілігіне тоқталды [3].

Феодалдық дәуірде үстем тап өкілдері дене тәрбиесін әскери денешынықтыру жаттығуларын әскери-гимнастика, найзаласу, атқа салт мініп жүру т.б. түрлеріне үйрететін кәсіби маманның қажеттігіне мән бере бастады. Ал капитализм кезеңінде буржуазиялық үстем тап иелері өздерінің саяси үстемдік етуін күшейту мақсатында дене тәрбиесін дамытуға көңіл бөлді. Капитализм дәуіріндегі дене тәрбиесінің ерекшеліктерінің бірі қала мен кішігірім елді мекендердің ажыратылуы, қарапайым халық пен үстем тап арасындағы дене мәдениетінің қалыптасу жағдайларының әр түрлілігімен тереңдей түсті. Буржуазиялық спорттың дамуы, халықаралық спорттық ұйымдардың құрылуына себепші болды, олимпиадалық ойындар өткізіле бастады.

Ал қазақ жерінде дене тәрбиесінің негізі ретінде ойындар мен жарыс сипатындағы қимылды жаттығулар тек дене күштерін арттыру ғана емес, ата-бабаларымыздың ұлттық психологиялық болмысы мен тәлім-тәрбиесін, рухани адамгершілік сипаттары мен мәдени құндылықтарын өзара ішкі бірлікте денсаулық сақтау межесіне жету мақсатын көздеген.

М.О. Әуезов: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеріп жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған» – деп тегіннен-тегін айтпаған.

Осы сарындағы түсініктер ертедегі Қазақстан жеріндегі тайпалар мен рулардың ойын-сауықтары, мәдениеті т.б. жайындағы деректер ХІІІ-ХVІІІ ғасырлардан Орта Азия мен қазақ жерлерінде болған Еуропа саяхатшыларының еңбектерінде ұшырасады. Қазақ халқының кейінгі шығарған ұлттық ойындары жайлы Еуропа елдеріне таныстырған Италия саяхатшысы Платано Карпини болған.

Дене тәрбиесінің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше атап өтеді. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар өзара үйлесімді

дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болады деп есептейді [4].

Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» дастанында ұлттық психологиямыз бен ерекшеліктерімізге тоқтала келе, «кемел адам» ұғымын енгізе отырып, кемел адамның бойында мынадай қасиеттер: жомарттық, саламаттылық, білімділік, ақылдылық, бір сөзде тұру, ширақтық болу қажет дейді.

Ұлы ағартушы Абай дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесі үйлескенде ғана әр адам сымбатты болумен қатар, жан-жақты қалыптасқан жан болмақ деген пікірді қуаттайды. Мысалы, «Сегіз аяқ» өлеңінде бойдағы, денедегі күш-қуатты ойсыз, ақылсыз іс-әрекетке жібермей, белсенді өмір сүре отырып, өзінді дамытатын, жетілдіретін іспен ұштастыра білу қажеттігін ескертеді. Әсіресе, «Қара сөздер» адам тәлім-тәрбиесіне бағыт-бағдар беретін, жай ғана бағыт қана емес, ғылыми негізге сүйенген, өмірлік жағдайлардан алынған философиялық тұжырымдар мен түйіндерден тұратын құнды дүние. Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі ғылыми және оқу пәні ретінде жетекшілік рөл атқара отырып, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытты анықтайды. [5].

Мұғалімнің дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесін және практикасын жете білуі, оның педагогикалық ойлау жүйесінің дамуының басты шарты. Әртүрлі деңгей мен түрлерінде, дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғысынан шешуге, болып жатқан жаңалықтарды біліп отыруға, кейбір теориялық және практикалық іс-тәжірибелік жаңалыққа сын көзбен қарап қабылдауға, дене тәрбиесі міндеттерін шешуде қосымша өтетін ғылыми пәндердің атқарар рөлін дұрыс бағалауға, өзінің педагогикалық шығармашылық негізін жасауда дене тәрбиесі мәселесі бойынша жүргізілген зерттеудің маңызы зор.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану.—Алматы: Рауан, 2010ж.
2. Оңалбек Ж.К. Дене тәрбиесі мен спорттың жеке адамдар арасында ұлттық қарым-қатынастарды дамытудағы орны. – Алматы: Алтын табақ, 2011ж.
3. Жаңабаев Қ.Т. Балалар үйінде дене тәрбиесінде ойындарды пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы: Рауан, 2008ж.
4. Мұхиддинов Е. Использование казахских народных игр в физическом воспитании учащихся.— Алматы: Қайнар, 2004ж.
5. Нұрлыбекова А.Б. Повышение роли физического воспитания в учебно-воспитательном процессе. – Алматы: Қайнар 2008ж.

## БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ АҒЗАҒА ТИГІЗЕТІН ПАЙДАСЫ МЕН ОЙЫН БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАКТИКАЛАР

А.Л. Мырзабеков., М.Қ. Раймбердиев., Е.О. Молдабеков  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ  
Шымкент қаласы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада баскетболшының тәсілі екі үлкен бөліктен тұрады: шабуылдаушы және қорғаныс. Тәсілді қолдану тек қорғаныс және шабуыл әрекеттерінің міндетті бірлігі негізінде оқытылып, жетілдірілуі керек. Осы бірлікке қол жеткізу үшін қолданудың кең ауқымы болуы керек және оларды ойында қолдана білу керек, ұтымды тәсілдің болуы баскетболшының қабілеттерін барынша толық және тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** тактика, ойын, баскетбол, шабуыл, ереже, уақыт

**Аннотация:** Подход баскетболиста состоит из двух больших частей: атакующего и оборонительного. Применение подхода следует учить и совершенствовать только на основе обязательного единства защитных и наступательных действий. А для достижения этого единства необходимо иметь широкий запас применений и уметь применять их в игре, наличие рационального подхода позволяет максимально полно и эффективно использовать свои способности баскетболиста.

**Ключевые слова:** тактика, игра, баскетбол, атака, правило, время

**Abstract.** The basketball player approach consists of a large two-part, offensive and defensive approach. Applications of the approach should be trained and improved only on the basis of mandatory unity of defensive and offensive actions. And to achieve this unity, it is necessary to have a wide stock of uses and be able to use them in the game, the presence of a rational approach will allow the basketball player to use his abilities as fully and efficiently as possible.

**Keywords:** tactics, game, basketball, attack, Rule, time

Баскетбол ойынның ережесі – доптың қолмен ойналуы болып табылады. Доппен жерді ұрмай жүгіруге, сондай-ақ аяқпен допты тебуге, ойыншыны аяқтан шалуға тиым салынады және қолмен ұруға болмайды. Егер тор қалтаны жақын жерден дәлдесе 2 ұпай беріледі. Ал доп 6,25 метрден сәтті лақтырылса онда ұпай саны бірден 3 ке көбейеді. Бір матч 20 минуттық үш кезеңнен тұрады. Осы аралықта ойында есеп тең болып тұрса, төреші тарапынан қосымша уақыт қосылады. Кәсіби терминде мұны «Овертайм» деп атайды. Ойын ашық алаңда және спорт залда өтеді. Алаңның көлемі 28×15 м. Қақпа жерден кем дегенде 3 метр биіктікте орнатылады. Қақпа орналасқан қалқанның көлемі 180x105 см. Қақпа сақиналы торқалта себеттен тұрады. Пайдалары:

1. Денені шынықтырады.
2. Жүрек ауру қауіпін азайтады.
3. Зат алмасу процесін жақсартады.
4. Қанайналымжүйесінжақсартады.
5. Қанныңқұрамындағы май мөлшеріназайтады.
6. Ептілікті арттырады.
7. Көмекшіл болуды,
- 8.Өзін-өзі қорғаудыжәнеөзгелердісыйлауды,
9. Бір топтың мүшесі болуды,
10. Қағидағаларғамойынсұнуды,
11. Өзгелерментілтабысуды,
12. Жүйелі түрде тамақтануды,
13. Бойын жаман әдеттерден аулақ ұстауды үйретеді.
14. Ұйымшылдықтыүйретеді.

15. Жауапкершілікті болуға ынталандырады.
16. Өзіне-өзі сенімшілік, шешім қабылдау, лидерлік қабілеттерді арттырады.
17. Спорттық белсенділікті арттырады.
18. Сүйек және бұлшық еттерді нығайтады.
19. Жылдамдық, күш-қуатты арттырады.
20. Талпыну, іздену, шыңдау қабілеттерін арттырады.
21. Бойдың өсуіне көмектеседі.
22. Тазалыққа баулиды.

Ойыншыларға кеңес:

1. Жарыстың алдында міндетті түрде бой қыздыру жаттығулары жасалу керек.

2. Ойын кезінде жүзік, білезік, алқа секілді бұйымдарды шешіп тастаған жөн. Себебі қолға, саусаққа және өзгелерге зияны тиюі мүмкін

Ережелердің өзгеруі, физикалық дайындықтың деңгейінің әрдайым көтерілуі, күресті басқару формасының әрекеттенуі әрқашанда тактикаға байланысты. Қазіргі заманғы тактика әртүрлі және күрестің ақылға қонымдылығы, жақсы өтуіне мүмкіндік береді. Екі қарсылас команданың физикалық және механикалық дайындықтарының тең болған жағдайында, спорттық күресті өз және қарсыластарының мүмкіншіліктеріне сәйкес ұйымдастырған команда жеңеді.

Тактика көптеген факторларға байланысты: команданың механикасы, оның еңбек ету қабілеті, психологиялық дайындық, ұстамдық күшін қолдана білу, қарсыластарға өз мүмкіндігін беру т.б.

Командаға қызметтерін бөліп беру әрекетінің ұйымдасуын қамтамасыз етеді.

Қызметті анықтау ойыншының өз міндетіне және рөлін көз алдына елестетуге көмектеседі, қазіргі уақытта қызметтерді төмендегідей бөлу мақсатқа сәйкес келеді. Алдыңғы сызықтағы ойыншылар (ортадағы, шеттегі шабуылшылар), артқы сызықтағы ойыншылар. Ортадағы ойыншы ереже бойынша ұзын бойлы болады. Ол бәрінен де қалқанға ең жақын орналасады, сондықтан ол шабуылды басқарып, бітіре алады немесе қорғаныста күрес ұйымдастыра алады. Алдыңғы сызықтың шеткі ойыншылары кәрзенкеге шабуыл тасталады.

Артқы сызық ойыншылары шабуыл ұйымдастырушылардың рөлін ойнап тәсілді ойын басқару міндетін атқарады. Қазіргі заманда ойыншылардың орындарын ауыстыра білу керек. Алдыңғы және артқы сызықтағылар да дәл солай. Уақытты ұту үшін орында тұрып қалған ойыншының қызметін атқара білу керек.

Жеке әрекет – бұл тактикалық құрылыстың сәттілігінің негізі. Оның әсері ойыншының дәл уақытында, рационалды түрде әрекет жасай білуіне байланысты. Тактиканың негізгі әдісі – физикалық дайындыққа байланысты емес, ол ойыншының тактикалық білімінің болуы, әрекеттің белсенділігіне, алаңда жан табуға, қарсыласты алаңды білуге байланысты. Жеке әрекет доппен, допсыз болуы мүмкін. Бұл әрекет мақсатқа көздеген және әсерлі болуы керек. Сондықтан орындалатын әрекет, тез және қарсыластан бұрын болуы керек. Қандай жағдай болса да қарсыласты шатастыра білу керек, ол үшін әрекетті білдірмей жасау керек. Ол үшін кей әрекет-әдістердің тактикаларын білу керек. Ұшып келе жатқан допты орында тоспай қарсы алдына шығу керек, берілістер қатты, тез және жасырынды түрде болуы керек. Егер әрекет үйлесімді орындалса, әсер болады. Құлық әрекет деп көңіл аударатын және шын әрекеттердің жасыруын айтамыз. Құлықта екі сала бар: көңіл аударатын әрекет, нағыз әрекеттер.

Қолданылатын барлық тактикалық әрекеттері 2-3 адамнан тұрады. Команданың әрекеттілігін территорияның қолдану, өзара орналасу және өзара көмектесу құрайды. Екі ойыншының әрекеттестігі. Әрекеттестіктің екі түрі бар: «Бір де бір шық» және серігіне көмектесу «тосқауыл». «Бір де шық» – әрекеттескен территорияға бөлу, дара орналасудан тұрады. Допты беріп қайта алу керек, оны қорғаншының көзі ауған кезде жасау керек. «Бер де шық» әрекеттестігінде мақсатқа көзделген шешім қабылдануы мәжбүр жағдайлар тууы



мүмкін. Егер екі ойыншы қарсыласып, оның бірі доп үшін күрессе, қарсыласы оның серігінің көңілін аударуы керек. Ал өз серігіне доп беруге қолайлы жағыдай жасау керек. Егер әрекеттестік алаң ортасында болса, онда оларға диагональді бағытта болу керек. Тосқауыл

– бұл әрекет серікке көмектесуден тұрады. Тактикалық белгілер бойынша тосқауыл берілген тапсырысында мақсатына қарай бөлінеді. Лақтыруға тосқауыл – серікті лақтыруға қарсыласудан 32 көмектеседі. Шығу үшін тосқауыл – серігіне допты тосуына көмектесу. Екпіндікпен шабуылдың екі түрі бар: «шапшаң жару» және «энеолондап жару». Бағытталған шабуыл. Бұл шабуылда екі жүйе бар: ортадағы ойыншы арқылы немесе ортадағы ойыншысыз. Әрқайсысының өз нұсқаулары бар. Ортадағы ойыншы арқылы бағытты шабуылдық негізгі жүйесі. Ол ортадағы ойыншының, қызметін атқаратын ойыншылар. Санына қарай неше түрлі нұсқалары бар. Ортадағы ойыншы бойы ұзын болғандықтан қарсыластарына қауіпті. Оның міндеті көбіне соңғы сәтте алып шабуыл жасау болады. Ол үшін ол еркін қалдыру команда ойыншылары шашылып тұру керек, сонда қарсыластардың көңілі бөлінеді. Шабуыл тек ортадағы немесе басқа да ойыншылар арқылы жасалуы мүмкін. Ортадағы қарсыластардың көңілін бөліп серіктестеріне көмектесе алады. Ортадағы ойыншысыз шабуыл – бұл шабуыл ортада нақты ойыншы болған жағдайда қолданылады.

Қорғау тактикасы кезінде жеңістің ең басты шарты – қарсылас шабуылшымен сәтті жасалған күрес. Өз кәрзеңкесіне еш доп жолатпай жеңуге болады. Қорғаныстағы команда әрекеті шабуылға жауап болып табылады.

Тапсырманы орындау үшін команда тек өз кәрзеңкесін қорғап қоймай, шабуыл да жасау керек. Қорғаныс әрқашан екі қызмет атқару керек: бұзу және құру, шабуыл жасауға мүмкіндік құру.

Жеке әрекет барысында әр ойыншының дұрыс шешім қабылдауы және оны жасау команданың сәтті әрекетін қамтамасыз етеді. Қорғаушының қандай да бір қатесі қарсылас қапайда әкеледі, команданың әрекеттерінің ұйымсыздығын көрсетеді. Қорғаныстағы әрекеттердің сәттілігі тек техникалық ұсталыққа емес, сенімді және ойынға да байланысты. Жеке әрекеттердің негізгі тапсырмалары төмендегідей:

1. Қорғаныштағы допты еркін бермеу.
2. Егер қорғаныштағы допты алса, оның әрекеттерін лезде байлау.
3. Допты тартып алуға әрекет жасау.
4. Бар күшпен шабуылшыға кәрзеңкеге доп салдырмау, қарсы тұру.

Ойыншыны ұстау демек доп басқа командада болғанда оған қамқорлық жасау. Қорғауындағының жанында үнемі болу қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://stud.kz/referat/show/109344>
2. <https://ppt-online.org/741290>
3. <https://multiurok.ru/index.php/files/baskietbol-oiyynyn-ok-ushylarg-a-uirietudin-man-yzd.html>

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ АРҚЫЛЫ АҒЗАНЫҢ ҚАТАЮЫ

А.Л. Мырзабеков., М.Қ. Раймбердиев., Е.О. Молдабеков

Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ,

Шымкент қаласы

**Аңдатпа.** Қатаю – бұл, ең алдымен, мыңжылдық эволюциядан туындаған ағзаны қорғау мен бейімдеудің идеалды физиологиялық механизмдерін шебер қолдану. Бұл ағзаның жасырын мүмкіндіктерін пайдалануға, қорғаныс күштерін қажетті уақытта жұмылдыруға және сол арқылы қоршаған ортаның қолайсыз факторларының оған қауіпті әсерін жоюға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** қатаю, күш, адам, эмоциялар, жаттығулар, сергектік

**Аннотация.** Закаливание – это умелое использование идеальных физиологических механизмов защиты и адаптации организма, созданных, прежде всего, тысячелетней эволюцией. Она позволяет использовать скрытые возможности организма, мобилизовать защитные силы в нужный момент и тем самым устранить опасное воздействие на него неблагоприятных факторов окружающей среды.

**Ключевые слова:** закаливание, сила, человек, эмоции, упражнения, бодрость

**Abstract.** Hardening is, first of all, the skillful use of the perfect physiological mechanisms of protection and adaptation of the body, created by millennia of evolution. It allows you to use the hidden capabilities of the body, mobilize protective forces at the right moment and thereby eliminate the dangerous impact of adverse environmental factors on it.

**Keywords:** hardening, strength, person, emotion, exercise.

Кез келген жақсарту – бұл ұзақ мерзімді жаттығу. Демек, шынықтыру – ағзаның қорғаныс күштерін жаттықтырудың бір түрі, оларды дер кезінде жұмылдыруға дайындау. Шынықтыру ауруды емдемейді, оның алдын алады, бұл оның ең маңызды профилактикалық рөлі. Шыныққан адам тек ыстық пен суыққа ғана емес, сонымен қатар дененің қорғанысын әлсіретуі мүмкін сыртқы температураның күрт өзгеруіне де оңай шыдайды. Ең бастысы, шынықтыру кез келген адам үшін қолайлы, яғни, оны физикалық даму дәрежесіне қарамастан кез келген жастағы адамдар жасай алады. Шынықтыру ағзаның жұмыс қабілеттілігі мен төзімділігін арттырады. Шынықтыру процедуралары эмоционалдық сфераның жағдайын қалыпқа келтіреді, адамды ұстамды, теңгерімді етеді, олар сергектік береді, көңіл-күйді көтереді. Йогилердің пікірінше, шынығу ағзаның табиғатпен қосылуына әкеледі.

Шынықтыруды бастағанда келесі принциптерді ұстанған жөн:

– шынықтыру процедураларын жүйелі қолдану. Денені шынықтыру жүйелі түрде, ауа райы жағдайына қарамастан және ұзақ үзіліссіз жыл бойы күн сайын жүргізілуі керек. Ең дұрысы, егер қатайту процедураларын қолдану күнделікті тәртіпте нақты бекітілген болса. Содан кейін дене қолданылатын тітіркендіргішке белгілі бір стереотиптік реакцияны дамытады: дененің суықтың әсеріне реакциясындағы өзгерістер, қайта салқындату нәтижесінде дамиды, тек салқындатуды қайталаудың қатаң режимінде бекітіледі және сақталады.

– тітіркендіргіш әсердің күшінің біртіндеп артуы. Шынықтыру процедураларының күші мен ұзақтығы біртіндеп артқан жағдайда ғана шынықтыру оң нәтиже береді. Шынықтыруды қармен сұртуден немесе ойыққа шомылудан бірден бастауға болмайды. Мұндай қатаю денсаулыққа зиян тигізуі мүмкін. Аз күшті әсерлерден күштірек әсерлерге көшу ағзаның жай-күйін және оның қолданылатын әсерге реакцияларының сипатын ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырылуы керек. Бұл әсіресе балалар мен қарттарды, сондай-ақ жүрек, өкпе және асқазан-ішек жолдарының созылмалы ауруларынан зардап шегетін адамдарды шынықтыру кезінде ескеру маңызды. Шынықтыру

процедураларын қолданудың басында ағзада тыныс алу, жүрек-қан тамырлары және орталық жүйке жүйелерінен белгілі бір реакция пайда болады. Бұл процедура бірнеше рет қайталанған сайын, ағзаның оған реакциясы біртіндеп әлсірейді және оны одан әрі қолдану бұдан әрі қатаю әсерін тигізбейді. Содан кейін қатайту процедураларының ағзаға әсерінің күші мен ұзақтығын өзгерту қажет.

– шынықтыру процедураларын жүргізудегі жүйелілік. Денені жұмсақ процедуралармен алдын ала жаттықтыру қажет. Сіз сұртуден, аяқ ванналарынан бастай аласыз, содан кейін ғана температураны біртіндеп төмендету принципін сақтай отырып, жууға кірісе аласыз. Шынықтыруды жүзеге асырған кезде белгілі медициналық ережені ұстанған дұрыс: әлсіз тітіркендіргіштер функциялардың жақсаруына ықпал етеді, күштілері оған кедергі келтіреді, шамадан тыс – жойғыш.

– адамның жеке ерекшеліктерін және оның денсаулық жағдайын ескеру. Шынығу ағзаға, әсіресе оны алғаш бастаған адамдарға өте күшті әсер етеді. Сондықтан, қатайту процедураларын бастамас бұрын дәрігермен кеңесу керек. Ағзаның жасы мен жағдайын ескере отырып, дәрігер қатайтатын агентті дұрыс таңдауға көмектеседі және жағымсыз салдардың алдын алу үшін оны қалай қолдану керектігі туралы кеңес береді.

– Шынықтыру барысындағы дәрігерлік бақылау шынықтыру процедураларының тиімділігін анықтауға немесе денсаулықтағы жағымсыз ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар дәрігерге болашақта шынықтыру сипатын жоспарлауға мүмкіндік береді. Өзін-өзі бақылау келесі көрсеткіштерді ескере отырып жүзеге асырылады: жалпы әл-ауқат, дене салмағы, тамыр соғысы, тәбет, ұйқы.

– табиғи факторлардың әсерінің күрделілігі. Ағзаны шынықтыру үшін кеңінен қолданылатын қоршаған ортаның табиғи факторларына ауа, су және күн сәулесі жатады. Шынықтыру процедураларын таңдау бірқатар объективті жағдайларға байланысты: жыл мезгіліне, денсаулық жағдайына, тұрғылықты жерінің климаттық-географиялық жағдайларына. Ең тиімдісі - адамға күнделікті әсер ететін табиғаттың табиғи күштерінің барлық кешенін көрсететін әр түрлі шынықтыру процедураларын қолдану. Шынықтыру әсеріне тек арнайы шынықтыру процедураларын қолдану арқылы ғана емес, сонымен қатар адам тұратын бөлменің оңтайлы микроклиматын және дененің айналасында микроклимат жасайтын киімнің жылудан қорғайтын қасиеттерін қамтиды. Шынықтыру үшін ең қолайлысы динамикалық немесе пульсациялық деп аталатын микроклимат болып табылады, онда температура реттелген тұрақты деңгейде ұсталмайды, бірақ белгілі бір шектерде ауытқиды. Денені тез және баяу, әлсіз, орташа және күшті суық әсерге үйрету керек

Шынықтырудың негізгі әдістері.

Ауамен шынықтыру: ауа процедураларының қатайтатын агент ретіндегі маңызды және айрықша ерекшелігі – олар әр түрлі жастағы адамдарға қол жетімді және оларды сау адамдар ғана емес, сонымен қатар кейбір аурулардан зардап шегетіндер де кеңінен қолдана алады. Сонымен қатар, бірқатар аурулар кезінде (неврастения, гипертония, стенокардия) бұл процедуралар терапевтік агент ретінде тағайындалады. Шынықтырудың бұл түрін таза ауаға деген әдетті дамытудан бастау керек. Ауаның ағзаға қатаю әсері бірқатар физикалық факторлардың кешенді әсерінің нәтижесі болып табылады: температура, ылғалдылық, бағыт және қозғалыс жылдамдығы. Сонымен қатар, әсіресе теңіз жағасында адамға теңіз суының құрамындағы тұздармен қаныққан ауаның химиялық құрамы да әсер етеді.

Температуралық сезімдер бойынша ауа ванналарының келесі түрлері ажыратылады: ыстық (30С° жоғары), жылы (22С° жоғары), немқұрайлы (21,22С°), салқын (17-21С °), орташа суық (13-17С °), суық (4-13С °), өте суық (4С ° төмен).

Жылы ванналар, шынықтыруды қамтамасыз етпесе де, тотығу процестерін жақсартатын отырып, ағзаға жағымды әсер етеді. Ауаның ылғалдылығы оның температурасының ауытқуымен бірге организмнің терморегуляция процестеріне әр түрлі әсер етуі мүмкін. Тері мен өкпе бетінен ылғалдың булану қарқындылығы ауаның салыстырмалы ылғалдылығына

байланысты. Құрғақ ауада адам ылғалды ауаға қарағанда әлдеқайда жоғары температураға оңай төзеді. Құрғақ ауа ағзаның ылғалдылығын жоғалтуға ықпал етеді. Ауа ванналарын қабылдау кезінде ауаның (желдің) қозғалғыштығы да маңызды емес.

**Күннің қатаюы.**

Күннің инфрақызыл сәулелері ағзаға айқын жылулық әсер етеді. Олар денеде қосымша жылудың пайда болуына ықпал етеді. Нәтижесінде тер бездерінің қызметі күшейіп, тері бетінен ылғалдың булануы күшейеді: тері астындағы қан тамырлары кеңейіп, терінің қызаруы пайда болады, қан ағымы күшейеді және бұл қан айналымын жақсартады. дененің барлық тіндеріндегі ауа ванналары. Инфрақызыл сәулелену ультракүлгін сәулеленудің ағзаға әсерін күшейтеді. Ультракүлгін сәулелер негізінен химиялық әсерге ие. Ультракүлгін сәулеленудің үлкен биологиялық әсері бар: ол организмде айқын антирадикалық әсері бар D дәруменінің түзілуіне ықпал етеді; зат алмасу процестерін жеделдетеді; оның әсерінен белок алмасуының жоғары белсенді өнімдері – биогенді стимуляторлар түзіледі. Ультракүлгін сәулелер қан құрамын жақсартуға көмектеседі, бактерицидтік әсерге ие, осылайша ағзаның суық тиюге және жұқпалы ауруларға төзімділігін арттырады; олар дененің барлық дерлік функцияларына сергітетін әсер етеді. .

**Сумен қатаю**

Белгілі салқындату әсері бар қуатты агент, өйткені оның жылу сыйымдылығы мен жылу өткізгіштігі ауадан бірнеше есе көп. Бірдей температурада су бізге ауадан суық болып көрінеді. Суды қатайту процедураларының әсерінің көрсеткіші терінің реакциясы болып табылады. Егер процедураның басында ол қысқа уақытқа бозарып, содан кейін қызарып кетсе, онда бұл оң әсерді көрсетеді, сондықтан терморегуляцияның физиологиялық механизмдері салқындатуды жеңе алады. Егер терінің реакциясы әлсіз болса, оның ағаруы мен қызаруы болмайды – бұл экспозицияның жеткіліксіздігін білдіреді. Судың температурасын біршама төмендету немесе процедураның ұзақтығын арттыру қажет. Терінің күрт ағаруы, қатты суықтың сезімі, қалтырау және қалтырау гипотермияны көрсетеді. Бұл жағдайда суық жүктемені азайту, судың температурасын көтеру немесе процедураның уақытын қысқарту қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://infourok.ru/zakalivanie-organizma-sredstvami-fizicheskoy-kultury-6718023.html>
2. <https://ppt-online.org/741290>
3. <https://multiurok.ru/index.php/files/baskietbol-oynyn-ok-ushylarg-a-uirietudin-man-yzd.html>

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**А.Қ. Маханбетова** – магистр, оқытушы,  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, Шымкент қаласы.  
makanbetova198@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл мақалада физика білімінің болашағы талқыланады, ұлттық мәдени сауықтырудың бағыттылығы мен теориялық негізі.

**Кілт сөздер:** ұлттық салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются будущие физические учебные физики ориентация и теоретические рамки национального лечения культурной культуры.

**Ключевые слова:** национальные традиции, национальные игры.

**Abstract.** This article discusses vocational training for future studies. theoretical premises for improvement.

**Keywords:** national traditions, national games, family education.

Қазіргі уақытта бүкіл тарихи, мәдени-адамгершілік, рухани құндылықтарымыз жаңа ғасыр, жаңа заман тұрғысынан қайта бағаланып, ұлтымыздың төл мәдениеті, салтымыз, тіліміз, ұлттық намысымыз, табиғи ортамыз, ұлттық мәдениетіміз бекіп, жаңғырып, дамып, өркендеуде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің міндеттері ретінде азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеруді» – міндеттеліп отырғаны бәрімізге мәлім.

Ал, бүгінгі таңда жеке тұлғаны дамытуды жаңаша көзқараспен қарап, оны әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен ғасырлар бойғы қалыптасқан тәрбие әдістері мен тәсілдерін ұштастырып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық пен инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, дарындылық, қайырымдылық, енбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қасиеттерді, сондай-ақ, жас ұрпақтан өркениетті қоғамның ерікті, өз бас бостандығын қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалай алатын дені сау, ой еңбегі мен дене еңбегіне бірдей қабілетті азамат тәрбиелеу қажет болып отыр .

Әрбір әдепті ұрпақ халық дәстүрін, ата кәсібін, халық мұрасын жоғары бағалайды. Ата кәсіп – атадан балаға ауысып келе жатқан тіршілік мұрасы, мұрагер жалғастыратын дарынды әрекет болса, халық дәстүрі имандылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салттары мен дәстүрлері өзінше бір ғажайып әлем.

Қазіргі қайта өркендеу, ұлттық мәдениет пен салт-сананың жаңғыру кезеңінде баспа беттерінде ұлттық ойындар, оларды қолдану жөнінде жазылған бірсыпыра мақалалар, құнды еңбектер пайда бола бастады. Солардың ішінде Е.Сағындықовтың (1991 ж.) «Қазақтың ұлттық ойындары» атты оқу құралында халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының бірі және халық педагогикасының құрамды бір бөлігі ұлттық ойындардың тууы, дамуы, олардың ауыз әдебиетіндегі үлгілері, қазақтың ұлттық ойындарының зерттелуі мен жиналуы, олардың жинаушылары туралы сөз болады. Автор қазақтың ұлттық ойындарының тақырыбына, мазмұнына және ондағы көзделген мақсатына байланысты негізінен үш салаға топтастырып қарастырған. Олар: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары, дене шынықтыру, спорт ойындары және оймен келетін ойындар екеніне, олардың баланы тәрбиелеудегі маңызына тоқталған. Ол халық педагогикасының құрамдас бөлігі екенін, оларды ана-тілі, математика, дене тәрбиесі сабақтарында және ұлттық ойындарды тәрбие

жұмысында үзіліс кездерінде, ұзартылған күн топтарында, ертеңгіліктер мен кештерде пайдаланудың әдістемесі жасалған .

Халықтық тәрбиенің қайнар көзі: ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиетінің туындылары, өнер түрлері, ұлттық ойындар, отбасы тәрбиесі, тағы басқалары.

Ойын – тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Кез-келген қазақ халқының ұлттық ойындарының тәрбиелік мақсаттары бар. Мысалы: “Асық” ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке, ептілікке үйретсе, доппен ойын бүкіл дененің тұтас қимылдап, шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін: «Қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау» деп, мазмұнына қарай оларды: тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, ал жас ерекшеліктеріне байланысты: спорттық ойындар деп бөледі.

Ойын – халықты рухани әдептілікке, әділеттілікке баулитын тәрбиелік құралы. Сондықтан әрбір ойынның мәнін-мазмұнын түсініп, ойын кезінде қызбалыққа, дөрекілікке салынбай, әр ойынның тәртібіне әдеппен, қызыға қарап, мәдениетті түрде ойнау қажеттігіне көңіл бөлініп отырған.

Халқымыздың өткен заманда жасаған өнегелі тәжірибесі бізге қалдырған ой-парасаттық мұрасы мол. Бүгінгі ұрпақ бұрынғылардың ақыл-кеңесіне құлақ асса, адаспай, абыржымай, жаңылмай, жаза баспай арман-тілегіне неғұрлым тезірек жетуге жол табады екен. Әр замандағы ақылмандар айтып кеткен даналық сөздер тірліктің барша саласына қатысты, халықтың тәлімі қарастырмайтын бірде-бір мәселе жоқ. Өйткені тәрбие - өмірдің өзекті мәселесі. Олар өмір сүру үшін ғана жазбаған, керісінше, жазу үшін өмір сүрген. Өмір сүруді – өмірдің өзінен үйрену керек деп ескерген, өнегелі ғибраттарын, кітаптарды ауызша сөзбен қалдырған.

Қазақ халқының өзіндік мәдени, рухани, әдеби ұлттық дәстүрі қалыптасқан. Қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар: Жәнібек, Керей, Асан қайғы, Мұхаммед-Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайри, Қасым, Есім, Хақназар, Тәуекел, Тәуке, Қазтуған, Ақтанберді, Шал, Әнет, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Әбілқайыр, Абылай, Бұхар, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек, Сырымдай қасиетті ата-бабаларымыз көп болды. Аузы дуалы ақылгөй, жыраулар мен шешен билер жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен, өлең-жыр, толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға үндеп, берекелі бірлікке шақырып, қоғамдық өмір сахнасында көріне білген .

Ширек ғасыр бұрын ұлы ойшылдарымыз әл-Фарабиді, Махмұд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Құлқожа Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Мұхаммед Хайдар Дулати, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердиев жеке тұлғаны қалыптастыру үшін тәрбиелік мәні зор нақыл сөздерін, педагогикалық еңбектер, әдептілік, ұлттық тәрбие, тәрбиелік өнегелер, тәлімдер, ойлар, еңбектер жазып қалдырған.

Әл-Фараби: “Оқу, білім алу, ғылым адамы болу адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты”, – деп көрсетеді. “Ғылымды үйрену үшін адамның арының тазалығы қажет”, – дейді ұлы ұстаз. Тәрбиелеу – жеке адамның кісілігін қалыптастыру деп көрсетіп, “дене тәрбиесі” ұғымын кең көлемде “дене саламаттығы” деп, дене тәрбиесі мен ақыл-ой тәрбиесі бір-біріне толық тәуелді, бірінсіз-бірінің қасиеті адам бойына толық дарымайды. Баланың дене күші мен рухани күшін қосарлана дамытуға бағытталған тәрбие ғана шынайы өмірмен, ұлттық психологиямен еңбекпен ұштасуын жүйелі түрде қамту қажет деген. Әл-Фарабидің әлемге әйгілі еңбектерінің халық педагогикасының мөлдір бастауы екенін жоғары бағалап, оның тәрбиелік, білімдік қуатын мәңгі пайдаға асыру – ұстаз бен шәкірттің міндеті.

Махмұд Қашғари түркі тіл ғылымының негізін қалаумен қатар, халық педагогикасының тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, халық педагогикасының “өткеннен өнеге алу” мақсатын орындайтын поэтикалық шығармалары – ұлттық тәлім-тәрбие ісінде маңызы арта беретіндігін айтқан.

Ахмет Иүгінекидің біздің заманымызға жеткен “Хибатул - хақайық” атты кітабы – тәлім-тәрбие, адамгершілік, білім, денсаулығы туралы өнегелерді өлең өрнектерімен жеткізіп, ұрпақты ұлағаттыққа тәрбиелейтін аса құнды даналық мұра.

Құлқожа Ахмет Иассауи өзінің өсиеттерінде: “Тән мен жаның бірге жүрсе, көңілін шат” деп, дене және жан тазалығы – адам өмірінің бақыты екендігін уағыздайды.

Ақылшы ғұлама ұстаз-ақын, әмбеге аян әулие бабамыздың өсиеттері өскелең өмірімізге өнеге, өсер өрендерімізге – тәлім-тәрбие, ісімізге – нұсқа.

Ұлы тәлімгер Мұхаммед Хайдар Дулати тарихи тұлғалар туралы мәлімет бергенде, олардың тәлім-тәрбиелік ерекшеліктерін көркем сипаттап, болашақ ұрпаққа оларды үлгі-өнеге қылып көрсете білген.

Ал, Ыбырай Алтынсарин еңбектерінде діннің тәрбиелік мәнін жоғары бағалады. Ұлағатты ұстаз ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, имандылық, қайырымдылық, мейрімділік қағидаларын өзінің педагогикалық көзқарастарына негіздей отырып, терең түсіндірді. Мысалы, “Намаз оқу мен ораза тұту парыздарының рухани тәрбиелікте, денсаулыққа да мәні зор екенін, жан мен тәнді шынықтыратынын» былай деп көрсеткен: «Тысқары парыз: дегені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату – бұл тән тәрбиесіне арналады; ал ішкі парыздың ой-пиғылды намазға арнап, беріліп оқуы – жан тәрбиесіне арналады».

Ұлы Абай Құнанбайұлы халық педагогикасына үлкен мән беріп, озық үлгілерін насихаттап, жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуіне аса зор мән беріп, бойдағы, денедегі күш-қуатын ойсыз, ақылсыз бөлек қарауға болмайтынын шығармаларында жазып көрсеткен.

Расул Гамзатов айтқандай: «Өткенге топырақ шашсаң, болашақ саған тас атады». Сондықтан өткенді білмей тұрып, жаңаны дұрыстап түсіне алмаймыз. Бұл ата-бабамыздың қастерлі заңдарының бірі.

Сондықтан да халқымыздың ұлы қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, т.б. бала тәрбиесінде халықтық салт-санасы, әдет-ғұрпы, дәстүрлері, атадан балаға қалған әдеби мұралар, ана тілінің атқаратын маңызын көрсетіп, оны қалай іске асыру жолдарына байланысты еңбек еткендері белгілі.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде – қазақтың ауыз әдебиеті – халық даналығы, тәрбие негізі екенін ерекше бағалап, оның түрлерін былай жіктеді: ертегі, аңыз-әңгіме, өтірік өлең, үгіт өлең, үміт өлең, толғау, терме, ділмәр сөз, тақпақ, мақал, мәтел, той бастар, жар-жар, неке қияр, бет ашар, жоқтау, жарапазан, бата, жын шақыру, құрт шақыру, дерт көшіру, бесік жыры. Сондай-ақ, сол еңбегінде ұлттық әдет-ғұрыптарға байланысты әдет-ғұрып сөздердің: той бастар, жар-жар, бет ашар, неке қияр, жоқтау, жарапазан, т.б. жан-жақты мазмұнына, тәлімдік мүмкіндіктеріне тоқталады.

А. Байтұрсынов халықтық педагогика ғасырлар бойы еліміздің тәлім-тәрбиенің пәрменді құралы қызметін атқарып отырғанын анық көрсеткен. А. Байтұрсынов 1922 жылы «Тәні сұлудың – жаны сау» деген еңбегін жазды. А. Байтұрсынов бала тәрбиесін тек білім, тіл, ақыл тәрбиесі деп, біржақты емес, сонымен бірге тән сұлулығына да көп көңіл бөлген.

Тән мен жан сабақтас, екеуі бірінен-бірі айырғысыз. Тәнсіз жан жоқ, жансыз тән тұра алмайды. Олар өзара бір-біріне байлаулы, бірінің жайына бірі қарайды, біріне келген кемшілік біріне білінбей қоймайды. А.Байтұрсынов өз еңбектерінде тек тән мен жан байланысын көрсетіп қоймай, дене тәрбиесіне керекті мәселені атап көрсетті:

1. Мерзіммен күнтәртібін сақтау, таза ауа, тамақ, сусын.
2. Тән қызметі дұрыс болу үшін дене шынықтыру, гимнастика, ат спорты, ұлттық қимыл ойындары.
3. Дененің әртүрлі мүшелерінің қызметін дұрыс басқару, дұрыс атқару, тамақ қорыту, қан айналу.

Міржақып Дулатов ұлттық тәрбиені кеңінен насихаттап, оны оқу-тәрбие процесіне ендіру, тәрбиелік мәнін ашу, оқыту мен тәрбиенің ұлттық сипатта болуын, ұлттық мазмұнды оқу құралдарын, ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын ұсынған еңбектерінің жас

ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде алатын орны мен маңызы ерекше. Мысалы: «Есеп құралы» атты кітабының мазмұны, таза ұлттық сипаттағы есептер қазақ халқының күнделікті өмірінен алынған. Адам тәрбиесі жүйесімен қатар, дене тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлген, әсіресе, тәрбиелік мәні зор «Айқұлақ», «Дүмпілдек», «Марламқаш» сияқты ұлттық ойындар балалардың дене шынықтыру, олардың әртүрлі қасиеттерін дамыту, яғни, көргіштік, сезе білу, шыдамдылық, ептілік, тапқырлыққа баулитын бұл ойындардың күнде көріп, араласып жүрген тұрмыс-салт, өмірден алынуы – ұлттық тәрбие берудің мәнді жолдары екендігін атап көрсеткен.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» аты еңбегі қазақ топырағында тұңғыш жарық көрген нағыз ұлттық – Педагогика оқулығы. Сол еңбегінде М.Жұмабаев сөз басында: «Тәрбие деген не?» – дейді де, оған жауап бере келе, оны дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі деп төртке бөледі. «Егерде адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны», – дейді. «Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын» – деп жазып, оларды ұлттық тәрбиенің құрамдас бөліктері деп санайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қожахметов К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. – Алматы: РБК, 2020. – 141б.
2. Оңалбек Ж.К. Ұлттар арасындағы дене тәрбиесі мен спорт. – Алматы: РБК, 2019. – 126 б.
3. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қазақстан, 2017. – 144б.
4. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 2019. – 77 б.
5. Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие. – Алматы: Нұрлы әлем, 2018. – 116 б.



## ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ ОЙЫНЫНЫҢ ЖҮРІСІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСІН ОҢАЙ ҮЙРЕТУ

**Б.А. Туребеков** – аға оқытушы

Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, Шымкент қаласы  
birzhan\_2016@mail.ru

**Л.Ә. Мырзабек** – п.ғ.к.,

Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, Шымкент қаласы

**Ф.А. Керимов** – п.ғ.к., профессор

Ж.А.Тәшенев атындағы университет АҚ, Шымкент қаласы

**Аңдатпа.** Мақалада тоғызқумалақ ойын барысын есептеу тәсілін қарапайым оқыту қарастырылған

**Кілт сөздер:** тоғызқумалақ, мектеп, дене шынықтыру

**Аннотация.** В статье рассмотрены простое обучение способу расчета хода игры тогызкумалак

**Ключевые слова:** тогызкумалак, школа, физическая культура

**Abstract.** The article discusses a simple training method for calculating the course of the game togyzkumalak

**Keywords:** togyzkumalak, school, physical education

Терең ойды талап ететін, ойнасаң қызығына ешбір тоймайтын, халық даналығы қалдырған ойындардың бірі – тоғызқумалақ. Халықпен бірге жасасып келе жатқан даналардың ойыны аталған тоғызқумалақ – бүгінде өзінің даму сатысында екенін айта кеткен жөн.

Көшпенді халықтың, әсіресе малшылардың математикасы – қай халықтың болмасын күнделікті мұқтаждығына керекті бүтін сандардың төрт амалын есептеп шығару осы тоғызқумалақ ойыны үстінде қалыптасқан. Сондықтан да бұл ойын малшы математикасы деп тегін аталмаған. Себебі, далада кездесе кеткен екі малшы қазан мен отаудың жерін шұқып жіберіп, қалталарында жүрген 81 қойдың кепкен 81 құмалағын әр отауға тоғыз тоғыздан бөліп сала қояды да, дереу ойынға кірісіп кетеді. Міне бүгінгі ұрпаққа жеткен ауыз әдебиетіндегі аңыз осылай дейді.

Тоғызқумалақ ойыны қай кезде, қалай қалыптасқаны жөнінде нақтылы тарихи деректер әзірше аз. Ал негізінде көшпенді қазақ халқының арасында дамығанын Қазақстан жерінде жартастардың, болмаса төбенің үстіндегі тегіс тас бстіне ойып салынған тоғызқумалақ ойынының тақталары біздің осы ойымызды дәлелдей түседі. Мысалы, Қаратау қаласына таяу, Ақшұқыр деген тас төбенін, үстінде, тегіс тасқа тоғызқумалақтың отаулары мен қазандары қашалып салынған. Бұл табиғи тақтаны қай кезде кім жасағаны белгісіз. Ал жасау мақсаты белгілі. Малшы үшін бұл Ақшұқыр тас жотасы малды қарауылдауда та-былмайтын орын. Демек, айналадағы малды бақылап отырып тоғызқумалақ ойнағанға не жетсін. Сондай-ақ, Тарбағатай тауының Сайқан жоталарының бірінде, Қоржынбай жайлауының етегінде жартасқа салынған тоғызқумалақ тақтасы тағы бар [1, 176 б.].

Осындай тарихи деректемелерге сүйенсек, тоғызқумалақ көшпенді қазақ халқының өмірімен бірге жасасқан ұлттық ойындардың бірі деп толық айта аламыз.

Тоғызқумалақ ойынының аса бір өзіндік ерекшелігі күрделі құрал-жабдықтарды қажет етпейді. Ертеректе ойыншылар кездескен бетте жерді қазып, ойын тақтасын дайындаған. Барлық құмалақ салатын шұңқырды қазан, тоғыз-тоғыздан құмалақ салатын шұңқырды отау деп атаған.

Ертеректе тоғызқумалақ ойнайтын адамдар қойдың 162 құмалағын дорбаға салып қанжығасына байлап алып жүрген. Біздер тек құмалақ қана емес, 81 ақ тастан, екінші 81

қара тастан дайындалғанын да көрдік. Осындай екі түсті таспен ойнап отырған адамдардан –тоғызқұмалақ ойынын бір түсті құмалақтармен де ойнауға болады ғой, екі түсті таспен ойнаудың қандай өзгешелігі бар деп сұрағанымызда, «мазмұны да ойын өзгешелігі де көп» – деді [2, 56 б.].

Ең әуелі ойын соңына таман кімнің қанша құмалақ алғанын тез ажыратуға болады. Айталық, қарсыласым ойын барысында мендегі 81 ақ түсті құмалақтың 50-ін алып, өз қазанында 30 құмалақ қалды дейік, ал қара құмалақтан 40-ын алдым, міне енді осыдан қортынды шығара білу керек. Менің ойлауымша дейді тәжірибелі ойыншы, әдетте, ойын соңына таман қарсыластың емес, өз құмалағың өз қазаныңа көбірек түссе, онда жеңістен үмітті болуың керек, деп түсіндіреді. Екінші бір ерекшелігі, ойын барысында кім көп құмалақ жинап жатқанын тезірек аңғаруға болады. Одан кейін, қарсыластың отауында ойын бары-сында қай отауда қанша құмалақ жатқандығын ақ пен қара түсті болғандықтан тез санап алып, жүрісті анықтауға болады. Демек, уақыт ұту үшін екі түсті құмалақпен ойнау деген қағидасын тиянақты түрде дәлелдеп берді.

Тоғызқұмалақ ойының құрал-жабдықтары осындай қарапайым болуы, халық арасында ойынның кеңінен тарауына толық мүмкіндік туғызды. Бұл ойынның, екінші бір бұқаралық маңызы, айталық бірнеше адамның жиналған жерінде барлығы бірдей жұпталып отыра қалып ойынға кірісіп кету емес, тек ойнап жатқан бір жұптың ойындарын қызықтайтындар өте көп болған. Бүгінгі тілмен айтқанда әр ойыншыны қоршаған өзінің жанкүйер-лері болған. Тіпті мықты ойыншылар, өзімен ойнауға тұрады-ау деген қарсыластарын басқа рулы елдің арасынан іздеп барып ойнағанда жанкүйерлерін, ақыл-кеңес беретін адамдарын өздерімен бірге ертіп те жүрген.

Шығыс халықтарының әдеттегі дәстүрімен айтқанда тоғызқұмалақ ойынының жүрісі оңнан солға қарай бағытталады, демек, батыстың дәстүріне, яғни сағат тілінің бағытына қарсы жүріледі.

Құмалақ салынған тоғыз отаудың әрқайсысының аты болған. Сол жақтағы шеткі, яғни бірінші отау – «таңдық», екінші – «көшпелі», үшінші – «атөтпес», төртінші – «атсұратар», бесінші – «бел», алтыншы – «белбасар», жетінші – «қандықақпан», сегізінші – «көкмойын», тоғызыншы – «маңдай». Әр отауды бұлай деп атаудың өзіндік тарихи маңызы бар. Себебі, ойынның ойналу процесі толығынан осы атау аттарына негізделген. Айталық, ойын басталғанда алғаш жүріс жасаған адам «қандықақпан» дейді. Бұл ойыншы жүрісін жетінші отаудан бастағандығын хабарлайды. Енді қарсыласы жүрісті жалғастырып, «бел» – дейді. Демек, бұл отау аттарын ойыншылардың қайсысы болмасын жатқа білгендіктен қай отаудан жүріс болғандығын ести сала, қарсыласы дереу жүріс жасауға қамданады.

Ойын тақтасы кейін келе ағаштан жонылып, әрбір отаудың маңдайына «а» әрпінен бастап тоғыз отау солдан оңға қарай – а, б, в, г, д, е, ж, з, и дыбыстарымен белгіленген. Бұлай белгілеу ойынды жазу процесінде қиындықтуғызғандықтан, шамамен, 1970 жылдардан бері қарай I-сан таңбасы-математикалық есептеу тұрғысынан ойынның есебін шығаруға, жүрісті анықтауда тезірек шешім қабылдауға мүмкіндік тудырады.

Демек, тоғызқұмалақ ойынының жалпы ережесін осылайша бүгінгі күн талабына сай реттеу – көпшілік арасында кеңінен таратты, яғни бұқаралық маңыз алды. Бүгінгі таңда тоғызқұмалақ ойынымен тек қазақтар ғана емес, республикада тұратын ұлт өкілдері де ойнайды... Мысалы, Ақмола ауылшаруашылығы институтының кафедра меңгерушісі Д. С. Поляков тұңғыш республикалық жекелей біріншілікте асқан шеберлік көрсетіп, Қазақстанның чемпионы атанды. Бүгінгі күнде тоғызқұмалақ ойынының республикалық федерациясы құрылды. Онымен қоса республика біріншілігінің және республика аралық жеңімпаздарына «Қазақстан спорт шебері» деген атақ беріледі. Тоғызқұмалақтан республиканың жекелей біріншілігімен қоса командалық жарыста өткізіледі. Республикамызда тоғызқұмалақтың әйелдер арасында дамуы өте баяу, әзірше олардың арасында жарыс өткізілген жоқ.

Ойын ережесі бойынша уақыт белгілеп, құмалақтары салынған тоғызқұмалақ тақтасы ойын ережесіне сай дайындалып болған соң уақыт белгілейтін төреші ойынның басталғандығын хабарлайды. Ойыншылар ойынды бастап кетеді [3, 325 б.].

Бірінші жүрісті жеребе бойынша анықталған ойыншы бастайды. Алғашқы жүрісті «таңдықтан» және «маңдайдан», яғни жүріс жүргенін хабарлайды. Тек, бірінші жүрісті тоғызыншы отаудан ғана бастауға болмайды, басқа отаудың барлығынан жүре беруге болады.

Бірінші жүрісті бастаған ойыншы өзінің дұрыс жүріс осыдан деп тапқан отауынан бір құмалақты орнында қалдырып, қалған құмалақтарды сол жүріс жасаған отаудың қатарындағысынан бастап бір-бірден тастап отырып, ең соңғы құмалақ қарсыласының тоғызқұмалағы бар отауына салынып тақты жұп сан етіп өзінің қазанына алады. Демек, ойын ережесі бойынша қарсыласынан құмалақ алу үшін ең соңғы құмалақпен санды жұп етіп өзінің қазанына алады.

Сондықтан ойын барысында қарсыластар өздерінің отауларындағы құмалақтарды жұп санымен ұстап отыруға тырысады. Мұндай жағдайды ойыншылардың отаулары «жабық» деп атайды. Ойын барысында әр ойыншы өзінің қарсыласының отауын тақ санымен ұстауға тырысады. Демек, тақ санымен жатқан отауларды «ашық» отау деп атайды.

Ойын барысында ойыншылардың қай-қайсысы болмасын қарсыласының отаудағы жатқан құмалақтарын қолмен санауына болмайды. Тек отаула-рының ашық-жабығын ғана және қайсысында қанша құмалақ бар екенін ғана сұрай алады. Сондықтан ойыншылардың қай-қайсысы болмасын барлық отаудағы құмалақ санын есте ұстауға тырысады. Ал, ойыншының қай-қайсысы болмасын қарсыласының қойған сұрағына дұрыс жауап беруге міндетті. Ойын барысында отауда бір құмалақ қалса, ол ойыншыға жүріске керек болса, онда жалғыз құмалақты қатарындағы отауына тастайды, демек жүріс орындалды.

Ойын барысында «тұздық» алу деген болады. «Тұздық» алу үшін қарсыластардың әрқайсысы өз кезегінде жүріс жасаған ойыншы ең соңғы құмалағын қарсыласының екі құмалақ жатқан отауына түсіріп үш құмалақ етіп алса, бұл ойыншы өзінің қарсыласынан «тұздық» алған болып есептеледі. «Тұздықты» алудағы мақсаты әрбір жүріс сайын сол «тұздыққа» түсетін құмалақты тұздықтың иесі қазанына салып отырады. Демек, «тұздықтың» пайдасы әр жүріс сайын (екі жақтың да) қазанға бір құмалақ түсіп отырады, деген сөз. Ойын ережесі бойынша тек «маңдайдан» – тоғызыншы отаудан «тұздық» алуға болмайды. Ойын барысында «тұздық» бір-ақ рет алынады.

Ойын барысында, әсіресе ойын соңына таман келгенде, ойыншының біреуінде құмалағы таусылып қалады да жүретін жүрісі бітеді. Тоғызқұмалақ ойынында бұл жағдайды «атсырау» деп атайды. «Атсырау» жағдайына тап болған ойын партиясы ұтылғанға есептеледі, себебі одан ары жүретін жүрісі жоқ. Енді, қарсыласын «атсырату» жағдайына алып келген ойыншы, өзінің отауларындағы құмалақтың барлығын жинап өз қазанына салады да, барлық құмалақтың есебін шығаруға кіріседі. Демек, «атсырау» жағдайына дейін әлі екі ойыншының біреуі 82 құмалақ жинап үлгірмегендіктен, амал жоқ, отаудағы қалған құмалақты қосып алғаннан кейін бұл ойыншы ешқандай даусыз жеңіске жетеді. Ойын барысында «атсырау» жағдайы сирек кездеседі, себебі ойынның айла-тәсілін білетін ойыншы өзін «атсырау» жағдайында қалдырмайды.

Ойынды жазу жүйесі. Тоғызқұмалақ ойыны шахматтағы сияқты ойын барысында тақтадағы жағдай жазылып отырады. Біз жоғарыдағы айтқандай, әр отау солдан оңға қарай өзінің рет санымен белгіленеді дедік. Осы рет санын пайдалана отырып, әр партия басынан аяғына дейін жазылып алынады. Айталық, 711 саны жазылса, онда 7 – отаудың реттік саны да, II – сол отаудағы құмалақ саны. Енді осы санға сызықша арқылы қарсыласының жүрісі жазылады. Мұнда да отаудың реттік саны мен сол отаудағы құмалақ саны жазылады. Сонда бірінші жүріс былай болып жазылады: 711-815. Сонда 815-қарсыластың жүрісі 15 құмалағы бар 8 отаудан басталған. Мысалы екінші жүріс 69-55 болды делік. Мұнда 6 отаудың реттік

саны да, 9 отаудағы құмалақ саны. 5 келесі жүріс жасайтын ойыншының отауының реттік саны да, 5 сол отаудағы құмалақ саны.

Енді 12 құмалағы бар екінші отаудан жасалған жүріс, қарсыласының 2 құмалағы бар төртінші отауына түссе тұздық алады. «Тұздық» партия жазуында «X» тахтабасымен белгіленеді. Сонда бұл жүріс 212-42X болып жазылады. Сондай-ақ, жүрістің соңғы құмалағы «тұздыққа түссе онда, айталық, 84:2X болады. Демек 4 құмалағы бар 8 отаудан жүргенде қарсыластың 2 отаудағы «тұздыққа» түсті деген сөз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Б.Ноғайбаев. "Ұлттық өнеріміз тоғызқұмалақ мектеп бағдарламасында" Тараз, 1999.
2. Ақшораев Ә. Тоғызқұмалақ даналығы. Тараз, 2000.
3. Тәжиев Қ. Киелі сандардың генезисі және эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясындағы көркемдік қызметі. Автореферат. Түркістан, 2004.

## БОЛАШАҚ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**Н. Н. Нуржан** – аға оқытушы

«Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ, Шымкент қаласы

**Аңдатпа.** Елдегі білім беру және жоғары мектепті халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялау қазіргі заманның талаптарына сәйкес жаңа тәсілдерді талап етеді. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды, олардың білім берудің кредиттік жүйесін енгізу жағдайында кәсіби бейімделуін, оқу процестерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістер қажеттігін көрсетеді.

**Кілт сөздер:** білім беру сапасы дегеніміз – бұл білім берудің белгілі бір нормалар мен стандарттарға және оқушылардың дайындық сапасын сипаттайтын мүдделері мен қажеттіліктеріне сай болуы.

**Аннотация.** Планомерная интеграция образования и высшей школы в международную систему образования в стране требует новых подходов в соответствии с требованиями современности. Показывает развитие творческих возможностей будущих специалистов в вузах, их профессиональную адаптацию в условиях внедрения кредитной системы образования, необходимость качественных изменений в организации учебных процессов.

**Ключевые слова:** качество образования-это соответствие образования определенным нормам и стандартам, интересам и потребностям учащихся, характеризующим качество подготовки.

**Abstract.** Education in the country and the systematic integration of Higher education into the international education system require new approaches in accordance with the requirements of modernity. It indicates the development of creative abilities of future specialists in universities, their professional adaptation in the context of the introduction of a credit education system, the need for qualitative changes in the organization of educational processes.

**Keywords:** and the quality of education is the conformity of education with certain norms and standards, interests and needs of students, characterizing the quality of training.

Қазақстандық жоғары білім берудің стратегиялық міндеті ұлттық білім беру жүйесінің жетістіктерін сақтай отырып оны әлемдік білім беру үдерісінің қазіргі заманғы болашағы бар бағыттарына сәйкес келтіру болып табылады. Бұл екі үдерістен: ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру мен әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуды жүзеге асырудан тұрады. Білім беру жүйесін дамытудың стратегиялық басымдықтарын анықтау мақсатында, жоғары мектепте оқу үдерісін ұйымдастыруды түбегейлі өзгертуге байланысты қазақстандық көпдеңгейлі үздіксіз білім беру үлгісін қалыптастыруға мүмкіндік беретін Қазақстан Республикасының білім беруінің 2015 жылға дейін даму тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламасы жасалды [46]. Онда білім беруді дамытудың негізгі бағыттары ретінде мамандардың білім сапасын арттыру, оларды даярлаудың жаңа бағыттарын мен инновациялық дамуын қамтамасыз ету, ғылыми-зерттеу жұмыстарының ықпалдасуы, ғылыми зерттеулерді қоғам сұранысымен тығыз байланыстыру, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіруді көрсетеді.

«Құзырлылық» ұғымы соңғы уақытта жалпы дидактикалық және әдіснамалық деңгейде қолданысқа еніп отыр деп айтуға болады. Ғылыми әдебиеттерде құзырлылық қайсыбір тапсырманы орындай алуға қабілеттілік, бір нәрсені жасау, оқушының қалыптасып үлгерген жеке сапасы мен тәжірибесінің жиынтығы ретінде қарастырылады.

«Competent» сөзі французша «компетентті» «заңға сай», латынша «сай болу», «қабілетті», «талап қою», «жарамды», ағылшынша «қабілетті» деген мағынаны білдіреді.

Психологиялық сөздіктерде бұл ұғымға қатысты «компетенттілік жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті» деген түсінік берілген. Осы «компетенттілік» шетелдік түсіндірме сөздікте меңгеруші ретінде қарастырылған.

Компетенттілік (құзырлылық) деп оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігін айтады.

«Компетентті» ұғымының мазмұны мынадай екі аспектіде көрініс береді

1) Компетенттілікті меңгерген, заңға сәйкес

2) Белгілі бір саланы білетін тұлға.

«Компетенция» деп – оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік мобильділігін анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттерді айтады.

Компетенцияның түйінді құраушысы біліктілік болып табылады. Оқытудағы компетенттілік тәсіл оқыту нәтижесі ретіндегі білім сапасын қамтамасыз етеді және білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді компетенттіліктерді бөліп қарастырайық.

Түйінді компетенттіліктердің құрылымы төмендегідей бөлінеді: өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы базалық компетенциялар. Олар: оқу, жазу, есептей алу, сөйлей алу және түрлі жиындарда өз ойын басқаларға жеткізе алу, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талдай алу, әртүрлі ақпарат көздерінен білім жинақтап білуді меңгерту жатады (кітаптан, газет-журналдардан, теле-радиохабарлардан, интернеттен т.б.); мәдени іс-әрекетіндегі компетенцияларға бос уақытын өзінің рухани және мәдени дамуы үшін пайдалана білу (көркем әдебиеттер оқу, түрлі лекциялар мен баяндамалар тыңдауға қатысу, олимпиадалар, байқаулар, конференциялар) жатады; тұрмыстық саладағы компетенциялар: жеке гигиенаға, өз денсаулығын нығайтуға, отбасы тұрмысына қатысты мәселелер; әлеуметтік еңбек іс-әрекеттері саласындағы компетенциялар – бұл оқу еңбегін ұйымдастыра білу дағдысы, ұжымдағы өзара қарым-қатынас этикасы, өз мүмкіндігін бағалау, жауапкершілік жүгін арқалай білу.

Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің ұлттық білім беру жүйесінің біздің еліміздегі білім беру жүйесінен айырмашылығы мынада: оқытудың кіріктірілген мақсаттары пәндік мақсаттарға қарағанда басым; оқытудағы іс-әрекетінің тәсілі қарапайым біліктілік пен дағдыларды ығыстырған; оқытудың компетенттілік тәсілі қолданылады. Мектептегі білім беру сапасын бағалаудың жаңа жүйесіне көшу байқалады. Мұғалім мен оқушы арасындағы авторитарлық қарым-қатынастар оқу ісі әрекетіндегі бірлестікке, жұптастыққа айналған.

Соңғы кезде елімізде білімге деген көзқарас өзгерді: бұрын ғылым-өндіріс-білім деп қарайтын болсақ, қазір мәдениет – білім, тарих деп қарайтын болдық. Бұдан орта білім берудің мақсаты нақтыланды: алған білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларына еркін бағдарлай алатын, өзінің алған білімін қолдана алатын, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

Білім мазмұнын игерудің және оқушылардың оқу процесінің түрлі кезеңдерінде өздерінің жеке мүмкіндіктеріне, талпыныстары мен оқыту мақсатына сәйкес дамуының белгілі бір деңгейі оқыту сапасы деп аталады.

Ал білім беру сапасы дегеніміз – бұл білім берудің белгілі бір нормалар мен стандарттарға және оқушылардың дайындық сапасын сипаттайтын мүдделері мен қажеттіліктеріне сай болуы.

С.И.Архангельскийдің пікірінше, ғылыми даму болашақ мұғалімдер білімінің мазмұны мен деңгейіне, оның шығармашылық дамуына қойылатын талаптарды өзгертеді. Ал, жоғары оқу орындарының дамуы өз кезегінде ғылыми-техникалық даму шарттарының

бірі болып табылады немесе онымен дайындалған мамандар ғылым мен техниканың ары қарай дамуын іске асырады.

Біз “педагогикалық қызметтің кәсіби стандарты ретінде өзінің бүтіндігі мен мүмкіндігін және педагогикалық қызметтің табыстылығын анықтайтын қызметтік субъекттің (құзырлылық) сапасына қойылатын талаптар жүйесін түсінеміз”, онда негізгі басқарушы құжат келесі төрт сапада іске асырылуы тиіс:

1. Жоғары және арнайы орта педагогикалық білім берудің мазмұны мен формаларын қайта құруға (модернизациялау, жаңарту, дамыту) негіз ретінде.

2. Мұғалім қызметін оның түрлі конкурстарда, әлеуметтік гранттық жобаларда және т.б. қатысуын эксперименттік бағалау үшін негіз, яғни жақсы мұғалім бағасының мемлекеттік деңгейде мектептегі бағасынан айырмашылығы болмауы (мұғалім құзырлылығын басқарудың стратегиялық деңгейі).

3. Мұғалімнің кәсіби қызметінің (сапа, нәтижелік, ықпалдылық) табыстылығын бағалау үшін негіз (мұғалім құзырлылығын басқарудың тактикалық деңгейі).

4. Диплом алды білім беру жүйесін үздіксіз педагогикалық білім беру ресурсы ретінде мақсатқа бағдарлап жобалау үшін негіз (білім жетілдіру курстары, аймақтық, қалалық семинарлар және т.б.) (мұғалім құзырлылығын басқарудың тактикалық деңгейі).

Мұғалімнің құзырлылығын басқарудың тактикалық деңгейін мектеп, әдістемелік орталықтар деңгейінде іске асыру, кәсіби қызмет сапасын бағалау технологиясы тұрғысынан “мөлдірлікті” талап етеді, басқаша айтқанда, әрбір мұғалім, аймақтық әдістемелік орталықтың әдіскері, әдістемелік орталық басқарушысы – мұғалім жұмысының сапасын басқарушы барлық субъектілер кәсіби білім беру стандартындағы әрбір сөзді бірдей деңгейде түсінулері тиіс.

Бұл: мұғалімнің кәсіпқойлылығының мониторингіне, оның жеке әдістемелік жұмысының бағыттары мен формаларын бөлуге; жұмыс сапасы үшін үстемелер ақыларды анықтауға негіз болады.

Демек, бұл құжаттардың әрбір сөздерінің мәнін біртұтас түсінілуіне ұжымдағы психологиялық ахуал, әкімшілік пен мұғалім арасындағы сұхбат мүмкіндігі тәуелді.

Жеке тұлғалық бағыт оқу жүйесі және оқу тәрбие ісінің (үйренуші мен үйретушінің қарым-қатынасына, оқушымен оқу құралдарына т.б.) барлық компоненттеріне әсер етеді, болашақ мұғалім үшін ыңғайлы оқу-тәрбие ортасын құруға көмектеседі.

Болашақ маманның кәсіби тұлға болуының мәні – әрдайым білімін жетілдіріп отыру, тәрбие мен қоғамдағы барлық сұрақтарға жауап іздеу, тыныштық пен қамсыздыққа жол бермеу, қанша қиын болса да, зерделі адам болуға ұмтылу. Қазіргі уақытта «интеллект» түрліше талдау кезеңін бастан кешуде, жаңа мағыналар көбеюде, «ескішілдіктен» құтылу мен оған деген қатынастың болымсыз жақтары көрініс табуда. Қазіргі интеллигентті адамға ақыл мен білім ғана қажет емес, жаңа кезеңнің күрделілігіне сай бола алатындай ақылгөйлік керек. Бұл болашақ маманға қоғамның кез-келген қарбаласынан шығуына көмек береді, рухани және материалдық мәселелер арасынан жол тауып, өз шешімдеріне жауапкершілікпен қарап, «өз мамандығының нағыз іскері» болуға мүмкіндік береді.

Қоғамның сапалы жаңа деңгейге өтуі барысында, тұлғаның адами мінез-құлқы мен құнды көзқарастары сияқты басты әлеуметтік кейіптерінде өзгереді. Қазіргі әлеуметтік өмір барысында қарқынды өмірге бейімді тенденциялар өзіне объективті түрде жол ашуда. Қазір, күн сайын өзгеріп жатқан заманда, кез-келген жаңа нәрсеге бетбұрыс жасап, жаңалыққа ене алатын, өмірге бейімді тұлға қалыптасу керек. Жағдайлардың әртүрлілігі, уақыт талаптарына сай әлеуметтің өсіп жатқандығын көрсетеді. Жаңа уақытты ықылас, білім, кәсібилік, өз күшіне сену сияқты қасиеттер ғана сипаттай алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 277б.

2. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2015ж
3. Қуанышев Т.Ш. Болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін ұлттық ойын құралдары арқылы даярлау. Автореф. дисс.пед.ғыл.канд.13.00.01. Алматы, 1992.63б
4. Оразов Ш.Б. Дене тәрбиесі сабағында оқушылардың дене мүмкіндіктерін дамыту. Оқу- құрал. – Түркістан, 2005.



## МҰРАТХАН ТӘНЕКЕЕВТИҢ «ҚАЖЫМҰҚАН» ШЫҒАРМАСЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

**Б.Т. Муталиев** – аға оқытушы,  
«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ,  
Шымкент қаласы, Bekaris@inbox.ru  
**Ж.М. Есиркепов** – п.ғ.к.,  
«Дене шынықтыру және спорт» мектебінің профессор м.а.,  
«Халықаралық туризм және меймандостық» университеті, Түркістан қаласы.  
Zhandos-1978@mail.ru

**Аннотация.** Бұл мақалада «Дене мәдениеті және спорт» саласында қазақтан шыққан тұңғыш профессор, п.ғ.д., ұлттық спорт түрлерін зерттеуші ғалым, 300-ден аса ғылыми еңбектердің, 29 монография мен оқулықтар, оқу құралдарының авторы Мұратхан Тәнекеевтің «Қажымұқан» шығармасы арқылы жастарды Отансүйгіштікке тәрбиелеу жолдары қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Ұлттық спорт, Отансүйгіштік, спорт тарихы, ұлттық намыс, ұлттық рух.

**Аннотация.** Статья первого профессора доктора педагогических наук, авторе более 300 научных работе, 29 монографий и книг Муратхана Танекеева «Хаджимукан» это пособие учит молодежь любить родину показывает пути решения вопросов физического воспитания.

**Abstract.** The article of the first professor, Doctor of Pedagogical Sciences, author of more than 300 scientific papers, 29 monographs and books by Murathan Tanekeev "Khajimukan" this manual teaches young people to love their Homeland and shows ways to solve physical education issues.

**Keywords:** national sport, love of the Motherland, history of sports, national pride, national spirit.

Қазақ халқының тарихы өте бай. Бірақ, Кеңес Одағы тұсында көп халықтың тарихына көпе-көрнеу қиянат жасалғаны ақиқат. Соның кесірінен көп дүние хатқа түспей, із-түссіз жоғалды. Дегенмен, халық жадынан ұлы тұлғалардың есімдерін бір жолата өшіру мүмкін емес еді. Кеңес Одағының саяхатшылары қанша жерден әрекеттенгенімен, қазақтың батырлық тарихы өскелең ұрпаққа ұмытылмай жетті. Туған жер үшін басын бәйгеге тіккен батырлардың найзагерлігі, мергендігі, қылышты шебер меңгеруі, ат құлағында ойнауы да тегін емес. Бір ғана найзагерлікті шебер меңгеру үшін жанкешті әзірлік пен дене машықтығы керек. Әйтпесе, құйындай ұшқан ат үстінде жауыңа найза шаншу оңай емес. Қылыштасу да өнер. Қазақтың баяғы батырлары жекпе-жек өнерінің барлық қырын жетік меңгерген. Жұдырықтасу, балуандар күресі және т.б. Мұндай қасиетті өнер адамға жайдан-жай қона салмайтыны анық. Бұл өнер атадан балаға мирас болып, ұрпақ алмасқан сайын үздіксіз жетіліп, ұшталып отырады. Бұл дегеніміз – бүтін бір халықтың ғасырлар бойы қалыптастырылған жекпе-жек мектебі. Жекпе-жектің ішінде балуандық өнердің жөні бөлек [1].

Өмірдің өзегі күрес. Яғни, «күрес» деген бірауыз сөздің мән-мағынасы тереңде. Жұмыр жердегі барлық тіршілік иесі өмір үшін күреседі. Адамзаттың ұлы тарихы күреспен жасалды. Айды, күнді айтпағанда, әр сағат, әр секунд күреске толы.

Профессор Мұратхан Тәнекеевтің айрықша еңбегі, ел басына түскен сын сағатта халқының рухын асқақтата көтеріп, қол ұшын берген, ұлтжанды, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби күрес шебері, күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасұлының есімін ардақ тұтып, күллі қазаққа таныстыруы, «Қажымұқан» кітабының алғаш 1963 жылы жарық көруі, кейінгі ұрпақ алдындағы парызы еді. Бұл үлкен еңбекті 2001 жылы қайта өңдеп толық нұсқасымен халыққа ұсынды. Бұл кітапта бұрын жарық көрмеген тың деректер мен батырдың әрқилы

қызметіне байланысты жекелеген мәселелерді пайымдауда тың өзгерістер бар. Бұл кітаптың әр беті – тарих.

Отан ұлылығын дәріптеп, перзенттік парызын адал атқарған ғұламалар мен ағартушы ғалымдар халқын шын сүйген ерлер еді. Осындай тұлғалардың ішінде профессор Мұратхан Тәнекеевтің еңбектеріндегі Отансүйгіштік тәрбиеге бағытталған тың идеялары арқылы, жас ұрпақ тәрбиесіне бағыт-бағдар беретін дүниелер мол деп есептейміз. Онда Қажымұқан Мұңайтпасұлының бойында тұлғалық ерекшеліктер отансүйгіштік, достық, сыйластық, адалдық, кішпейілділік, туған жер мен тілге құрмет сияқты қасиеттерді табуға болады. Мұндағы Отансүйгіштік, ұлтжандылық тұрғыдағы тәрбие берудің үлгілері, жеткіншек ұрпақтың балуанды жан-жақты танып, ұлағаты мол құндылықтарды бағалауына, өзін-өзі ұлттық рухта, намысқа, мәдениетке тәрбиелеуге, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал жасайтын құнды деректерімен аса ерекше бағаланады.

Ресми ортада көпке дейін Қажымұқанды ет пен сүйектен жаратылған алып күш иесі емес, көрсеткен өнері мен күш-қуаты шындыққа жанаспайтын, ертегі-аңыздардың алып кейіпкері ретінде ғана танып келді. Олай болуына ұлттық мәдениетіміз бен рухани өмірімізді тас қамауда, шынжыр құрсауда ұстап келген коммунистік идеологияның әсері зор болды. Бұлай ету оларға тиімді болған болу керек. Бұған бұрынғы КСРО-ның спорттық баспасөзінің де әсері аз болған жоқ. Олар Поддубный, Зайкин, Шемякин, Вахтуров және т.б. балуандар туралы көп жазды, ал, Қажымұқанды елемей, тіпті ол аты аталған балуандармен қатар өмір сүрмегендей-ақ, жұмған аузын ашпады [2] – деп ұлтын, ұлтынан шыққан қазақтың бас батыры әрі балуаны, жастайынан өзі сүйіп өскен Қажымұқанды М.Тәнекеев қызғыштай қориды. Осыған байланысты бір жанжалды оқиға еске түседі. Елуінші жылдардың соңында «Советский спорт» газетінің редакциясына «Одақтас республикадағы оқырмандардан –спорттық газет журналдарда орыс балуандары туралы жиі жазылады, ал олардың замандасы белгілі қазақ балуаны Қажымұқанның аты неге аталмайды», - деп сұраған хаттар көптеп келді деп жазады профессор М.Тәнекеев. Онда қазақ балуаны әңгіме етуге тұрмайтын, көрерменнің көңілін көтерген цирк әртісі – күлдіргі-комик болған, – деп жазыпты.

М.Тәнекеев бұл – Қажымұқанның әруағын ғана қорлау емес, әлемге даңқы жайылған, есімін бүкіл халық мақтан тұтатын батырды тудырған тұтас бір ұлттың ар-намысын қорлау деп жазды.

Қазік тілінде шығатын газет-журналдар үнсіз жатқан тұста ғалымның қолдауымен, мұқият сұрыпталып алынған материалдардың негізінде КОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Л.И.Брежневтің атына аса беделді ғалым және ұлттық мәдениеттің көрнекті өкілі, академик Ахмет Жұбанов, қазақстандық «Ән қанатында» романының авторы орыс жазушысы Николай Анов, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, Қажымұқанның жерлесі Талғат Бигелдинов және күш атасының өмірін зерттеуші ретінде Мұратхан Тәнекеевтің қол қоюымен хат жолданады. Хаттың бір данасы поштамен жіберіліп, ал екінші данасы ол кезде бұл мәселе үлкен саяси рең алып бара жатқандықтан, цензура ұстап қала ма деген қауіппен Мәскеуге Мұратхан Тәнекеевтің өзі алып барады.

КОКП Орталық Комитетінің жауабы кешікпей келеді. Одан да бұрынырақ «Советский спорт» газеті мен «Физкультура и спорт» журналы редакцияларының жауабы келеді. Онда редакция Мұратхан Тәнекеевтен кешірім сұрай отырып, Қажымұқан туралы көлемді мақала жазуын өтінеді. М.Тәнекеев сол заматында «Батыр» деген көлемді мақаласын жариялайды. Онда «Атақты батыр Қажымұқан халықтың қайраты мен күш-қуатының бейнелік көрінісі, оның есімі қазақ халқының ұлттық батырларының қатарына қосылды», - деген сөздермен аяқталады [3]. Сөйтіп журнал Қажымұқанды цирк ойыншысы – комик деп бастап, ұлы балуан, ұлттық батыр деңгейіне дейін көтереді.

Міне, бұл да ғалымның үлкен азаматтығын, оның ұлтын, елім деп соққан адал жүрегінің перзенттік лүпілін аңғартқандығы.

Тұтас ұлттың қадір-қасиетін бір адамның бойынан көргісі келетін дәстүр сабақтастығы, ұрпақ жалғастығы ұғымын пір тұтатын халықтың және адамгершілігіне ерекше мән бергендігінің белгісі. Осының айғағы ретінде Қажымұқан Мұңайтпасұлының күрес әлеміндегі ұлы тұлғалар табиғатын халықтарға жақын ететіндігінде және оның күрес өнеріндегі тағылымды өнегесі, еңбексүйгіштігі кейінгі ұрпаққа мәңгілік бағдарлама болып тұратындығында.

Көшпелі өркениеттің жалпы азаматтық құндылығы болып саналатын жеке тұлға халқымыздың болмысы, тіршілік тынысының шыққан биігі. Ұлттық мәдениетіміздің тарихи аясының кеңейіп, қайта жаңғырып өркендеуі халқымыздың рухани мұралары мен дәстүрлерінің қастерленуі, оның дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзінің дербестігінің айғағы.

Қажымұқанның шыңдалу, ержету жолы шымырлы еңбекке толы, күрес өнеріндегі үлкен мұратқа талпындырған қажырлы қайратымен өмірге қажетті тәрбие алуы. Нағыз өнер адамының өз халқының тек бір сипаттағы өкілі болып қана қоймай, ол өз халқының рухымен сомдалуында.

Мұратхан Тәнекеевтің «Қажымұқан» кітабы спорттың адамды қажыр-қайратқа, батылдыққа тәрбиелеп қана қоймай, адамгершілік асыл қасиеттерін де ашып көрсеткендігінің нақты дәлелі. Ол көп ұлтты ортадағы спорттық қызметтің адамды көпшіл, ашық-жарқын, кең пейіл ететіндігінің үлгісі де. Тар шеңбердегі ұлттық сана-дәстүрден мұның әсері анағұрлым кең.

М.Тәнекеев «Қажымұқан» атты кітабында батыр әрі балуан атасының жастық шағы туралы: «Мұңайтпас жалшылыққа баласын да бермекші болды. Әкенің бақытына қарай жігерлі өскен Мұқан өзіне тапсырылған жұмысты тыңғылықты орындап, еңбекке мойымады. Буыны қатпаған, бұғанасы бекімеген он жасар Мұқан бір қап бидайды арбадан арқалап алып, қамбаға дейін апара беретін болды. Мұны көрген ел «Мұқан нағыз азамат, шын қарулы жігіт болады», - деп сүйсіне айтатын [4].

Мұратхан Тәнекеевтің «Қажымұқан» туралы кітабын оқи отырып, оның өзі де осындай өмірдің соқпақты да соқтықпалы қиын жолынан сүрінбей өткеніне еріксіз тәнті болғандай күй кешесіз.

Тарихқа терең бойламай-ақ жүгірте көз тастағанның өзінде батыр бабаларымыздың асқақ бейнелері көз алдымызда қылаң бергендей болады.

2000 жылы «Қажымұқан» атты үлкен монографияны қайта өңдеп халыққа толық нұсқасын мұра етіп қалдыра отырып ғалым былай деп жазды, Бүкілодақтық баспасөзде Қажымұқан туралы жазылған күн менің есімде мәңгі сақталады. Олай болатыны – Қажымұқан менің шығармашылық қызметімнің бір бөлшегіне, ақиқатын айтуға бағытталған ғылыми ізденістерімнің дем берушісіне айналды. Менімен бірге ұлы балуанды қадір тұтқан миллиондардың қуанғаны анық еді. Өйткені, батыр екінші рет қайта туып, туған халқымен қауышты. Ұмытылып барып, атақ-даңқтың шырқау шыңына шықты. Батырдың, халқының адал ұлының өмір жолын осылай бағалар едім. «Мен саналы өмірімнің елу жылын халқымның спорт тарихын зерттеуге арнадым. Сонау көне заманнан-ақ жоғары мәдениетті, намысты да жауынгер ұрпақ тәрбиелеудің ғаламат ұлттық дәстүрі бар, ұлы даланың ұрпағы екенімді өз еңбектерімде дәлелдедім. Бұл ұлы дәстүрдің кейінгі ұрпақты арлы, қайратты етіп тәрбиелеуге қажет екенін дәлелдеп келемін», - деп қортындылайды.

М.Тәнекеев өнер иесінің жинақтаған тәжірибесін адамзат игілігіне жаратып, болашақ ұрпаққа үлгі етіп халыққа ұсынды. Қажымұқан әр халықтың бағына мың жылда бір туатын ұлы, дара тұлға, қайталанбас құбылыс. Теңдесі жоқ алып күш, киелі рух иесі – Қажымұқан, туған халқының тарихи жылнамалары мен жырнамаларында ғана қайталанар. Толықтырылып, қайта жазылар. Ал, өмірде оны ешкім қайталай алмас. Себебі – ол құбылыс, құбылыс қайталанбақ емес. Б. Сапаралы: «Ұлы адам өмір сүрген орта, рухы биік тарих қойнауына неғұрлым батып-сіңе берген сайын адамдар әлгі ұлының қадір-қасиетін

соғұрлым үсті-үстіне арттырып, тұлғаландырып, кесектендіре түседі. Ұлы адам қасиеттері кеңістік ауқымында әрін ашып, табиғи болмысын жарқырата, таныта түседі» – деп, сыр шертеді.

Жалпы, қазақтың күрес тарихы толық зерттелген жоқ. Әсіресе, өткен замандардағы елге тұлға болған белді балуандарымыз жайында қағазға түскен деректер аз. Қолда бардың өзі әр газеттің, әр журналдың бауырында шашылып жатыр. Бір ғана мысал, бүгінге дейін қазақтан шыққан 30-ға жуық олимпиада, әлем чемпиондарының тек бесеуі, атап айтсақ Қажымұқан Мұңайтпасов, Әлжан Жармұхамедов, Жақсылық Үшкемпіров, Дәулет Тұрлыханов, Бекзат Саттарханов туралы ғана жеке кітаптар жарық көрген екен. Қазақтан шыққан теңдесі жоқ спортшылар көп мысалы: Балуан Шолақ, Боранқұл, Молдабай балуан, Байғабыл, Өзаман Шолақ, Қабден Байдосов, Әбдісалан Нұрмаханов, Шәміл Серіков, Октябрь Жарылғапов, Жәнібек Сауранбаев, Заңғар Заркешов, Әмин Тұяқов, Ғұсман Қосанов, Саян Шаймерденов, Әбілсейіт Айханов, Аманкелді Ғабсаттаров, Аманжол Бұғыбаев, Мәлік Нәдірбеков және т.б.

Олимпиада ойындары мен әлем құрлық чемпионаттарында жеке-дара шыққан, жүлде алған саңылақтарымыз туралы көркем, деректі дүниелер неғұрлым көп болған сайын жас жеткіншектеріміздің отанға, спортқа, қоғамға деген Отансүйгіштік сезімдері ұшталары сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Рысбекұлы Қ. Қазақ балуандары / «Ер-Дәулет», 1996. – 84 б.
2. Тәнекеев М. Қажымұқан / - Алматы. «Санат, 2001. – 174 б.
3. Тәнекеев М. Батыр / «Физкультура и спорт», – 1965. – №10. – 34-35 б.
4. Тәнекеев М. Қажымұқан / – Алматы. «Санат» 2001. 17 б.

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚИТУ ҮДЕРІСІНДЕ ДАМУ

Г.А. Жапбарова., Г.У., Бакирова

Ж.Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

**Андатпа.** Жаратылыстану пәнін оқыту процесінде бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту

**Кілт сөздер:** бастауыш сынып, логикалық ойлау, қабілет, даму

**Аннотация.** Развитие логического мышления младших школьников в процессе обучения естественнонаучному предмету

**Ключевые слова:** начальный класс, логическое мышление, способность, развитие.

**Abstract.** Development of logical thinking of younger schoolchildren in the process of teaching a natural science subject

**Keywords:** elementary grade, logical thinking, ability, development.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

Мектептегі оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары – баланың білімді игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Оқытудың мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру оқушылардың білімді, дағдыны меңгеру үшін, болашақта танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке оқушыларды дайындау қажетті шарт болып табылады.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым «логика» деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі «логикалық ойлау» деп аталады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі.

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есептеледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әйтседе бұл баланы қайткенде де, неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді. Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды. Тәжірибе барысында жасөспірімдерде ой тұтастығының сақталмауы

байқалады. Мұндай қателерді болдырмау үшін оқушының ой жүйелігінің қажеттігін сезінуіне көз жеткізудің амал – тәсілдерін тауып, орнықты ой түйіндеуге жетелеу қажет.

Логикалық ой кез-келген кедергілерді дұрыс қабылдап қана қоймай,оның шешу жолдарын таба білуге ықпалын тигізеді

Қарапайым жұмбақтар,ситуациялық жағдайлар,логикалық ойындар: ребустар,бас қатырғылар баланың логикалық ойын дамытады,жаңаша ойлау дағдысын қалыптастырады.

Тапсырма күрделенген сайын оны шешу уақыты аз болады да, логикалық ойлаудың дамуына көмегін тигізеді.

Шығыс елдерінде шахмат ойындарына, жапон сөзжұмбағына көп көңіл бөлінген. Бұл ойындар жылдам әрі терең ойлауға көмегін тигізеді. Қазіргі компьютерлік ойындардың арасында да логикалық тапсырмаларды да кездестіруге болады.

Білімнің беріктігін қамтамасыз ету үшін, баланың шығармашылық қабілетін дамыта түсу үшін, оқушының дарындылығын тану үшін қазақ тілі пәнінен логикалық тапсырмаларға баса назар аударамын.

Берілген тапсырмаларды орындауда оқушылар өз беттерімен ізденеді, оқушының ой өрісі кеңейіп есте сақтауы дамиды, байқағыштығы қалыптасып, эвристикалық қабілеті шыңдалады. Сабақта оқушының өзіндік пікір айтып оны қорғай білуіне мүмкіндік жасаймын.

Бастауыш сыныптарда тіл өнерін меңгертудің алғашқы баспалдағы ретінде оқушының сөздік қорын, байланыстырып сөйлеу машықтары мен дамыту бағытындағы жұмыстарға негізделеді.

Мысалы сауат ашу кезеңінде әріп үйретумен қатар әр әріпке байланысты ертегілер оқып, түрлі тақпақтар жаттатып сол әріптен басталатын көптеген заттардың суреттерін көрсету арқылы сөйлемдер құратуға болады.

Осылайша әр әріппен танысқан кезде балалар әр түрлі ертегілер тыңдап, олардың мазмұнына тоқталып, әртүрлі тақпақтар жаттап, көптеген заттардың атауын біліп оларға сөз тіркестерін, сөйлем құрау арқылы балалардың сөздік қорын көбейтіп, тілін дамытуға болады.

Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, оқушыны өзіне тарта, баули түседі.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып, біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз.

Мектеп тәжірибесінде шығармашылық жаттығулар үздіксіз орындалмай жатқандығы белгілі. Кейбір мұғалімдер шығармашылық жаттығу міндетті деңгейге жатпайтындықтан оны орындамайды, орындағанымен сабақ соңында асығыс шешуін оқушыларға жалпылама айтқыза салады, яғни талдау жүргізілмейді. Балаларда ой операиялары толық жүргізілмегендіктен логикалық ойлаудың даму деңгейі төмен болады. Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың бір жолы — шығармашылық жаттығуды жүйелі орындату.

Сыныптағы оқушыларымның білім деңгейі бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқитын, оған деген ынтасы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірыңғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан оқушыларға міндетті емес тапсырмаларды үнемі орындатып отыруға тырысамын.

Бастауыш класс оқушылары берілген материалды толығымен меңгеруі үшін логикалық талдау жасай білу дағдысы болуы керек. Бірақ, 4 класс оқушыларының барлығы дерлік қорытындылау, салыстыру,талдау әдістерін біле бермейді. Бірақ көбіне мұғалімдер оқулықта берілген тапсырмаларды жай орындап қоюмен ғана шектеліп жатады. Салыстырып, талдау жасап, қорытынды шығармайды.

Оқушының логикалық ойын дамыту жолдарын оқып үйрене келе математика сабағыма баланың логикалық ойын дамытатын жаттығуларды қолдана бастадым. Қазір оқушылар есептер мен жаттығуларды бір-бірімен салыстырып, талдап, қорытынды жасайды.

Дидактикалық ойындардың да баланың логикасын дамытуға зор үлесі бар. Бала заттарды бір-бірімен салыстырады, топтастырады, белгілеріне қарай ажыратып, қорытынды шығарады. Ойын арқылы мұғалім баланы өз бетімен ойлауға, алған білімін әртүрлі жағдайда қолдана білуге үйретеді.

Логикалық ой элементін дамытудың тағы біржолы-сурет салу. Сурет салу арқылы баланың танымдық процесі дамиды. Түстерді танып, кеңістіктерді, көлемді ажыратады. Содан кейін талдау жасап салыстыруға үйренеді. Заттың қасиеттеріне көңіл бөледі.

Логикалық ойын дамытатын тапсырмалар түрлері:

— логикалық қатар (қатарда тұрған заттардан ерекшеленіп тұрған затты табу немесе суреттерден логикалық қатар құрастыру);

— лабиринттер (әртүрлі лабиринттен өту);

— логикалық байланысты табу (мысалы, ұқсас заттарды тап, жануар және оның тамағы т.б.);

— қателерді тап (қате құрастырылған затты не түсін табу);

— заттарды белгісіне қарап ажырату (мысалы: жеміс пен жидек, сандар мен цифрлар т.б.);

— затты табу (мысалы: адамдар, жануарлар)

— логикалық поезд т.б

Баланың логикалық ойын дамытатын жұмыс түрлерін даярлық тобынан бастау керек.

Бұл тапсырмаларды сабақта және кластан тыс шараларда да қолдану арқылы оқушыларымның логикалық деңгейі өскендігін, білім сапасы көтерілгендігін байқадым.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:

-есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;

-пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;

-сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Оқушылардың логикалық ойлауының дамуы өздігінен ізденіп жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар оқушының интеллектуалдық деңгейін көтеретін болғандықтан әр сабақта тапсырмаларды түрлендіріп, қызықтырып қолдану қажет. Бастауыш сыныптарда математика сабағынан балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады.

Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

А.Н. Леонтьев «Логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. «Логикалық ойлау» дегеніміз – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Баланың логикасын дамыту ұғымдарын өсіру, оқу-тәрбие үрдісіндегі ұдайы жүргізілетін жұмыс.

Мен оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда мынадай талаптарды басшылыққа алдым:

Сабаққа оқушыларды түгелдей қамту;

Жеке дара қасиеттерін ескере білу;

Іс-әрекетке қызықтыра білу

Білім беру мазмұны кейбір пәндерде теориялық материалдарды ірілендіріп ұсыну арқылы да оқушы логикалық ойлауға бағыттайды. Оқушы психикасы, таным, ерік-жігері,

сезім күштері дамуымен тығыз байланыста. Оқушының логикалық ойлауы мынадай жолдармен дамиды:

- Ақыл-ой әрекеті үстінде;
- Білімді меңгеру;
- Тіл үйрену;
- Жылдам есептеу.
- Затты әрекеттік.
- Көрнекі-бейнелі.
- Сөздік логикалы.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Өз сабағымда мына есептерді мәтіннің мағынасына мән бере отырып шығаруды тапсырдым. Нәтижесінде оқушылар есепті мұқият тындап отырғанда ғана шынайы нәтижеге қол жеткізуге болатындығын ұғынды.

Оқушылардың жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынтасы мен қабілетін дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Өйткені оқушылар өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетімен білімді пайдалануға дағдыланбаған. Сондықтан көп жағдайда оқушылардың өз күшіне сенімін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту үшін сабақта әр түрлі, жан – жақты болуы керек. Оқушының математикалық ойлауы дамуы үшін түрлі тапсырмаларды орындауы тиіс.

1. Өз бетінше есеп шығарудың сан қилы жолын іздестіру.
2. Пәнге қызығып, оған көңіл қойып, тереңдете оқып үйрену.
3. Сабақ барысында қолданылатын ойындарға, математикалық сайыстарға, жарыстарға қатысу.

Осы мәселе тұсындағы өзім жүргізіп жүрген шаралармен таныстырайын. Есеп шығару көбінесе байқап көру, іздену үрдісімен жүреді. Ойша болжай білу балалардың бойындағы тапқырлық пен аңғарымпаздықты байқатады.

Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын азамат қалыптасады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сейдахметова А. Даярлық сынып оқушыларының логикалық ойларын дамыту жолдары. // Бастауыш мектеп, 2000. №8,9.
2. Қосанов Б.М. Математика курсынағы шығармашылық жаттығулар: орындау технологиясы. – Алматы, 2005. — 72 бет. .
3. К.Ж.Бұзаубақова «Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру», Алматы, 2002ж
4. Т.Мейірманқұлова «Білім берудегі инновациялық технологиялар», Алматы, 2000ж.



## КІШІ МЕКТЕП ЖАСЫНДА ОҚУШЫЛАРМЕН МАТЕМАТИКАДАН ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Г.А. Жапбарова, Б.Л. Уракова

Ж.А. Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

**Андатпа.** Бастауыш мектеп жасындағы оқушылармен математикалық үйірме жұмысын ұйымдастыру

Кілт сөздер: бастауыш сынып, үйірме жұмысы, ұйымдастыру, білім беру.

**Аннотация.** Организация математической кружковой работы с учениками младшего школьного возраста

**Ключевые слова:** начальный класс, кружковая работа, организация, образование.

**Abstract.** Organization of mathematical circle work with students of primary school age

**Keywords:** primary grade, club work, organization, education

Ұрпақ тәрбиесі – баршаның ісі. Тәрбие тек сабақ берумен ғана шектелмейді, ол сабақтан тыс уақытта да жалғаса береді және тереңдетіле түседі. Сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік іс – әрекет әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып жүргізіледі. Тәрбие барлық уақытта және барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектеуге болмайды. Оқушының бос уақытын тиімді өткізу мен балаға жақсы тәрбие беруде оқыту сабақтарына қарағанда, сабақтан тыс жұмыстар мен мектептен тыс жұмыстардың алатын орны ерекше.

Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт - олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Оқушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру-барша қауымның ортақ ісі. Оқушы жан-жақты болып өсу тек қана оның мектепте өткізген уақытымен шектелмейді. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында мектептің қызметі күннен-күнге ұлғая түсуде. Балалар ұйымы, ата-аналар, бүкіл жұртшылық балалардың бос уақытын өміріне пайдалы тәрбиелік мәні болатындай етіп өткізулеріне көмектесулері керек. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру оңай мәселе емес екенін де ұмытпауымыз керек.

Мектеп оқушылары мектептегі, мектептен тыс үйірмелерге үздіксіз қатысып жатыр. Түрлі спорттық үйірмелерге, шығармашылық үйірмелерге, вокал, аспаптық үйірмелер, театрлық, өлкетану бағытындағы үйірмелер, математика-жаратылыстану бағытындағы үйірмелерге белсенді қатынасып жүр.

Бүгінгі заман бәсекелестік пен жоғары технологиялар заманы, ғылым мен білім заманы. Сондықтан адамзат қиял мен ғажайыптарға қол созады. Мектебімізде оқу - тәрбие беруде тұлғалық танымдық белсенділікті дамыту мақсатында бірқатар үйірмелер жұмыс жасайды. Әрбір үйірменің жұмыс кестесі, уақыты белгіленген. Атап айтқанда, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, қабілеттерін ашу мақсатында спорттық – футбол, волейбол үйірмелері жұмыс жасайды. Үйірмеге қатысып жүрген оқушылар спортқа, дене тәрбиесіне қызығушылық танытуда. Үйірме жұмысы барысында түрлі спорттық жарыстар, сайыстар ұйымдастырылады. Нәтижесінде көпшілік оқушылар қалалық спорттық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленуде.

Оқушылардың пәнге деген көзқарасы әр түрлі факторлармен жеке басымен және пәннің ерекшеліктерімен қатар оқыту әдісімен анықталады. Олардың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, пәнге деген ынтасын арттыру мақсатында үйірме жұмысын ұйымдастырып жүргізудің маңызы зор. Көпшілік оқушылардың үйірме мүшелерінің математика пәніне қызығу-шылығының артуы оны оқыту әдісінде үйірме жұмысының қаншалықты дұрыс ұйымдастыра білсе, оның білім берерлік және тәрбиелік мәні өте зор. Ол жұмыстар оқушылардың практикалық дағдысын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады. Сондықтан дарынды оқушылармен үйірме жұмысын жүйелі жүргізіп отырған жөн. Үйірме жұмысында оқушылардың математика тарихынан алынған мағлұматтармен және көрнекті математиктердің өмірбаянымен, ғылыми еңбектерімен таныстыру мұғалімнің сыныптан тыс жұмыстарын да жандырады. Сондай-ақ оқушылардың ой-өрісін дамытатын логикалық есептер шығаруға, қалжың есептерді талдауға, викториналық сұрақтарға, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын математикалық сандық ребустарға, қызықты есептерге, сиқырлы квадраттар, оларды шешуге және шырпымен құрастырылған есептерді шығаруға, танымдық есептерге, қиынырақ есептерге уақыттың бөлінгені дұрыс. Үйірме оқушылардың математиканы қызыға оқуына, терең тиянақты білім а

Мектеп математикасы бағдарламасында көрсетілген білімдер мен дағдыларды оқушыларға меңгертумен математиканы оқытудың мақсаттары толық орындалады деп айтуға болмайды. Өйткені, математиканы сүйетін оқушылардың білімін тереңдетіп, дағдыларын дамытумен қатар, нашар үлгеретін балалардың ынта-ықыласын көтеріп, олардың бұл пәнге деген қызығушылығын арттыруымыз керек.

Пәндік үйірме сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрі. Нақты ғылымдардың бірі математика болса, бұл пәнді жете ұғындыру қажет-ақ. Математикалық үйірменің оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырумен қатар, математикалық ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзіндік жұмыс жасау қабілеттілігін жоғарылатуға математикалық білімінің сапалылығына ықпалы зор.

Математика пәнінен үйірмені ұйымдастыруға мектеп мұғалімдеріне көмек болар деген үмітпен үйірме жоспары мен үйірменің кейбір сабақтарының тапсырма үлгісін, сабақты ұйымдастыру тәсілдерін ұсынып отырмын.

«Жас математик» үйірмесінің жоспары:

Үйірменің мақсаты: Оқушыларды математика ғылымына негіз болатын білімдер жүйесімен қаруландыру және алған білімдерін практикада қолдана білудің іскерліктері мен дағдысын қалыптастыру. Әрбір жеке тұлғаның ақыл-ойының дамуына шығармашылық даму мүмкіндігіне жағдай жасау. Оқушылардың сауаттылығын есептер шығару барысында қалыптастыру, оқушылардың математикаға деген ынта-ықыласының тұрақты болуын қамтамасыз ету.

Үйірме сабақтары негізінен үш бөлімнен тұрады: баяндама, қысқа хабарлар, логикалық және ойын есептері. Баяндама қысқа әрі нұсқа болуы керек. Оқушы үйірмеде баяндама конспектісіне қарамай, мазмұны жайлы тыңдарманға толық түсінік беру керек.

Қысқа хабарлар негізінен математиканың әр түрлі қызықты тарауларынан алынады. Ол ұлы математиктердің өмірі, әйгілі теоремалардың шығу тарихы тағы да басқа қызықты оқиғалар болуы мүмкін. Кейде шығарылатын логикалық қызықты есептер тарихынан да қысқа хабарлар дайындауға болады.

Үйірме сабақтарында оқушыларды қызықтыратын логикалық есептер шығарудың білімдік те, тәрбиелік те маңызы зор екені баршаға мәлім. Өйткені есеп шығару барысында оқушылар математикалық ұғымдарды меңгереді, ойлау қабілеті дамиды. Өз пікірлерін логикалық жолмен дәлелдей білуге, алған білімдері бойынша тиісті қорытындылар жасауға, өздері игерген есеп шығару дағдыларын іс жүзінде қолдана білуге жаттығады.

Үйірменің алғашқы сабағы. Әдетте үйірме мүшелерінің саны 10-15 адамнан аспайды. Талапкерлер көбейген жағдайда оқушылар жас ерекшелігіне не дайындық дәрежесіне қарай

секцияға бөлінгені дұрыс. Үйірме жұмысына үлгерімі төмен оқушыларды тартудың да пайдасы мол. Тек олардың дайындық дәрежесіне қарай тапсырма беріп, қолдап отыру керек. Алғашқы күні оқушыларға математикалық үйірме, оның маңызы жайлы айтып өтуге болады. Сонымен бірге осы күні үйірме мүшелерімен, жылдық жоспары таныстырылады. Алдағы атқарар жұмыстарға байланысты редколлегия мүшелері сайланады.

Математикалық ребустар: Цифрлары әріптермен, әр түрлі цифрлары әр түрлі әріптермен, бірдейлері бірдей әріптермен ауыстырылған арифметикалық теңдіктің жазылуының мағынасын ашу керек болатын есептер. Алғашқы теңдік дұрыс және әдеттегі арифметикалық ережелер бойынша жазылған деп есептеледі. Дербес жағдайда, сан жазылуындағы сол жақтағы бірінші цифр 0 болмайды; ондық санақ жүйесі пайдаланылады.

Қызықты жаттығулар әлемінде: Үйірме сабақтарында қызықты баяндамалар, хабарламалар оқумен қатар әр түрлі мазмұндағы логикалық әрі қызықты есептерді ұсынудың маңызы зор. Ондай қызықты есептер төменгі сынып оқушыларының математикаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ойлау қабілетін, математикалық тілін дамытады. Нақтылыққа, жауапкершілікке, тез шешім қабылдауға тәрбиелейді.

Жасы жүзге келген бір қария өмір бойы өзінің туған күнін тек 25 рет қана атап өткен екен. Себебін анықтаңыздар.

Жауабы: Қарт 29-ақпанда туған.

Бір қорада тауықтар мен қояндар бар, олардың бастарының саны 19, ал аяқтарының саны 40. Сонда қорада неше тауық, неше қоян болған?

Жауабы: 1 қоян, 18 тауық.

Өзенге 3 турист келді. Жағада екі кісілік бір қайық тұр. Одан басқа арғы жағаға өтетін еш нәрсе жоқ. Туристер осы қайықпен жүр рейс жасап өзеннен өтті. Олар неше рейс жасады?

Жауабы: Егер туристер бір жағаға келсе, онда қарсы жағаға жұп рейс жасап өту мүмкін емес. Онда туристер өзеннің қарама-қарсы жағына келген, екеуі бір бетіне, ал үшіншісі келесі бетіне. Бұл жағдайда өзеннен екі рейс жасап өтуге болады.

Қатарынан 25 бес цифрларын жазып: 5555...5. Кейбір цифрлардың арасына арифметикалық амалдарды қойып, нәтижесінде 2006 санын шығар.

Жауабы:  $555+555+555+55+55+55+55+55+5+5+5:5$

Қатарынан 11 тоғыз цифры жазылған. Олардың арасына арифметикалық амалдарды қойып, 2005-ті шығар.

Жауабы:  $999+999+9-9-9-9:9$

Халық есептерін шығару: Оқушылармен математикалық есептермен қатар практикалық мазмұндағы есептер шығарып отырудың өзі олардың ақыл-ойының дамуына, білім аясының кеңеюіне әкеледі. Халық есептерін шығару арқылы оқушылар математиканың қаншалықты өмірмен тығыз байланысты екенін көреді. Сонымен қатар осындай танымдық есептер оларды патриоттыққа тәрбиелейді. Яғни халық есептерінің білімдік маңызы мен тәрбиелік маңызы да зор.

Оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін осындай халық есептерін ертегі түрінде сахналық қойылым етіп қоюға да болады. Осындай есептерді көптеп шығартып отырудың өзі олардың қызығушылығын туғызатыны сөзсіз.

Есептер

1) Қап-қап бидай

Егін бітік болып, қырманы қызылға толған диқан барлық бидайын есік алдындағы тақырға түсіріп алады да, оның біразын екі ұраға тең көмуді ойлайды. Диқан бірінен-бірі бір пұт артық сиятын үш қап дайындайды, оның ең кішісін қызына, ортаншы қапты ұлына береді. Өзі үлкен қапты алады. Сөйтіп үшеуі бидайды ұраға құюға кіріседі. Өзара бәсекеге түскен үшеуі бірінен-бірі қалыспай, өз ұрасына қапшығымен он реттен астық тасығанда

ұра да толады. Бұлардың әрқайсысының қабы неше пұттық? Қай ұраға қанша астық құйылған және әркім қанша пұт астықты тасып төккен?

Шешуі: Пұт  $y+1$ -қыздың тасыған қабының саны,  $y+2$ -ұлдың тасыған қабының саны,  $y+3$ -әкесінің тасыған қабының саны.

$$\text{Теңдеу құрсак: } 10(y+1)+10(y+2)=10(y+3)$$

$$y+1+y+2=y+3$$

$$2y+3=y+3$$

$$2y-y=0$$

$$y=0.$$

Жауабы: ұлдың қабы екі пұттық, қыздыкі бір пұттық, бірінші ұраға 30 пұт, екінші ұраға да 30 пұт астық төгілген.

Үйірменің қорытынды сабағы: Егер жүйелі қорытындылау жасалмаса, оқушылардың саналарында үйірмелік сабақтардан бір нәрсе қалатыны шамалы. Бірақ оны қалай жасауға болады? Кейбір мүмкіндіктерді көрсетейік.

1) Оқушыларға үйірме отырыстарында ұқыпты жазбалар жүргізу ұсынылады.

2) Үйірмеде қарастырылған материалдар үйірменің журналында белгіленіп сақталады. Үйірменің мүшелеріне әрқашанда журналды алуға болады.

3) Үйірмеде бұрын қарастырылған (соның ішінде өткен жылдағы) тақырыптар бойынша, тапсырмалар (сондай-ақ, ойындар) ұсынылады.

4) Мұғалім сабақта, сонымен қатар үйірмеде алынған білімдерін үй және бақылау жұмыстарын орындағанда пайдаланғаны үшін үйірменің мүшелерін көтермелейді.

5) Бір жылда қарастырылған материалды бекітуге үйірменің соңғы отырысы арналады. Бұл отырыс қорытынды отырыс ретінде өтуі керек. Мұндай отырыс үшін маңыздысы, жетекшінің өткен жылға байланысты үйірме жұмысы туралы әңгіме жүргізу. Оқу жылында қандай аса маңызды сұрақтар қарастырылды? Жыл ішінде үйірменің мүшелері неге үйренді? Қандай пайдалы әдеттерге үйренді? Қандай жаңалықтарды білді? Осы отырыста үйірме мүшелері жыл бойы қарастырған материал бойынша есептер шешеді. Қорытынды отырыстың маңызды бөлігі «көңілді» математикаға (софизмдер, фокустар, логикалық есептер, математикалық иллюзиялар және т.б.) арналуы мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан мектебі. Алматы, Дәуір, 2009ж. № 6.
2. З. Әбілова. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. Алматы 1986.
3. К. Кожаметова, С. Ұзақбаева. Эстетикалық тәрбие берудің ұлттық негіздері. Алматы 1985.
4. М. Касымов, Г. Райымбекова. Оқушыларға рухани эстетикалық тәрбие берудің мазмұны.

## ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕ СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ РОЛІ

Г.А. Жапбарова., М.С. Қосмұратова

Ж.А. Тәшенев университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Отбасылық тәрбиені жетілдірудегі сынып жетекшісінің рөлі

**Кілт сөздер:** сынып жетекшісі, бастауыш сынып, отбасылық тәрбие, тәрбие сағаты.

**Аннотация.** Роль классного руководителя в совершенствовании семейного воспитания

**Ключевые слова:** классный руководитель, начальный класс, семейное воспитание, воспитательный час.

**Abstract.** The role of the class teacher in improving family education

**Keywords:** homeroom teacher, elementary class, family education, educational hour.

Бала – басты байлығымыз, ал ең асылымыз – оның тәрбиесі. Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп айтқан сөзі бізге жарқын болашаққа апарар жолды меңзеп тұрғандай. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылатыны анық. Бала тәрбиесі – игілікті іс. Берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратыны белгілі. Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата – ана және қоғам. Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие үрдісі өз жемісін нәтижелі бере бастайды. Ынтымақ бар жерде тәрбие де бар. Ынтымақ бар жерде береке, бірлік те бар. Қоғамдық тәрбие жанұядан басталады. Ал сол жастар «рухани» байлықпен қылаптасады. Қандай бағытпен жүреді, қандай ізгі істер жасайды, қандай қоғам келешекті қалыптастырады? Ол жалғыз мектеп проблемасы болмауы керек. Оған ата-аналар да, қоғамның әрбір мүшесі де бірігіп атсалысуы қажет.

Бала тәрбиесі – мәңгілік мәселе. Өнегесі мол отбасы тәрбиесіне ештеңе тең келмейді. Жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге адалдықпен, асқан жауаптылықпен атсалысу - ата – аналар мен ұстаздардың, әсіресе, сынып жетекшісінің басты парызы. Ұстаздардың өмірі мектептегі еңбек майданында оқушымен тығыз байланыста болады. Бір сыныпта әр түрлі бала болады, яғни, әр түрлі психология. Ендеше сол оқушылармен тіл табысып, жұмыс жасай білген ұстаз – психолог. Кейде келіспеушіліктер де, қиындықтарда туындап жатады. Сол кезде ата – ананың көмегі, ықпалы көп қажет болады. Мұғалім өзіне бағынбаған баланың қылығы үшін ата – анасын шақыруға тура келеді. Сондай жағдайда кей ата – ана мектепке келуден бас тартады, ал кейбірі келіп алып, мұғалімді жазғырады.

Баланың жақсысы — әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, «азап-соры» деген жастарды тәрбиелеу ісінде табысқа жету үшін әрбір ата-ананың өзі де тәрбиелі болу керек. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ең алдымен ата-ананың ролі, онан кейін ұлағат сыйлаған ұстаз.

Мектеп-педагогикалық процесті басқарудың негізгі орталығы. Мектеп қоғамның әлеуметтік ұясы. Онда демократияландыру, ізгілендіру негізінде педагогикалық ұжым нығаяды, қалыптасады. Мектеп - өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын.

Еліміздің бүкіл жастары мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп өмірінде мұғалім-басты тұлға. Мұғалім арнайы мамандығы бар педагогикалық қызметпен кәсіби деңгейінде айналысатын адам. Мұғалім оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушысы, әрі ұстазы, әрі ақыл беріп отыратын кеңесшісі. Сондықтан да ол қиында жауапты іс болып саналынады. Осындай жауапты істерді өзінің педагогикалық қызметінде сынып жетекшісі ретінде қосымша жұмыс түрінде тәрбие жұмысын атқарады. Сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі қаншалықты қиын болғанымен оқушылар ұжымы үшін өте қажетті іс. Себебі мектеп құрлымындағы ең негізгі буын - сынып болып саналады. Сыныпта оқушылардың таным әрекеті ұйымдастырылып олардың өзара әлеуметтік қатынастары қалыптасып отырады.

Сондықтан сыныптағы оқушылардың тәрбие әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың ықпалын үйлестіру тек сынып жетекшісіне жүктеледі. Сынып жетекшісі өз оқушыларын ұжымдық әрекетте ауызбіршілікте болуға, сыныпта дәріс беретін мұғалімдер мен тіл табыса білуге, оқушылардың ата-аналары мен байланыста бола отырып жұртшылықпен бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіре білетін ұйымдастырушы ретінде көмектеседі. Сынып жетекшісінің негізгі мақсаты- мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азамат етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Сынып жетекшісі, сыныптағы әрбір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың, адамгершілік қасиеттерін, еңбекке сүйіспеншілігін қамтамасыз етіп, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан оның жұмысының маңыздылығы мен тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсатқа бағытталуы тиіс. Атап айтқанда тәрбиенің негізгі салаларына: ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық тәрбие және дене тәрбиесі, құқықтық тәрбие, еңбек тәрбиесі т.б. тәрбие міндеттерін мектеппен сыныптың нақтылы өмір жағдайларына байланысты қарастыру. Сынып жетекшісінің міндеті сан алуан. Сол себепті сынып жетекшісі жүргізетін тәрбие жұмысы өзінің психологиялық мазмұны жағынан өте күрделі әрі көп ізденісті талап етеді.

Ұлттың болашағы –ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі –ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Тәрбие беру – өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс. Бұған қоғамдық өмірге дербес шешім қабылдап, ойды саналы түрде түсінуге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелемейінше қол жеткізу мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. Үшінші мыңжылдықта жастар қандай болуы керек?– деген жанды сұрақ әрбір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Сондықтан да Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың алдында: “XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан –жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу керек”– деп жауапты міндет қойып отыр. Бұл бүкіл адамзатты ойландыратыны анық жағдай.. Адамның адам болып қалыптасуында ата –аналармен қатар сынып жетекшілердің ықпалы зор. Яғни тәрбие жүйесіне жүктелер жүк те жеңіл емес. Қандай істі болсын бастау, оны өмірге ендіру оңай шаруа емес. Ұрпақ тәрбиесі– бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Тәрбие жолы қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам ұстаз шәкірт алдындағы парызын ешуақытта ұмытпайды. Мүлт кетсе-үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Сондықтан әр ұстаз жалықпай ізденеді, білім беруді, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндеті, айбынды мақсаты деп біледі.

Сынып жетекшісі тәрбие жұмысының мақсатын саналы түсініп, оны жан-жақты талдап отыруға міндетті. Сынып жетекшісінің тәрбие қызметіндегі мақсаты: білім алушы тұлғасының өзін-өзі дамыту мен іс жүзінде көрсетуі үшін жағдай жасау. Балалардың тума нышандары мен қабілеттерін дер кезінде айқындау, қауіпсіздік, эмоциялық жайлылығы үшін психологиялық жағдайлар жасау. Сынып жұмысын ұйымдастыруда сынып жетекшісінің рөлі өте жоғары екендігін ескере отырып төмендегі сынып жетекшісі қызметіне қажетті мақсат–міндет ережелерін ұсынамын. Сынып жетекшісінің тәрбие қызметіндегі мақсаты:

- Білім алушы тұлғасының Өзін-өзі дамытуы мен іс жүзінде көрсетуі үшін жағдай жасау;

- Балалардың тума нышандары мен қабілеттерін дер кезінде айқындау, қауіпсіздік, эмоциялық жайлылығы үшін психологиялық педагогикалық жағдайлар жасау;

- Әр түрлі шығармашылық тұлғадағы қоғамдық іс-әрекетке икемді тұлғаның өзін-өзі анықтауы және өзін іс-жүзінде көрсете білуі;

- Өзара бірлескен қарым-қатынас кезінде тәрбиеленушілердің әлеуметтік құнды қарым-қатынастары мен алаңдатын мәселелерін сәйкестендіру;

Сынып жетекшісі қызметінің міндеттері :

- Сынып ұжымын қалыптастыру және дамыту;

- Тұлғаны дамытып, әрбір білім алушының өзін танытуы әрі қайталанбас ерекшелігін сақтай отырып психологиялық педагогикалық жағдай тудыру;

- Оқушылардың шығармашылық Іс-әрекетін қалыптастыру;

- Сыныптағы жүйелік; Жұмысты ұйымдастыру;

- Білім алушылардың бойында адамгершілік құндылықтар мен рухани бағдарларды қалыптастыру;

- Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- Білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;

Сынып жетекшісінің негізгі қызметіне мыналар жатады:

- Сынып жетекшісінің қызметін ұйымдастыру;

- Сынып ұжымының оқу ісін ұйымдастыру;

- Сыныптың сабақтан тыс уақыттағы өмірін ұйымдастыру;

- Оқушылардың жеке басын зерделей түсіну;

- Оқушыларды әлеуметтік қорғау;

- Ата-аналармен жұмыс.

Сөз жоқ, бала үшін адамгершілік талғамдар мен әдет-дағдылар, яғни жеке бастың қалыптасуының барлық әлеуметтік-психологиялық негіздері отбасында қалыптасады. Демек, отбасылық тәрбиелеу шарттарын, мүмкіндіктерін зерттемей тәрбие үрдісінде оң нәтижелерге жету мүмкін емес. Кей ата-аналардың бала тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі кемшіліктердің барлығын байқауға болады. «Міндетім киім мен тамақ табу ғана» деген оймен мектепке орынсыз талаптар қояды. өзінің жауапкершілігін сезе білмейді, баласын тәрбиелеуден қол үзеді. Оның зардабы баланың сабақ үлгеріміне, мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады.

Адамды адамдық қалыпқа келтіретін де, аздырып, тоздыратын да қоғамдағы тәрбие жұмысы. Жүйелі ұлттық адамгершілік тәрбие болмаса, халық бір-бірінен рухани үлгі көрмесе адам баласы бір-біріне ақырзаман әкелуі мүмкін.

Қазіргі заманда ұлттық мектептің ірге тасы қалана бастаған кезде ата-аналарда мектеппен байланысын нығайта түсуі абзал. Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие процесі өз жемісін нәтижелі бере бастайды.

Балам адам болсын дейтін ата-ана тәрбиені дұрыс беруі керек. Осы ретте Мағжанның мына сөзін айта кеткенді жөн көреміз: «Бала тар ойлы, ақымақ болса, бала кінәлі емес, тәрбиеші кінәлі; бала сұлулықтан ләззат ала білмейтін мылқау жанды болса, айыпты емес, тәрбиеші жазалы. Бала істеген жауыздықтың жазасын тәрбиеші көтерсін» деген нақыл сөзді естен шығармайық!

Қоғамның азамат мүшесі отбасынан бастау алады, қоғам келбеті отбасынан көрінеді. Отбасының аса маңызды әлеуметтік қызметтері - азамат тәрбиелеу, патриот қалыптастыру, болашақ жанұя игерген кемелдендіру және мемлекет заңдарын мойындап, құқықтарын сауатты пайдалана білетін қоғам мүшесін жетілдіру.

Отбасында баламен қарым - қатынас жасау үшін ата - аналарға мына түрдегі кеңестерді ескерген артық болмайды.

- баланы бар қалпында сүйіп, оны бала екеніне қарамастан құрметтеу қажет;  
- баламен қарым - қатынас барысында оның санасына әсер ететін құрғақ сөз емес, керісінше сол сөздің қалай айтылғаны мен шын көңілден шыққанын ескерген жөн;

- баланың не айтқысы келетінін ата - ана түсініп алып, жауап қайтарғаны жөн, ал асығыстық жасаған жағдайда қорытынды жасаудан сақтанған дұрыс;

- бала жасаған келеңсіз іс - әрекеті үшін ата - ана жаза қолдана білгені жөн, ол баланың жауапкершілікті болып өсуіне ықпал етеді. Бірақ еш уақытта баланың намысына тиіп, қорламаңыз, себебі бала жаман емес, оның қылығы жаман.

- бала жөнінде басқалар (мұғалімдер, көршілер) тарапынан айтылған сын пікірлерден қорытынды жасаудан бұрын оның өзімен әңгімелесіп, жасаған іс - әрекетінің себебін анықтап болған соң шешім қабылдаған жөн, жұрт алдында балам үшін беделімді жоғалтамын деп қорқудың қажеті жоқ, керісінше, өз балаңның сенімінен айырылмағанын дұрыс;

- балаға үйрететінін алдымен өзің үйреніп, біліп алғаның жөн;

- күнделікті балаға қанша рет «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріңіз, шыққан қорытындыдан шешім жасаңыз. Отбасында бала ата - анасына түгелдей тәуелді екенін ұмытпаңыз;

- бала жастығына қарамастан, ата - ана тарапынан қадағалағанды жек көреді, өз өміріне тек шын ықыласпен араласқанды ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата - анасын сүйеді;

- ата - ана баланы қиындықтардың құрсауында жалғыз қалдырмауға тырысқаны жөн.

Отбасы қарым - қатынасындағы қуатты күшке ие көзге көрінбейтін ықпал, әсер дегенді бала ақылымен пайымдай алмаса да, сезініп түйсінеді. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке - шешесі не істесе де оған үлгі, өнеге, содан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі - алдында ең беделді тұлға әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке.

Ата - ананың ықпалы өзінен - өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс - әрекетке айналады.

Қорыта келгенде, егеменді еліміздің келешегі мен кемелі білім мен ұлағатты тәрбиеге байланысты. Сондықтан әр ұстаз жалықпай ізденеді, білім беруді, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абыройлы міндеті, айбынды мақсаты деп біледі. Сынып жетекшісі тәрбие жұмысының мақсатын саналы түсініп, оны жан-жақты талдап отыруға міндетті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Николаева, Н.В. Наймушина. Отбасылық құндылықты құрметтейік. Сынып жетекші анықтамалығы. №4 2014ж.
2. Б.Темірғалиева. Ата салтым – асыл қазынам. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. №4 2014 ж.
3. А.Топтаубаева Өнегелі отбасы. Мектептегі мерекелер. №3 2014ж.
4. Н.Шанузадаұлы, Ж.Ерғалиева. Әдептілік қағидалары. Өнер,2000ж.
5. С.Қалиев. Үлгілі үйдің ұл-қызы. Алматы,Санат.2000ж.
6. Н.Нүсіпбаева, Р.Оразалина. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» . Тәрбие құралы. №6 2011ж.



## УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ СИСТЕМАМИ В КОНТЕКСТЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Д. п. н., профессор – **Молдабек Қ.**,  
E-mail: moldabek.kulakhmet@mail.ru ,  
к. п. н., профессор – **Кенжебекова Р. И.**,  
E-mail: rabiga.0561@mail.ru,  
**Октамбаева Л.**,  
Студентка 1 курса группы Пик 24-5р  
Казахстан, г. Шымкент

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются проблемы управления образовательных систем в контексте инклюзивного образования.

**Ключевые слова:** дети с ограниченными возможностями, специальный педагог, инклюзивное образование.

**Аннотация** Мақалада мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жүргізетін мамандар даярлау тиімділігін арттыру мақсатында жоғары педагогикалық, арнайы және жалпы білім беру жүйесіндегі мәселелер қарастырылған.

**Кілт сөздер:** мүмкіндігі шектеулі балалар, арнайы педагог, инклюзивті білім беру.

**Abstract.** This article describes problems of system integration for existing educational structures – pedagogical, special and common– targeting an improvement in training efficiency for specialists working with disabled children.

**Key words:** : children with limited abilities, special educator, inclusive education.

В то же время, весьма значительным для развития образовательной политики нашего государства является предложенный Президентом курс на «экономический прагматизм на принципах прибыльности, возврата от инвестиций и конкурентоспособности», который можно рассматривать и как принцип управления образовательными системами. В нашем случае – это проблема интеграции рынка труда– системы специального образования – и педагогических вузов, где готовят специалистов для работы с детьми с ограниченными возможностями.

В настоящее время в республике не сформированы полноценные механизмы взаимодействия между работодателями (специальными организациями образования) и педагогическими вузами: их деятельность не планируется исходя из реальных потребностей регионов и потребителей услуг – детей с ограниченными возможностями.

В Казахстане с 1976 года ведется подготовка учителей-дефектологов (специальных педагогов) в 14 вузах республики: КазНПУ им.Абая, Павлодарский, Костанайский, Таразский и Актюбинский педагогические институты, ЮКГПУ, "Университет Имени Жумабека Ахметовича Ташенева", ЮКУим. М.Ауэзова, Северо-Казахстанский ПУ им. С.Козыбаева, КарГУ им. Е.А.Букедова, КазгосженПУ, Жетысуский ГУ им. И.Жансугурова, ВКУ им.С.Аманжолова. Несмотря на то, что ежегодно сотни выпускников покидают стены вузов дипломированными специалистами, система специального образования обеспечена специалистами с высшим дефектологическим образованием лишь на 20% процентов. Результаты отсутствия планирования в кадровой политике ощущаются во многих областях, а в сельской местности реально наблюдается кризис кадровых ресурсов в специальном образовании.

Законно встает вопрос: насколько вообще экономически эффективна вузовская подготовка специальных педагогов, если за более, чем 30 лет, кадровое обеспечение системы специального образования так и осталось крайне недостаточным? Является ли целевым использование средств, выделяемых из республиканского бюджета в виде

государственных образовательных грантов? Выходом из подобной ситуации стали бы, во-первых, централизованный мониторинг кадровых ресурсов в регионах; во-вторых, планирование подготовки специальных педагогов для каждого региона; использование альтернативных форм обучения студентов (диверсификация), а также целевая контрактная подготовка специалистов по запросам областных Управлений образования.

Дисбаланс между спросом и предложением ежегодно увеличивается под влиянием высокого уровня информационной асимметрии: в РК нет отлаженных систем сбора, анализа и представления данных о рынке труда в системе специального образования, которые могли быть использованы при разработке образовательной политики в сфере высшего педагогического образования. Решением этой проблемы может стать построение системы учета и удовлетворения потребностей регионального рынка труда – статистического мониторинга – спроведением регулярных обследований и создание информационной системы, связывающей образовательные и профессиональные траектории в системах высшего и специального образования. Мониторинг обеспечил бы оперативную обратную связь с организациями, в которых обучаются дети с ограниченными возможностями.

Решение второй проблемы актуально в связи с тем, что Государственной программой развития образования в РК на 2011-2020 г.г. предусмотрено «увеличение доли школ, создавших условия для инклюзивного образования, до 70% от общего числа» [1]. В настоящее время в республике функционируют 39 детских садов общего типа (315 групп) и 106 общеобразовательных школ (1219 классов), которые обучают более 25 000 детей с ограниченными возможностями.

Педагогические вузы призваны обеспечить этот целевой индикатор Госпрограммы соответствующим количеством специалистов, которые могли бы работать с детьми с ограниченными возможностями в общеобразовательных организациях в режиме интегрированного обучения. Это требует создания дополнительных рабочих мест и соответственно большего числа специальных педагогов для психолого-педагогического сопровождения детей с ограниченными возможностями. Для этого следует произвести анализ спроса и потребности регионов в специальных педагогах для общеобразовательных дошкольных и школьных организаций.

Актуальным является также отслеживание численности и распределения кадров системы специального образования: учет входящего и выходящего потоков, а также перемещений педагогических работников между различными секторами (государственным и частным), отраслями, регионами. Кроме того, необходимо отслеживать гендерную и возрастную структуру кадровых ресурсов системы специального образования.

В своем выступлении «Стратегия Казахстан-2050» Президент указал на «Необходимо внедрять современные инструменты менеджмента и принципы корпоративного управления в государственном секторе» [1]. И это имеет непосредственное отношение к решению еще одной проблемы – диверсификации подготовки специальных педагогов в рамках реализации Государственной программы развития образования.

Актуальность повышения эффективности высшего дефектологического образования ставит задачу так рассмотреть вопрос его реформирования, чтобы оно могло гибко и быстро перестраиваться с учетом региональных потребностей в педагогических кадрах для работы с детьми с ограниченными возможностями в специальных и общеобразовательных организациях. В данном случае необходимо разработать механизм взаимодействия систем высшего профессионального дефектологического и специального образования для реализации государственной политики в области инклюзивного образования.

В этом контексте в Институте педагогики и психологии Казахского национального педагогического университета имени Абая планируются научные исследования, направленные на решение следующих задач:

- изучение состояния трудоустройства специальных педагогов, выпускников

педагогических вузов (факторный анализ и оценка);

– анализ спроса и потребности в специальных педагогах систем специального и общего среднего образования в РК;

– теоретическое обоснование основных принципов и подходов к решению актуальных управленческих решений в целях рационального использования вузовских ресурсов (в условиях диверсификации обучения, новой грантовой политики и пр.);

– разработка теоретической модели взаимодействия образовательных систем и органов управления образованием на различных уровнях для реализации долгосрочных программ развития специального образования в РК;

– разработка статистических инструментов и руководств по проведению мониторинга кадровых ресурсов системы специального образования (в том числе инклюзивного образования).

По-нашему мнению, изучение основных тенденций состояния подготовки специальных педагогов в республике, трудоустройства выпускников и потребности систем специального и инклюзивного образования, в специальных педагогах позволит определить проблемные поля ее качества и пути повышения эффективности. Усиление же интегративных процессов систем специального образования и педагогических вузов станет одним из перспективных инновационных ресурсов повышения качества образования детей с ограниченными возможностями, отразит его синергетический эффект. Включение технологии мониторинга кадров системы специального образования, базирующегося на ведении в автоматизированном режиме комплекса баз данных о потребностях областей в специалистах, количестве выпускников педагогических вузов, как обязательный, поможет оптимизировать стратегии развития единого образовательного пространства для детей с ограниченными возможностями.

Практическая значимость научных исследований, направленных на совершенствование кадровой политики в образовании, обусловлена необходимостью социально-экономической модернизации и рационализации системы подготовки специальных педагогов в педагогических вузах. Это объясняется еще и тем, что состав и количество студентов слабо регулируется рыночными механизмами спроса на данную рабочую силу со стороны работодателей даже в условиях крайней нехватки специалистов. Поэтому с целью выравнивания диспропорций в кадровом обеспечении системы специального образования и предполагается разработать и внедрить в практику такой инструмент управления, как формы статистического наблюдения за подготовкой специальных педагогов. Разработанный статистический инструмент позволит ориентировать присуждение грантов на обучение специальных педагогов в рамках государственного заказа с учетом потребностей регионов за счет местного бюджета.

Если же говорить об их коммерческой эффективности, то следует напомнить о «социальной пользе», которой можно достичь, рационализируя затраты государства на подготовку специалистов и планомерно обеспечивая кадровые потребности регионов.

Результаты исследования могут быть положены в основу разработки практических рекомендаций для органов исполнительной власти и вузов по организации информационных кампаний и созданию позитивного имиджа профессии «специальный педагог», востребованной на региональных рынках труда, но непопулярной теперь среди молодежи.

### **Список использованной литературы**

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. – [http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja\\_programma\\_razvitiya\\_obrazovanija/gosudarstvennaja\\_programma\\_razvitiya\\_obrazovanija\\_respubliki\\_kazakhstan\\_na\\_2011\\_2020\\_gody](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja_programma_razvitiya_obrazovanija/gosudarstvennaja_programma_razvitiya_obrazovanija_respubliki_kazakhstan_na_2011_2020_gody)

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖОБАЛАУДЫҢ ҚЫЗМЕТІ, ТҮРІ, ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ ПРИНЦИПТЕРІ

Абдуллаева Жазира Дайрабаевна  
Философия докторы (PhD)  
Ж.А. Тәшенев атындағы университет

**Андатпа.** Бұл мақалада педагогикалық жобалаудың түрі және жобалау іс әрекетінің қызметі қарастырылады. Бүгінгі отандық педагогика ғылымында, педагогикалық жобалау тәрбиелеу мен оқыту процесінің жаңа күйін немесе бар процестің жаңарған түрін құрастыратын жеке ғылым ретінде сипатталады (В.П. Беспалько). Жобалау іс әрекетіндегі негізгі принциптері деп зерттеушілік, аналитикалық, болжам жасау, қайта өңдеу, нормаға келтіретін принциптерді атайды. Сонымен қоса жобалауға білімді болжау негізінде практика үшін тиімді нәтижені беретін ұлттық және құрушы принциптерде сәйкес келеді.

**Кілт сөздер:** жобалау, әлеуметтік, ғылым, принцип

**Аннотация.** В данной статье рассматривается вид педагогического проектирования и деятельность проектной деятельности. В современной отечественной педагогической науке педагогическое проектирование характеризуется как отдельная наука, формирующая новое состояние процесса воспитания и обучения или обновленную форму существующего процесса (В. П. Беспалько). Основными принципами проектной деятельности называют исследовательские, аналитические, прогнозирующие, перерабатывающие, нормирующие принципы. В то же время проектированию соответствует национальный и основополагающий принципы, дающие эффективный результат для практики на основе прогнозирования знаний.

**Ключевые слова:** проектирование, социальное, наука, принцип

**Annotation.** This article examines the type of pedagogical design and the activity of project activity. In modern Russian pedagogical science, pedagogical design is characterized as a separate science that forms a new state of the education and training process or an updated form of the existing process (V. P. Bospalko). The basic principles of project activity are called research, analytical, predictive, processing, and normalizing principles. At the same time, design corresponds to national and fundamental principles that provide effective results for practice based on knowledge forecasting.

**Keywords:** design, social, science, principle

Осынысымен жобалау іс әрекеті ғылыми педагогикалық іс әрекеттерде болатын педагогикалық заңдарды айқындау мен сипаттаудан ерекшеленеді.

Жобалау әр түрлі педагогикалық контекстлерге рамкалық сипатта болады. Бұлай болатынының себебі, көп функционалды жобалау іс әрекеті төмендегідей сипатта да қолданылуы мүмкін:

- кең әлеуметтік білім беру контекстінде педагогикалық құрал ретінде, мысалы білім алушы ұйымдардың шеберінде корпоративті мәдениетті қалыптастыру;
- оқыту (тәрбиелеу) құралы, педагогикалық іс әрекеттің басқа түрлеріне мысалы оқу (диплом, курстық жұмыс) жобаларын жасауға қатысты қосымша рол атқаруы;
- басқа іс әрекет контекстіндегі процедуралар мысалы, білім беруді басқару;
- сол немесе басқа педагогикалық объектінің (жүйе, процес, құбылыс) жаңа (инновациялық) формасын дамыту.

«Табиғат қоғам адамнан» құралған класикалық үштікпен, жобалаудың табиғи, техникалық (инженерлік), түрлері ерекшеленеді. Педагогика және білім беру саласындағы жобалар әлеуметтік жобалар болып есептелсе оның нәтижесі гуманитарлық жоба разрядына жатады. Мұнда ескерілетіні гуманитарлы жобаның мағынасы мен мақсаты адам табиғаты мен адам қатынастарында анықталатын ерекшеліктерді жақсарту болып есептеледі.

Г.П. Шедровицки стратегиялық жоспарында, педагогикалық жобалаудың екі түрін бөліп көрсетеді: әлеуметтік ортаға және оның жағдайына (білім берудегі әлеуметтік сұраныстарға педагогтардың өзіндік жауап беру тәсілдері) бейімделу, қоршаған ортаның өзіндік құндылықтары, мақсаттары мен ұстанымдарына сәйкес жақсарту (усовершенствовать)

В.И. Слободчиков жобалаудың екі типін бөледі:

- білім алу, іс- әрекеттің негізгі амалы ретінде, оқыту процесіндегі педагогика - психологиялық жобалау;

- Сәйкес келетін процестердің жүзеге асатын білім беру институттары мен білім беру аймағындағы әлеуметтік-педагогикалық жобалар.

В.П.Бедерханов практикалық жобалаудың көптүрлілігін біліп, оның негізгі екі бағытын бөліп көрсетеді. Біріншісі өзіне интенсивті формада, жобалау мен жобаны жасауды қосады. Бұл түріне ұйымдастырушылық іс-әрекеттер, иновациялық, нәтижелі ойындар мен жобаланатын таңдаулар жатады. Екіншісіне қатысушыларымен бірге болатын білім беру процесінің жобалау іс -әрекеті жатады, мұнда жобалау процесі гуманитарлық бағытталған білім беру ұйымының құрылуының факторы ретінде қарастырылады.(В.П.Бедерханова Становление личностно-ориентированной позиции педагога.-Краснодар, 2001,-с.168-1789).

Қазіргі білім беру саласында жобалаудың нәтижесі мен мақсатқа бағытталғаны және объектісіне байланысты негізгі үш түрі белсенді даму үстінде:

1. Әлеуметтік ортаны өзгертуге немесе әлеуметтік мәселелерді педагогикалық құралдармен шешуге бағытталған әлеуметтік – педагогикалық жобалау,

2. Мақсаты, білім – беру процесінің шеңберінде тұлғааралық қарым – қайтынасты және адамды қайта жасау болатын, психология-педагогикалық жобалау.

3. Институттар мен білім беру жүйесін иновациялық өзгерту мен білім берудің сапасын жобалауға бағытталған білім берушілік жобалар.

Алғашқы кездерде әлеуметтік-педагогикалық жобалар, педагогикалық өзара әрекет барысында, балалар мен үлкендердің күнделікті өмірде кездесетін, қоғам үшін маңызды мәселелерді шешуге тырысуымен көрініс тапқан. Қазіргі таңдағы оның негізгі функциясы адамның әлеуметтенуіне, қалыптасуына, дамуына әсер ететін, сыртқы факторлар мен жағдайларды айқындау және өзгерту негізіндегі қоршаған ортаны түзету болып табылды. Жиі әлеуметтік педагогикалық жобалар, педагогикалық процестердің потенциалдық мүмкіндігін өзгертуге, мүмкіндік беретін жетекші білім беру жүйесін ұйымдастыруға негіз болады.

Білім берушілік жобалар шеңберінде, тұтас мемлекет және бөлен аймақтардағы білім беруді дамытудың жобалары жасалады. Білім беруді басқару органдарының реформалары және оларды қадағалайтын ұйымдармен, білім беру ұйымдарының құрылу жобалары жасалады.Барлық деңгейде білім берудің мазмұны мен білім беру стандарты қалыптасады

Психологиялық-педагогикалық жобалар, тұлға және тұлғааралық қатынасты қайтажасаумен байланысты, мотивация, ақпаратты қабылдау, білімді меңгеру, іс-әрекетте қатысу, қарым-қатынастан шығатын процестердің үлгісін құруды қарастырады. Психологиялық-педагогикалық жобалау, негізінде тиімді оқыту мен тәрбиелеудің шарты, педагогикалық технологиялар; оқушылар мен оқытушылардың өзара әрекеттесулерінің формасы, тұлғаның өзін жобалау амалы ретінде педагогикалық процесті қарастырды.

Көзқарастарды қарастыру, білім беру саласында жобалау контекстіні құру мен талдаудың негізгі үш нұсқасын анықтайды: әлеуметтік-мәдени, психология-педагогикалық және білімберу саласындағы жобалар.

Әр түрлі оқу құралдарында «педагогикалық жобалар» субъектісі педагог бола алатын, жобалау іс-әрекетінің барлық түрін біріктіруші, құрастырушы ретінде қарастырылады.Олар педагогикалық мақсатта немесе оның нәтижесі педагогикалық болып жүзеге асады.

2. Педагогикалық жобалаудың деңгейлері. Білім беру саласындағы жобалар әр түрлі деңгейде болуы мүмкін. Бұл жағдайдағы деңгей, жобалау іс-әрекетінде қолданылатын, жобалау процедурасының әмбебаптығы мен нәтижесінің дәрежесіне байланысты түсіндіріледі. Педагогикалық жобалаудың беретін өнім формасы мен нәтижесіне қойылатын талаптарға қатысты, ол концептуалдық, мазмұндық, технологиялық, процесуалды деңгейде болуы мүмкін.

3. Жобалау іс-әрекетінің негізгі принциптері. Жобалау іс-әрекетінің принциптері, педагогтың сол немесе басқа іс-әрекеттерінің жобалау саласына қатыстылығын анықтаумен және жобалау табиғатымен объективті шартталған, іс-әрекетті қалыпқа келтіруші ретінде қарастырылады.

Болжаушылық принцип объектінің болашақ жағдайына бағытталған, жобалау табиғатына негізделген. Ол жобалауды инновациялық үлгілерді жасау үшін қолданған кезде ерекше көрініс табады. Бұл мағынада жобалау, қажетті болашақтың сатылай жүзеге асуы ретінде анықтайды.

Сатылық (пошаговост) принцип. Жобалау іс-әрекетінің табиғаты, жобалаудың ойша үлгісінің, мақсат үлгісі мен әрекет үлгісінің қалыптасуына өтуін қарастырады. О дан- әрекет жоспары мен оны жүзеге асыруға өту. Мұндағы әр келесі әрекет, оның алдында,ы әрекет нәтижесіне негізделеді.

Қалыпқа келтіруші принцип бірінші кезекте әртүрлі ой іс-әрекетін ұйымдастыру формасымен байланысты, регламентелген процедуралар шеңберіндегі жобаны жасаудың барлық кезеңдерін міндетті өтуді қажет етеді.

Кері байланыс принципі, жобалаудың әр процедурасынан кейін, оның нәтижесі мен түзетілген әрекет үлгісіне сәйкестігі туралы мәліметтерді алу қажеттілігі туралы ескертеді.

Өнімділік принципі қолданбалы салада мәні бар, нәтижені міндетті түрде алуға бағытталған прагматикалық жобалау іс-әрекетін бөліп қарастырады. Басқаша айтқанда жобалау процесі нәтижелерінің «өнімдік безендірілуі».

Мәдени аналогия принципі, мәдени үлгідегі жобалау нәтижесінің қалыптылығын анықтауды көрсетеді. Егер жобалау іс-әрекетінің қатысушыларында, оқушы мен педгогтың индивидуалдық шығармашылықтары өзіндік жеткіліксіз деген тісінік болса, ода мәдени аймақтанг тыс жатқан жобалаудың нәтижесін алудағы қатерліктің алды алынады. Мәдени процеске ену үшін, міндетті түрде ондағы өз орнынды сезіну және түсінуді, мәдеи тарихи аналогтарды зерттеу негізінде, адам жетістіктеріне өзіндік көзқарасты қалыптастыруды үйрену керек. Мұнда мәдени құндылықтарды тану мен ғылыми білімді меңгеру тұлғаның өзіндік тұжырымы мен танымдық іс-әрекетінің нәтижесіне сәйкес жүзеге асуы керек.

Өзін дамыту принципі, әр деңгейде белсене қатысушы яғны, жобалау субъектісіне де, қойылған мақсатқа жету нәтижесіндегі жаңа жобалардың туындауына да қатысты. Бір мәселе мен тапсырманы шешу, Жаңа жоба формасының дамуыа стимул болатын келесі мәселемен тапсырманы құруға әкеледі.

Табысты жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру бірнеше талаптар қатарын орындаумен байланысты.

Контекстіге қойылақтын талап, жобалау пәнін бөлек елестетпей, анықталған контекстпен байланыстыру. Білім беру жүйесінің дамуы мен жетілуі тек психология – педагогикалық мәселелерді ескерумен шектелмейді, ол философия, мәдениеттану, құқықтану, эканомика, әлеуметтану, психология, физиология және т.б. ғылымдардың мәселесін ескеруді талап етеді. Педагогикалық жобалау, ғылымның кең спекторын көрсететін, пән аралық білім сипатымен тығыз байланысты. Егер біз жобалаудың нәтижесінде білім берудің жаңа үлгісін алуды қаласақ, онда жоба соңында енгізілетін, тұтас әлеуметтік білім беру контекстін талдау қажет. Жобалау аймағында білім беру саласындағы әлеуметтік ситуациялар, білім берудің тұтас мазмұны, үлгіні жасау аймағындағы оқушылар тағдыры, білім берудің деңгейі, формалары, заңдылықтары, нормалары және т.б. көптеген мәселелер қарастырылады.

Мысалы: мақсаты ағылшын тілінен жаңа емтихан үлгісін жасау болатын, білім біру жобасының шеңберінде ең қажеттісе әлеуметтік-диактикалық контексті кең талқылау болып табылған. Оған оқушыларды дайындаудың тұтас циклы, оқушылар мен педагогтардың басқа пәндер бойынша тестермен жұмыс жасау тәжірибесі, оқу пособияларының жүйесі, административті қарым-қатынас жүйесі және т.б. енгізілген:

Қызығушылық танытқан білім беру жақтарының: тұлға, мемлекет, қоғам қажеттіліктерін ескеру. Білім беру мәселесі қоғам өмірінің ерекше орнын иеленеді, ол мемлекеттің қарқынды дамуын анықтауда да ерекше мәнге ие. Білім беру жүйесінің тиімді жетілуіне мемлекеттің барлық азаматтары қызығушылық танытады. Олар алдымен білім беру ұйымдарында білім алады, кейін онда олардың балалары білім алады, ал өздері мамандықтарын жетілдіруге мүмкіндік алады. Бұл адамның өмір бойындағы үздіксіз білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз етеді.

Білім берудің сапасына мемлекет, қоғам да үлкен қызығушылық танытады. Оларға білім мен тәжірибені, мәдени дәстүр, құндылық пен ұлттық норманы өзіне сіңдіріп, болашақ ұрпаққа қалдыратын, мемлекеттің даму бағдарламасын жүзеге асыруға қабілетті, адамдар тізімі қажет. Өз тұрғысынан жұмыс берушілер, жұмысқа орналасқан әріптестеріне нақты талаптарды қойып, олардан белгілі бір білімділік деңгейін күтеді. Жобалау іс-әрекетімен айналысқанда, ең қажеттісі жобалау іс-әрекетіне қатысушылар бір – бірінің көзқарастары мен әрекеттеріне қолдау көрсетуі және әртүрлі ғылым салаларының білім берудегі қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескеру болып табылады. Бұл жағдай болмаса, жобалау іс-әрекетінің құрылымы бір-бірімен байланыспаған әрекеттер тізімі ретінде «ыдырайды». Жобаның авторлары мүмкіндігінше әртүрлі адамдар және қоғамның әр қабатының, тұтас білім берудің дамуына немесе оның белгілі бір бағыттың дамуына ұсынатын көптүрлі кейде қарама-қарсы талаптарын ескеру керек. Мысалы: білім алудың ақылы болуы туралы, ата-аналар мен білім беру ұйымдарының оқытушыларының ойлары қарама-қарсы; мектеп саласындағы жобалар нәтижелі болмайды, егер жобаны жасау барысында ата-аналардың ойлары ескерілмесе. Ал кәсіби білім берудегі жоба мазмұнында, көбіне жұмысшылардың талабы ескеріледі.

Жобаға қатысушылардың белсенділігіне қойылатын талап. Белсенділіктің бір көрінісі- жобада өзінің қатысуына эмоционалды уайымдауы және жобаға ерікті қатысуы. Жобаны жасау барысында тек жобаға қатысушылардың белсенділігі жеткіліксіз, оларға қоса жобаның мәселелеріні талқылауға дайын жобаға қатысты адамдардың да белсенділігі маңызды. Жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі қабылданған шешімдер және ғылыми негізделген барлық ойлар мен ұсыныстардың ескерілу міндеттілігінде. Педагогикалық жобаның мәселесін талқылауға кәсіби мамандар, ғалымдар, қоғамдық ұйымдар белсене қатысатын болса, педагогикалық жобаның сапасы едәуір көтеріледі.

Шынайылық талабы жобаның мақсатына жетудегі кепілділікті қамтамасыз етумен байланысты. Бұл үшін жобаға қатысушыларда, өздері ойластырған мақсаттарына жету үшін белгілі деңгейде білім, біліктіері болуы керек. Бұдан бөлек жоба, ресурстармен қамтамасыз етілуі керек.

Басқарудағы талап. Жобалау іс-әрекетіндегі басқару тиімділігі көбіне жүзеге асырылатын процедуралардың мазмұндық және технологиялық айқындылығы, кез-келген әрекеттің уақыттық регламентінің қажеттілігі мен байланысты тәртіптің болуымен сипатталады. Басқарудың сәтті болуына, диагностикалық, эксперименттік және т. б. ақпараттарды қажет ететін, әрқайсы жобалау процедураларын ақпараттармен қамтамасыз етуде үлкен үлес қосады.

Жобалау іс-әрекетінің технологиялылығы бірлескен және регламенттелген кезеңдік әрекеттерді жүзеге асыру тиымдылығына негізделген. Жүзеге асырылған эффект бірлескен әрекеттің нәтижесі ретінде де, жобаға қатысушылардың жеке көрсеткіші ретінде де көрінеді.

Жобалау әрекеті субъектілерінің көптүрлілігі. Әдіснамалық ғалымдардың көзқарасы бойынша, білім беру саласында жобалау әрекетін тұлғааралық қатынаста сараптамадан өтетін және келісім беретін жобалау субъектілерінің құндылық бағдарлы ұстанымдары қызмет атқарады. Оқу жобасының кейбір түрлерінде жобалаудың субъектілері балаларда ересектерде бола алады. Жобалау әрекетінің мақсаты және міндетіне қарай индивидуалдық немесе біріккен субъектілер, шығармашылық топтар, класс, білім беру ұйымдарының ұжымы бола алады. Білім беру және әлеуметтік педагогикалық жобалауда білім менеджерлері мен педагог мамандар, сондай ақ педагогикалық қоғамның өкілдері қатыса алады. Жобалау қатысушысының көзқарасының спецификасы.

Жобалық ой үйіннің қалыптасуының педагогикалық құрал сайманы жобалау әрекетіне қатысушының тәжірибесі мен субъектінің санасының даму деңгейімен сәйкес таңдалады. Оқу жоспары шеңберінде бірлескен іс әрекет ретінде бастауыш сынып оқушылары қатысса бұл бөлек, ал егер бұл мәсемен жобалау әрекетін жүзеге асыратын технологияларымен таныс тәжірибелі мамандар айналысса, бұл басқа мәселе. Дегенмен кез келген жағдайда жобалау әрекетіне қатысушының әрқайсысының біліктілігі мен белсенділігінің өлшеміне нақты анықтама, сонымен қатар неге осы мамандардың жобалау әрекетінің белгілі бір роліне осы мамандар неліктен қатыстырылатынын түсіну қажет.

Жобалау ролдері. Жобалау әрекеті шеңберінде оның субъектілері тапсырыс берушілер, көшбасшылар, координаторлар (менеджерлер), жетекшілер, эксперттер ретінде қатыса алады. Осы ролдердің әрқайсысы өз қызметтерін атқара отырып, жоба кезеңдерінің өтуінде маңызды. өнімге тапсырыс болмаған соң білім беру жобалары ешкімге қажеті жоқ. Басқарушысыз ресурстарды тартуда және іс әрекет координациясында қиындық туады. Экспертсіз жоба нәтижесінің әлеуметтік маңыздылығын және жаңалығын талқылау күрделі. Жобалау ролдерінің дифференциациясы жобалауға қатысушылардың практикалық қажеттілігіне немесе әлеуметтік тапсырыспен жүзеге асырылады.

Педагогикалық жобаларда топталған субъектілерде қатыса алады. Іздеуші, үшқыш топтар мысал бола алады. Субъект ретінде жобаға қатысушылар ситуативті түрде бірігеді. (масалы, компьютерлік желіні пайдаланушылар).

Типке және масштабқа сәйкес субъектінің қалыптасуы мен таңдау – жоба әрекетіндегі маңызды кезең. Әсіресе оқу жобалау әрекетінде өте маңызды. Мысал ретінде жинақталған субъект саласына тән бірнеше жобаларды қарастырайық.

Үлгілеуші жұптар жобалау жүйесінде диада секілді топтық субъектінің алуан түрлілігі ретінде көрініс табады. Оны әртүрлі кәсіби (әлеуметтік, жас ерекшелік) категорияларына жататын қатысушылар қарым қатынас, іс әрекеттің актуалды немесе жобалық эталондық тәжірибесін, жұптық кәсіби іс әрекет шеңберінде эмоционалдық реакция тудыруға қажетті «ішкі» жобалау әрекетін мақсатты түрде қалыптастыру және пайдалану қажет. Жобалық мақсатта құрылған мұндай жұп өз іс әрекетінде инновациялық өзгерістерді үлгілейді.

Мысалы, волгоградтық педагогтардың тәжірибесінде үлгілеуші жұптар – «білім беру ұйымдарының жетекшілері – осы мектептің ағылшын тілінің мұғалімі» құрылды. Курста олар параллельді түрде мұғалім – тілді инновациялық әдіс арқылы үйретуге; директор-инновациялық өзгерістер арқылы басқаруды, инновациялық технологиялардың ағылшын тілін оқытудағы тиімділігінің шартын меңгереді. Қызмет орнына оралғанда мұғалім меңгерген технологиясын оқыту практикасына енгізе бастады. Директор инновациялық орта, технологияны енгізуге жағдай жасады. Осының негізінде туындаған типтік мәселелер ситуациялық қиыншылықтар, жаңа әсерлер сол мезетте анализденіп, рефлексияға ұшырап келесі жобалау қадамдарын түзетуде ескеріліп отырылды.

Диагностикалық қызмет атқаратын үлгілеуші жұптарды қалыптастырудың ойындық нұсқасы да бар. Демек, өнімді кәсіби мінез құлық пән болып табылатын оқу жобалау шеңберінде бітіруші топ студенттеріне «мектеп директоры – жұмысқа алынып жатқан жас



мұғалім» жұбын құрастыру талап етлді. Белгіленген уақыт жағдайынды жұмысқа алыну және еңбек келісімі бойынша барлық жұптар жеңіліске ұшырады.

Екі тарапқа да ортақ негізгі тұжырымдама – қызмет кездесулерімен байланысты өз қажеттіліктері мен сұраныстарын максимальды көлемде қанағаттандыру. Сонымен қатар жұптық жұмыстың әртүрлі тәртібін: кездейсоқ қарым қатынас береміз. Жұптық жұмыс нәтижесі бойынша жалпы дискуссия өткізіледі. Осылайша, «басқарушы» және «бағыныштылардың» сыртқы мотивтері, стереотиптер, штамптар бөлінеді.

Нәтижесінде бірлескен күштің арқасында жұмысқа жас маманды қабылдауда типтік ситуацияда өнімді мінез құлық үлгісі жобаланады. (Аналогиялық тәсіл мектеп басқарушыларының біліктілігін арттыруда курстарда пайдаланылды.)

Жобалық топ. Жобалық топ әлеуметтік педагогикалық немесе білім беру жобаларына тікелей қатысушы адамдардың негізгі шеңбері. Осы шеңбер ішінде жобаны жүзеге асыруды кешенді түрде қамтамасыз ететін қызметтерді бөлу жүреді. Оларға оқыту, сараптау, құжаттарды даярлау, техникалық немесе әлеуметтік өңдеу, консалтинг, әдістемелік нұсқаулар, іс әрекет координациясы жатады.

Демек, желілік оқыту үшін жобаны топпен қамтамасыз ету тән. Мұндай топтың нұсқасы: топ жетекшісі (оқытушы, ұстаз); әдістемелік координаторлар, оқу (мақсаттық, тақырыптық) топтарды билейтін көшбасшылар, қажетті программалық өнімдерді жасайтын және сайттар конфигурациясын өңдейтін программист; байланыс тұрақтылығын қамтамасыз ететін техник.

Ұшқыш топтар – жоба логикасында эксперименталды іс әрекеттерді жүзеге асыратын топ. Ұшқыш топ – қандай да бір инновациялық амалдың апровациясының үлесіне түсетін алғашқы жүрістер. Мұндай топтарға әдетте белгісіздік жағдайда тәуекелге бел буып жұмыс істей алатын білікті мамандарды таңдап алады. «Құқықтық білім» жобасы әртүрлі пәндерден сабақ беретін оқытушылардан ұшқыш топтарды құрды.

Тьютерлер (тренерлер) топтары – басқа топтардың алдын орап оқитын топ. Себебі өз тәжірибелері мен білімін қалған топтарға үйретіп отырады. Кейде олар параллельді түрде өз әріптестеріне әдістемелік қызметті атқарады.

Ағылшын тілі бойынша емтиханның жаңа форматын жасау жобасы бойынша тәжірибелі ағылшын тілі мұғалімдер тобы таңдалып, тілдік тестілеу процедура ұйымдарымен байланысты шынайы тәжірибелермен құқықтық құжаттармен, арнайы әдебиеттермен танысу үшін Ұлыбританияға жіберілді. Жобаның келесі кезеңі топтан ресейлік ағылшын тілі мұғалімдеріне әдістемелік көмекші құралдарымен тестік материалдарды жасау әдістемесін меңгеру топтан талап етілді. Осыдан кейін олар көмекші құралдармен әріптестерен оқыта алды.

Жобалау барысында жоба әрекеті мақсатына және оны кезеңдерінің жүзеге асуында әртүрлі қызметтерге байланысты оқу және жұмвс топтары пайда болды.

Халықаралық тәжірибеде оқу үйірмесі деген ұғым пайда болды. Бұл формальды емес – қосымша білім беру жүйесіне қатысушылар топтары. Оқу үйірмелері жобалау әрекетінің субъектісі ретінде де қатыса алады.

Кез келген топтың құрылуы және оның іс-әрекеті топтық динамика даму заңдылықтарын ескерумен жүзеге асады. Жобаны жүргізу барысында Нижний Новгород қаласынан келген мамандар жұмыс топтарына практика мұғалімдерді; жұмыс берушілер өкілдерін және осы бағыт бойынша сарапшыларды қосу қажет деді. Топ құрамы тұрақты болғаны дұрыс, себебі жобалық оқыту процесі рефлексия жіне топтық талқылау негізінде үнемі жетілу принципі бойынша құрылған. Егер де жоба халықаралық болса, онда топқа кәсіби лексиканы еркін меңгерген білікті аудармашы қажет. Бұл материалды талқылауда қате жібермеуге көмектеседі.

Педагогикалық жобалау шеңберінде ең ірі субъектілер білім беру мекемелері болып табылады. Субъектілік қасиеттердің көрінуі жобалау объектісі ретінде бір мезетте болатындықтан өзіне тән ерекшеліктері бар. В.Е.Радионова пікірі бойынша

педагогикалық жобалаудың объектілеріне екіжақтылық тән. Олардың әрқайсысы күрделі жүйе – өз өзін басқаратын және дамудың ішкі ресурстары бар дербес әлеуметтік «ағза».

Жобалаудың желілік субъектісі. Соңғы жылдары қоғамдық педагогикалық және инновациялық қозғалыста «желілік» атауын алған ортақ амалдармен бірлескен жобалар көбейіп келеді. Желілік ықпалдастықтың феномені формальды емес қарым қатынасқа, ал желіде жобалау жеке тәжірибеге және әлеуметтік ынта білдіруге негізделген. Желілік ықпалдастыққа жалпы коммуникативті ақпараттық кеңістік тән. Бұл желінің басқа қатысушыларымен ақпарат алмасуға, ақпараттың өзіндік каналдарын ашуға мүмкіндік береді.

Жобалау әрекетінде қатысушылар арасында қарым қатынастың әртүрлі типтері жиналуы мүмкін: 1) кооперацияға бағынышты; 2) жобаны орындаушылары арасында бірлестік пен әріптестік ұсынатын кооперациямен тең; 3) желілік қатынас. Желіге қатынас ерікті түрде белсендіріліп отырылады;

Осылайша субъект ретінде қатысатын ересек үшінде, балалар үшінде жоба әрекетінде өзара жетілу үшін жағдай туындайды. Жобалаудың әрбір қатысушысы сонымен қатар басқа адамдар үшін тұлғалық дамудың ерекше катализаторы болып қалыптасады. Әсіресе жобалауда жас ерекшеліктеріне, көпұлтшылдыққа, мәдениетке байланысты мәселелер өте өзекті.

Жобалық әрекеттің пәні мен объектісінің ерекшелігі. Жобалаудың әртүрлілігі объектілері мен пәнін құруға бағытталған. Жобалау объектісі пән контекстінің қайда деген сұрағына жауап беретін орта немесе процесс. Жобалау пәні – жобада көрсетілетін алғашқы өнім. Жобалаудың пәні мен объектісі өзара бір тұтасқа бірігеді.

Жобалау түрлерінің шеңберінде ерекше пәндерін бөліп көрсетуге болады. Білім беру жобалау: білім беру бағдарламалары; білім беру стандарттары; білім беру мекемелерінің типтері; білім беруді басқару органдары және т.б. Белгіленген объектісі шеңберінде қайта жасаудың пәні таңдалады. Мысалы, педагогикалық процес құрылымында жобалау мақсаты, мазмұны, технологиясы бар. Білім беру құрылымында жобалаудың концепциялары, бағдарламалары, оқу жоспары, дидактикалық материалдар және т.б. Аналогиялық объектілер мен пәні көптеген іс-әрекет бейнеленеді, бір бірінен айырмашылықтары мен ұқсастықтары бар. Жобалау әрекетінің пәнінің өзгермелі қасиеті бар.

Демек жобалауда парадокс бар: іс-әрекет пәні осы әрекет те пән болмайды. Сонымен қатар, үнемі өзгерісті талап етеді. Осымен байланысты ұйым жүйесінде жоба әрекетінде үнемі жобалау пәнінің шекарасын диагностикалау болып қалыптасады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Дитрих Я. Проектирование и конструирование: Системный подход / Пер. с польск. - М., 1981.
2. Заир-Бек Е. С. Основы педагогического проектирования. - СПб., 1995.
3. Ильин Г. Л. Проектное образование и реформация науки. - М., 1993.
1. Педагогические основы проектирования образовательных систем нового вида. - СПб., 1995.
2. Колесникова И. А. Основы технологической культуры педагога. - М.; СПб., 2003.
3. Проектирование профессионального педагогического образования / В. А. Болотов, Е. И. Исаев, В. И. Слободчиков, Н. А. Шайденко // Педагогика. — 1997.

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ЖӘНЕ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІН ЖЕТІЛДІРУ

У.Ж. Конакбаева – PhD, қауымд. профессор  
Ж.А. Тәшенев атындағы университеті  
Шымкент қаласы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Оқытудың әдістемелік негіздерін таңдау, заманауи құралдарды пайдалана отырып, педагогикалық инновациялық әдістерді қолдану сияқты өзекті мәселелер білім беру процесінде менеджер ретінде көркем еңбек және бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлауға, олардың назарын білім алушының өзіндік танымдық іс-әрекетін шебер ұйымдастыру дағдыларына үйретуге, шығармашылық ойлауды сауатты қалыптастыруға, білім алушылардың әлеуетін жедел дамытуға бағытталуы заманауи педагогты қалыптастыруда басты мәселе болып табылады. Сондықтан да мақалада болашақ мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін тиімді дамыту шарттары, көркемдік-шығармашылық шеберлік, көркем еңбек және бейнелеу өнері мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту және көркем еңбек пен бейнелеу өнерін оқытуда кәсіби педагогикалық дайындыққа ықпал ететін дидактикалық дағдылар кешені қарастырылған.

**Кілт сөздер:** болашақ мұғалімдер, көркем еңбек және бейнелеу өнері, оқыту әдістемесі, инновациялық технологиялар

**Аннотация.** Актуальные вопросы, такие как выбор методических основ обучения, применение педагогических инновационных методов с использованием современных средств, направлены на подготовку учителей художественного труда и изобразительного искусства в качестве менеджеров в образовательном процессе, их внимание на обучение навыкам умелой организации самостоятельной познавательной деятельности обучающегося, грамотное формирование творческого мышления, оперативное развитие потенциала обучающихся является главной проблемой в формировании современного педагога. Поэтому в статье рассматриваются условия эффективного развития творческих способностей будущих учителей, художественно-творческого мастерства, развития профессиональных компетенций учителя художественного труда и изобразительного искусства и комплекса дидактических навыков, способствующих профессионально-педагогической подготовке к обучению художественному труду и изобразительному искусству.

**Ключевые слова:** будущие учителя, художественный труд и изобразительное искусство, методика преподавания, инновационные технологии

**Abstract.** Topical issues, such as the choice of methodological foundations of teaching, the use of pedagogical innovative methods using modern means, are aimed at training teachers of artistic work and fine arts as managers in the educational process, their attention is paid to teaching skills in the skillful organization of independent cognitive activity of the student, the competent formation of creative thinking, the operational development of the potential of students is the main problem in the formation of a modern teacher. Therefore, the article examines the conditions for the effective development of the creative abilities of future teachers, artistic and creative skills, the development of professional competencies of a teacher of artistic work and fine arts and a set of didactic skills that contribute to professional pedagogical training for teaching artistic work and fine arts.

**Keywords:** future teachers, artistic work and fine arts, teaching methods, innovative technologies

Кіріспе

5. Мадалиева Ж.Қ. Қазіргі заманғы білім беру философиясы: мақсаттары, міндеттері, функциялары. Интернет-ресурстан: - [http://www.rusnauka.com/7\\_NTSB\\_2017/Philosophia/2\\_222762.doc.htm](http://www.rusnauka.com/7_NTSB_2017/Philosophia/2_222762.doc.htm)
6. ҮдербаеваС.К. Гуманизация образования в высших учебных заведениях.– Сборник трудов -Алматы: КазНУ им. АльФараби, 2014. – 120 с.
7. Гусинский Э. Н., Турчанинова Ю. И. Введение в философию образования. – Москва: Издательская корпорация «Логос», 2000. – 224 с.
8. Розин В.М. Философия образования: Этюды-исследования. – Москва: Издательство Московского психолого-социального института; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2007.–576 с.
9. Крашнева О.Е. Философия образования: Социально-философский анализ предметной области / диссертация. кандидата философских наук: 09.00.11.–Ростов-на-Дону, 2005.–179 с.

# ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАСЫН ПАЙДАЛАҢУ: VR ӘДІСІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ХИМИЯ БОЙЫНША ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Магистр оқытушы – **А.Ж. Спабекова**  
Педагогика ғылымдарының магистры – **Б.О. Куралтаев**

**Аннотация.** Бұл мақалада химияны оқыту процесінде жасанды интеллект платформаларын және виртуалды шындық (VR) әдістерін қолданудың тиімділігі талданады. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялар мен инновациялық тәсілдер оқу сапасын жақсарту мен студенттердің қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Зерттеу барысында VR технологияларын қолдану арқылы химия бойынша виртуалды зертханалық сабақтарды ұйымдастырудың артықшылықтары мен олардың дәстүрлі зертханалық жұмыстармен салыстырғандағы тиімділігі қарастырылған.

Виртуалды шындық негізіндегі зертханалық сабақтар химия пәнінің күрделі тақырыптарын түсінуді жеңілдетіп, теорияны тәжірибемен ұштастыруға мүмкіндік беретіні көрсетілген. Зерттеу нәтижелері VR платформаларының студенттердің материалды терең игеруіне, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға, сонымен қатар оқу барысында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге айтарлықтай үлес қосатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, жасанды интеллект құралдары оқу бағдарламаларын дербестендіруге, студенттердің жеке қажеттіліктеріне сәйкес бейімделген оқу ортасын құруға көмектесетіні талқыланады.

Химия пәнін оқытудағы VR әдісін енгізудің әлеуеті мен болашағы туралы тұжырымдар жасап, осы бағытта туындаған кедергілер мен оларды шешу жолдарын ұсынады. Бұл зерттеу нәтижелері мұғалімдерге, оқытушыларға және білім беру технологияларын әзірлеушілерге оқу процесін жетілдіруде құнды ақпарат ұсынады.

Мақалада химия зертханалық сабақтарының тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект (AI) және виртуалды шындық (VR) платформаларын қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. AI және VR технологиялары химиялық эксперименттерді қауіпсіз және тиімді орындауға мүмкіндік береді. Эксперимент нәтижелері VR әдісінің теориялық тұжырымдарды түсінуді жақсартып, химияға қызығушылықты арттыратынын көрсетеді. Сондай-ақ, AI арқылы оқуды жекелендірудің артықшылықтары талқыланады.

**Кілт сөздер:** жасанды интеллект, химия, виртуалды шындық, оқыту, зертханалық сабақтар, VR әдісі, даралау.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается эффективность использования платформ искусственного интеллекта (AI) и методов виртуальной реальности (VR) в процессе обучения химии. Современные цифровые технологии и инновационные подходы играют важную роль в повышении качества образования и интереса студентов к учебному процессу. В ходе исследования были изучены преимущества организации виртуальных лабораторных занятий по химии с применением VR технологий и их эффективность по сравнению с традиционными лабораторными работами.

Лабораторные занятия, основанные на виртуальной реальности, упрощают понимание сложных тем по химии и способствуют объединению теории с практикой. Результаты исследования подтверждают, что использование VR платформ значительно помогает студентам глубже усваивать материал, развивать творческое мышление и повышать безопасность в процессе обучения. Также обсуждаются возможности инструментов AI для персонализации образовательных программ и создания адаптированной учебной среды, соответствующей индивидуальным потребностям студентов.

В статье представлены выводы о потенциале и перспективах внедрения методов VR в преподавание химии, а также анализируются возникающие препятствия и предлагаются пути их преодоления. Результаты данного исследования предоставляют ценную

информацию для преподавателей, учителей и разработчиков образовательных технологий для совершенствования учебного процесса.

В статье рассматриваются возможности использования платформ искусственного интеллекта (AI) и виртуальной реальности (VR) для повышения эффективности химических лабораторных занятий. AI и VR технологии обеспечивают безопасное и эффективное проведение химических экспериментов. Результаты эксперимента показывают, что метод VR улучшает понимание теоретических концепций и повышает интерес к химии. Кроме того, обсуждаются преимущества персонализации обучения с использованием инструментов AI.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, химия, виртуальная реальность, обучение, лабораторные занятия, метод VR, персонализация.

This article explores the effectiveness of utilizing artificial intelligence (AI) platforms and virtual reality (VR) methods in the process of teaching chemistry. Modern digital technologies and innovative approaches play a pivotal role in enhancing the quality of education and increasing students' interest in the subject. The study examines the advantages of organizing virtual chemistry laboratory classes using VR technologies and compares their efficiency with traditional laboratory practices.

VR-based laboratory sessions simplify the understanding of complex chemistry topics while bridging theoretical knowledge with practical skills. The research findings confirm that VR platforms significantly enhance students' comprehension of materials, foster creative thinking, and ensure a safer learning environment. Additionally, the article discusses the benefits of AI tools in personalizing educational programs and creating adaptive learning environments tailored to individual student needs.

The article concludes by highlighting the potential and future prospects of integrating VR methods into chemistry education and addressing challenges associated with their implementation. These findings provide valuable insights for teachers, educators, and developers of educational technologies aiming to improve the teaching and learning process.

**Keywords:** artificial intelligence, chemistry, virtual reality, teaching, laboratory sessions, VR method, personalization.

### Кіріспе

Заманауи білім беру үдерісі студенттердің оқу материалын игеру сапасын арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдерді қажет етеді. Осындай жаңа тәсілдердің бірі – жасанды интеллект (AI) және виртуалды шындық (VR) платформаларын оқу процесіне енгізу. Әсіресе, химия пәнінде зертханалық жұмыстардың маңыздылығы ерекше, өйткені бұл пән көптеген тәжірибелік әдістер мен нақты бақылауларды талап етеді. Дегенмен, дәстүрлі зертханалық сабақтар әрқашан қолжетімді бола бермейді: көптеген оқу орындарында зертханалық жабдықтар жеткіліксіз, ал кей тәжірибелерді орындау қауіпті болуы мүмкін. Осындай жағдайда VR және AI технологиялары оқыту барысында тиімді балама ретінде қызмет атқарады, себебі олар теория мен тәжірибені бір арнаға тоғыстырып, оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Виртуалды шындықтың (VR) артықшылықтарының бірі – ол оқу процесінде күрделі және қауіпті химиялық эксперименттерді қауіпсіз виртуалды ортада қайталауға мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер күрделі реакцияларды тәжірибелік зертханада орындаудың орнына, VR арқылы оларды нақты өмірдегідей бақылап, қажетті әрекеттерді қайта-қайта қайталай алады. Бұл тәсіл оқушыларға қателіктерден сабақ алуға және химиялық реакциялардың барлық қыр-сырын түсінуге жол ашады. Нақты уақыттағы интерактивті тәжірибелер оқушыларға дербес оқу үдерісін қалыптастыруға мүмкіндік береді және олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, VR әдістері оқушылардың химияға деген қызығушылығын арттырады, себебі визуалды түрде ұсынылған материалдар олардың назарын көбірек аударып, оқуды қызықты етеді [1].

Жасанды интеллект (AI) технологиясы оқыту процесін жекелендіруде маңызды рөл атқарады. Әр оқушының білім деңгейіне сәйкес материалды бейімдеу мүмкіндігі арқылы AI платформалары оқу процесін әр студенттің қажеттіліктеріне қарай икемдейді. Мысалы, AI жүйелері оқушының білім деңгейін анықтап, оқу барысындағы әлсіз тұстарын талдап, қосымша оқу материалдарын ұсына алады. Бұл әдіс оқу нәтижелерін жақсартуға және оқушылардың үлгерімін көтеруге айтарлықтай әсер етеді. AI жүйелері студенттердің прогресін нақты уақытта бақылай отырып, оқу үдерісін үздіксіз жақсартуға көмектеседі. VR мен AI технологияларының химияны оқытуға енгізілуі білім сапасын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл технологиялар дәстүрлі әдістерді толықтырып қана қоймай, оларды жаңаша қырынан көрсетеді [2].

Виртуалды зертханалар оқушыларға шынайы зертханадағыдай тәжірибелік білім береді, бірақ қауіпсіздік тәуекелі жоқ. Сондай-ақ VR зертханалары білім беру мекемелері үшін экономикалық тиімді, себебі дәстүрлі зертханалық құрал-жабдықтарды қажет етпейді. Жалпы алғанда, VR мен AI-ді қолдану білім берудің қолжетімділігін арттырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Оқушылар теорияны нақты тәжірибемен байланыстыра отырып, химияның күрделі тұстарын тереңірек түсінуге қабілетті болады. Бұл тәсіл болашақ химиктерді, зерттеушілерді, инженерлерді даярлауда маңызды рөл атқарады, өйткені ол пәнге деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, ғылыми зерттеу дағдыларын да дамытады[3].

VR және AI технологияларының химияны оқытуда кеңінен қолданылуы білім беру саласының жаңа сатыға көтерілуіне ықпал етеді және инновациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру сапасын арттырады. Зерттеудің мақсаты-AI платформалары мен VR әдістерін енгізу студенттердің білім деңгейі мен дағдыларын арттыруға қалай ықпал ететінін зерттеу. Зерттеудің негізгі міндеттеріне мыналар жатады: VR әдістері мен дәстүрлі зертханалық сабақтардың тиімділігін салыстыру. AI платформаларының оқытуды жекелендіруге әсерін бағалау. Химияны оқытуда VR әдістерін қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау.[4].

Зерттеу барысында біз дәстүрлі және VR форматында өткізілген зертханалық сабақтарға қатысатын студенттерге сауалнама жүргізіп, тестілеу әдістерін қолдандық. Бұл әдістердің көмегімен біз студенттердің оқу процесіндегі тәжірибелерін және ұғымдарын бағалап, олардың білімін қалай меңгергенін тексердік. Сауалнама арқылы студенттердің оқу әдістеріне, жұмыс істеу тәсілдеріне және VR әдісімен өткізілген сабақтарға қатысты пікірлері жинақталды. Біз осы сауалнамалар арқылы студенттердің жеке тәжірибелерін, олардың сабақты қабылдау және түсіну деңгейін анықтадық. Мысалы, олар VR платформасын қолданған кезде материалды қаншалықты оңай игергенін немесе дәстүрлі сабақтарға қарағанда қай әдістің тиімдірек екенін айтып өтті. Тестілеу әдісі екі кезеңнен тұрды: зертханалық сабақтар басталмас бұрын және сабақтар аяқталған соң. Алғашқы тестілеу студенттердің білім деңгейін анықтауға бағытталды, бұл олардың бұрынғы білімін бағалауға мүмкіндік берді. Ал екінші тестілеу оқу материалын қалай меңгергендерін және олардың білімдерінде қандай өзгерістер болғанын көрсетті. Тестілеудің нәтижелері оқу барысындағы прогресті өлшеуге және VR әдісінің тиімділігін нақты бағалауға мүмкіндік берді. Алынған деректерді талдау үшін біз математикалық статистика әдістерін қолдандық. Бұл әдіс деректерді өңдеуде, әртүрлі айнымалылар арасындағы байланысты анықтауда және бізге қажетті қорытындыларды алу үшін өте маңызды болды. Математикалық модельдер мен статистикалық әдістер арқылы біз VR әдісінің дәстүрлі зертханалық сабақтарға әсерін объективті түрде бағаладық. Бұл әдіс нақты сандар мен көрсеткіштер негізінде нәтижелерді шығарып, эксперименттің нәтижелерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге мүмкіндік берді. Осылайша, біз алынған деректерді жан-жақты талдап, VR технологияларының оқу процесіндегі тиімділігін түсініп, олардың дәстүрлі әдістермен салыстырғанда қандай артықшылықтары бар екенін анықтадық [5].

Қорытынды

Оқу процесінде жасанды интеллект (AI) және виртуалды шындық (VR) платформаларын пайдалану білім беру саласындағы жаңа мүмкіндіктерді ашып, студенттердің білімін арттыруға және практикалық дағдыларын қалыптастыруға оң әсер етеді. Бұл жаңа технологиялардың химия пәнінде қолданылуы зертханалық жұмыстарды жүргізу тәсілін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік береді. VR және AI платформаларының комбинациясы дәстүрлі оқыту әдістерінен өзгеше және бірқатар артықшылықтарға ие. Олардың көмегімен химия пәнінің теориялық және практикалық бөлімдерін тиімді әрі қауіпсіз түрде меңгеруге болады. VR технологиясы зертханалық сабақтардың тиімділігін арттырып, қауіпті химиялық реакцияларды немесе қиын эксперименттерді қауіпсіз виртуалды ортада өткізуге мүмкіндік береді. Студенттер нақты зертханалық жабдықтар мен химиялық заттарды қолданбай, сол эксперименттерді бірнеше рет қайталап көруге жағдай жасайды. Бұл тек қауіпсіздікті қамтамасыз етіп қана қоймай, сондай-ақ материалды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді. Виртуалды шындықтың артықшылығы – студенттер шынайы зертханадағы жағдайларды қайталауға, тәжірибелерді сараптап, қателіктерді түзетіп, эксперименттерді қайта жасауға мүмкіндік алады. Бұл, әсіресе, химиялық реакциялар мен қауіпті тәжірибелерді жүргізу үшін маңызды, себебі оларды дәстүрлі жағдайда қайталау кезінде қауіпсіздік мәселелері туындауы мүмкін. Сонымен қатар, VR әдісінің көмегімен студенттер кез келген уақытта қажетті тәжірибені орындай алады, бұл уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді [6].

Жасанды интеллект платформалары оқытуды жекелендіруге ықпал етеді. AI жүйелері әрбір оқушының деңгейіне және оқу қажеттіліктеріне сәйкес материалдарды бейімдей алады. Мысалы, студенттің қай салада қиындықтарға тап болатыны анықталып, сол аймақта қосымша материалдар ұсынылуы мүмкін. Бұл оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуын және өз білімдерін тиімді меңгеруін қамтамасыз етеді. AI платформалары сондай-ақ студенттердің оқу қарқынын бақылап, қажетті уақытында кері байланыс береді, бұл оқушыларға өз жетістіктері мен қателіктерін анықтауға көмектеседі. Жекелендірілген оқыту тек студенттің білімін арттыруға ғана емес, олардың мотивациясын көтеруге де оң әсер етеді. Әрбір студенттің оқу стилі мен қажеттіліктері әртүрлі болғандықтан, AI мен VR жүйелері оларды тиімді үйлестіре алады. Бұл оқушыларға өз оқу процесін басқаруға, өз қарқынымен жұмыс істеуге және қажет болған жағдайда қосымша көмек алуға мүмкіндік береді. Жекелендірілген оқыту оқушылардың өзін-өзі дамытуына және оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етеді. AI және VR технологияларының бірігуі химия пәні бойынша білім беру жүйесінің болашағын өзгертуге қабілетті. Бұл тәсілдер білім беру процестерін тиімдірек, қауіпсіз әрі қызықты етеді, бұл студенттерге қажетті білім мен дағдыларды меңгеру үшін жақсы мүмкіндіктер ұсынады. Зертханалық жұмыстарды VR әдісімен өткізгенде, студенттер шынайы зертханадағыдай тәжірибе алады, бірақ қауіпсіз ортада және көптеген рет қайталау мүмкіндігімен. Сонымен қатар, AI платформаларының көмегімен оқыту процесі жеке қажеттіліктерге сәйкес бейімделіп, оқушылардың білім деңгейін көтеруге көмектеседі. Қорыта айтқанда, AI және VR технологияларының химияны оқытуда қолданылуы білім беру саласында үлкен өзгерістерге әкеледі. Олар оқу процесінің тиімділігін арттырып, студенттердің химия пәні бойынша білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқушыларға өз оқу процесін бақылауға және қажетті дағдыларды меңгеруге көмектеседі, ал болашақта бұл әдістер білім беру жүйесінің стандартты тәсілдерін алмастыруы мүмкін [7].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Иванов И. И. Химиялық білім берудегі заманауи технологиялар // "Ғылым" журналы. – 2020. – Т. 5. – № 2. – Б. 45-50.
2. Ivanov I. I. Sovremennye tekhnologii v khimicheskom obrazovanii // Zhurnal "Nauka". – 2020. – Tom 5. – № 2. – S. 45–50.

3. Brown M., Johnson L. The Role of Virtual Reality in Chemistry Education // Journal of Educational Technology. – 2021. – Vol. 8, No. 3. – P. 102–110.
4. Wang T., Liu Y. Artificial Intelligence in Chemistry Education: Opportunities and Challenges // Science Education. – 2019. – Vol. 45, No. 2. – P. 215–223.
5. Чен А. А. Білім берудегі виртуалды технологиялар: тәжірибе және перспективалар // Білім және ғылым. – 2021. – Т. 26, № 4. – Б. 59-65.
6. Smith J., Ahmed K. Enhancing Chemistry Labs with AI and VR Technologies // International Journal of Chemical Education. – 2022. – Vol. 9, No. 1. – P. 34–47.
7. Kovalchuk P. Virtual Reality Labs: Implementation and Efficiency in Science Education // Science and Innovation. – 2023. – Vol. 12, No. 6. – P. 98–112.

## РОЛЬ МУЗЫКИ И ИГРЫ НА ИНСТРУМЕНТАХ В КОРРЕКЦИИ ДЕТСКОГО АУТИЗМА

**Кенжебаева У.Е.** – старший преподаватель, университет им. Ж.А.Ташенева, Шымкент/Казахстан, ORSID:<https://orsid.org/0009-0000-2674-1649>, e-mail:[makusa62@mail.ru](mailto:makusa62@mail.ru)

**Мажитов У.Х.** – старший преподаватель, университет им. Ж.А.Ташенева, Шымкент/Казахстан, ORSID:<https://orsid.org/> <https://orcid.org/0009-0001-8904-0986>, e-mail:[ylyk56@mail.ru](mailto:ylyk56@mail.ru)

**Абдухаликова Г.Т.** – главный специалист, университет им. Ж.А.Ташенева, Шымкент/Казахстан, ORSID:<https://orsid.org/> <https://orcid.org/0009-0001-8904-0986>, e-mail:[gulzhauhar0812@gmail.ru](mailto:gulzhauhar0812@gmail.ru) <https://orcid.org/0009-0007-6717-5023>

**Аннотация.** В статье говорится о влиянии музыки и игры на музыкальных инструментах на коррекцию аутизма. Аутизм – это состояние человека, которое характеризуется отсутствием у людей каких – либо коммуникаций и различными психическими отклонениями. Поскольку количество детей с аутизмом растет и по статистике каждый первый ребенок из ста находится в таком состоянии, очень остро стоит проблема, касающаяся коррекции поведения таких детей.

В статье описываются различные случаи из практики, где можно увидеть, как музыка и игра на музыкальных инструментах положительно влияет на развитие детей с аутизмом, а некоторые из них имеют такие же способности к изучению музыки, как и нормотипичные дети.

В статье описывается, как именно для каждого конкретного случая можно выбрать тот или иной вид занятий музыкой, в зависимости от интересов ребенка, его моторных навыков и сенсорной восприимчивости.

Также в статье говорится об исследованиях, которые проводились с группой детей, с которыми проводилась музыкальная терапия. Можно однозначно утверждать о положительном влиянии музыкальной терапии на состояние детей с аутизмом. У них улучшаются социальные навыки и эмоциональное состояние.

**Ключевые слова:** музыка, аутизм, моторика, исследования, терапия, эмоции, коммуникации

**Abstract.** The article talks about the influence of music and playing musical instruments on the correction of autism. Autism is a human condition characterized by a lack of communication and various mental disorders. Since the number of children with autism is growing and, according to statistics, one in every hundred children is in this condition, the problem of correcting the behavior of such children is very acute. The article describes various practical cases where you can see how music and playing musical instruments positively affect the development of children with autism, and some of them have the same ability to learn music as normal children. The article describes exactly how to choose a particular type of music practice for each specific case, depending on the interests of the child, his motor skills and sensory sensitivity. The article also talks about studies that were conducted with a group of children who were treated with music therapy. It can be unequivocally stated about the positive effect of music therapy on the condition of children with autism. Their social skills and emotional state improve.

**Keywords:** music, autism, motor skills, research, therapy, emotions, communication

**Андатпа.** Мақалада аутизмді түзетуге музыка мен музыкалық аспаптарда ойнаудың әсері туралы айтылады. Аутизм-бұл қарым-қатынастың болмауымен және әртүрлі психикалық бұзылулармен сипатталатын адамның жағдайы. Аутизммен ауыратын балалардың саны артып келе жатқандықтан және статистикаға сәйкес, әрбір жүз баланың біреуі осындай жағдайда болғандықтан, мұндай балалардың мінез-құлқын түзету мәселесі өте өткір тұр.



Мақалада музыка мен музыкалық аспаптарда ойнаудың аутизммен ауыратын балалардың дамуына қалай оң әсер ететінін көруге болатын әртүрлі практикалық жағдайлар сипатталған, олардың кейбіреулері музыканы үйренуде қарапайым балалармен бірдей қабілетке ие.

Мақалада баланың қызығушылығына, оның моторикасына және сенсорлық сезімталдығына байланысты әрбір нақты жағдай үшін музыкалық тәжірибенің белгілі бір түрін қалай таңдау керектігі нақты сипатталған.

Мақалада музыкалық терапиямен емделген балалар тобымен жүргізілген зерттеулер туралы да айтылады. Аутизммен ауыратын балалардың жағдайына музыкалық терапияның оң әсері туралы біржақты айтуға болады. Олардың әлеуметтік дағдылары мен эмоционалдық жағдайы жақсарады.

**Кілт сөздер:** музыка, аутизм, моторика, зерттеу, терапия, эмоциялар, қарым-қатынас

### Введение

В последнее время в Интернете и в различной литературе пишется об исследованиях, которые посвящены влиянию музыки на работу мозга. В исследованиях показаны положительные результаты, в которых рассказывается о способности музыки уменьшать тревожность людей с аутизмом, влиять на их эмоциональное состояние. Аутизм – это расстройство, которое выражается в отсутствии у человека коммуникаций. Люди с аутизмом находятся в особом состоянии, у них не возникает желания общаться с кем-то. Их называют особенными людьми, ограждающими себя от общества. Природа аутизма еще до конца не исследована. По оценкам специалистов в мире из ста детей один ребенок имеет аутистический спектр. Для детей с аутизмом разрабатываются различные методики коррекций и различные терапии. Одним из развивающихся направлений исследований является исследование влияния музыки на коррекцию аутизма [1].

Многие родители, которые вместе со специалистами занимаются коррекцией поведения своих детей, пришли к выводу, что музыка положительно влияет на эмоциональное состояние ребенка. У каждого ребенка это проявляется индивидуально. Например, Даниэль Филлиппоне, 36-летняя медсестра из США, которая является мамой своего восьмилетнего сына с аутизмом, говорит, что песни, которые она напевает своему сыну, являются лучшим способом коммуникации с ее невербальным сыном.

Личный опыт Даниэль Филлиппоне подтверждается различными исследованиями, проводимыми с детьми с аутизмом. В журнале *Frontiers in Integrative Neuroscience* рассказывается об исследованиях, в которых делается теоретическое обоснование того, что музыка помогает людям с аутизмом улучшить сенсорное и двигательное функционирование. Это означает, что музыка влияет на общее развитие познания, улучшения поведения, развитию социальных навыков и коммуникаций [2-3].

### Связь музыки и коммуникации

Впервые про аутизм люди услышали 1943 году от Лео Каннера. Он же в своих исследованиях пишет о наблюдении за шестерыми детьми с аутизмом. В своих работах он говорит об отсутствии у детей речевых способностях, но музыкальные способности такие же, как и у нормотипичных детей.

Поэтому эта область исследований остается и по сей день актуальной. Во многих научных работах исследуются способности воспринимать музыку детей с аутизмом. Из исследований видно, что дети с аутизмом обладают не меньшими способностями к музыке, игре на инструментах, часто имеют хороший слух, эмоционально воспринимают музыку и имеют музыкальные предпочтения [4-5].

Положительное влияние музыки на социо-эмоциональную вовлеченность и коммуникацию привело к тому, что эта область исследований на данный момент остается очень актуальной.

Оказалось, что дети с аутизмом, занимающиеся музыкой, легче адаптируются в обществе, у них начинается взаимодействие со сверстниками, развивается устная речь. Они начинают лучше адаптироваться к режиму дня, начинают выполнять повседневные дела, у них снижается тревожные состояния.

При сканировании мозга ученые пришли к выводу, что если ребенок с аутизмом занимается музыкой, развивается мультимодальная сеть в участках мозга. В результате развивается слуховое восприятие, улучшаются эмоции, ребенок получает удовольствие от музыки.

Мама одного аутичного ребенка из США рассказывает, что прошла длинный путь реабилитации и коррекции аутизма со своим сыном. Он не говорил, никогда не смотрел матери в глаза. Но когда она однажды запела ему песню, произошло чудо. Ребенок посмотрел ей в глаза, а это означает, что произошел контакт ребенка с матерью. В дальнейшем вся их жизнь была связана с музыкой. Когда ребенок играл, купался, засыпал, он слышал голос матери, она ему пела или включала музыку.

Впоследствии он начал ей подпевать, начались развиваться речевые навыки. В настоящее время мальчик учится в школе, умеет говорить, коммуницирует с окружающим миром. Мама и сын продолжают использовать музыку как инструмент для коммуникации.

В мире проводятся много исследований и разрабатываются различные методики, используя которые специалисты еще раз убеждаются в положительном влиянии музыки на состояние детей с аутизмом. Рассмотрим, как положительно влияет музыка на состояние детей с аутизмом:

1. Музыка развивает коммуникационные навыки у детей с аутизмом. Очень полезно заниматься пением, играть на инструментах. Это в свою очередь может помочь детям с аутизмом выражать свои эмоции и начать взаимодействовать с детьми.

2. Занятие музыкой способствует умению выражать детям свои эмоции и чувства.

3. Музыка создает положительную сенсорную среду. Музыкальные звуки и вибрации успокаивают детей, обеспечивают сенсорную стимуляцию и расслабляют их.

4. Игра на музыкальных инструментах и танцы под музыку развивают мелкую и крупную моторику.

5. Игра на музыкальных инструментах развивает память детей с аутизмом, концентрацию, а также когнитивные навыки.

6. Музыка способствует интеграции детей с аутизмом, они объединяются в группы, танцуют, поют, тем самым лучше взаимодействуют друг с другом. При этом намного уменьшается социальная изоляция детей с аутизмом.

В настоящее время появилось понятие музыкальная терапия. Но есть очень важный момент! Здесь очень важно учитывать индивидуальные особенности детей, поскольку дети с аутизмом могут воспринимать музыку по разному [6-7].

Часто родители детей с аутизмом задают вопрос: На каком инструменте лучше научиться играть? Специалисты считают, что инструмент нужно выбирать в зависимости от того, какие у детей интересы, моторные навыки, сенсорная восприимчивость.

Исследования показали, что игру на ксилофоне и металлофоне дети с аутизмом могут легко освоить, так как они легки в использовании. Кроме этого дети экспериментируют со звуками и ритмами.

Для более активных детей рекомендуют играть на бубнах, маракасах или литаврах.

Игра на фортепиано или электронном пианино помогут детям изучить различные мелодии и развить слух.

Игра на гитаре очень хорошо развивает координацию движений и привлекает детей своим звуком.

По наблюдениям специалистов игра на синтезаторах или программируемых музыкальных инструментах дает возможность пробовать написать свою музыку, а также эти инструменты привлекательны тем, что здесь используются новые технологии.

Игра на флейте поможет детям разработать дыхание и контролировать его.

Когда все же родители ребенка с аутизмом решили, что их ребенок будет заниматься музыкой, они должны учесть индивидуальные предпочтения своего ребенка и его способности. Можно попробовать различные инструменты и остановиться на том, которое, по мнению родителей, принесет их ребенку больше пользы.

Можно сделать из музыки часть домашней жизни ребенка. К ним относится не только игра на инструментах, а также «пропевание» новых слов, отбивание ритма для каждого слога и т.д.

Большую помощь семьям, где есть дети с аутизмом, помогают различные интерактивные занятия, размещенные в Интернете. Во многих странах для детей с аутизмом предоставляют бесплатные возможности посещать концерты, на которых дети могут насладиться музыкой.

Большое влияние музыка имеет на когнитивное развитие ребенка. Поскольку музыка воздействует на все участки мозга, она улучшает внимание и повышает концентрацию ребенка [8-9].

Анализ и результаты

В литературе и в Интернете можно прочитать про множество успешных исследований, которые проводились по данной тематике.

В одном исследовании с его участниками 12 недель проводилась музыкальная терапия. В результате у этих детей значительно улучшились социальные навыки и эмоциональное состояние.

Очень много исследований в области психологии посвящены вопросам влияния музыки на человека. Некоторые исследования изучают связи характеристики человека и той музыкой, которую этот человек предпочитает. Некоторые исследования изучают вопросы влияния музыки на его способности и переживания.

Еще одно направление исследования рассматривает вопрос – почему музыка нравится многим и почему она так важна.

Детей с аутизмом привлекает музыка, и их приобщение к музыке имеет очень большой вклад в общей терапии. Специалисты не говорят о полном излечении ребенка с аутизмом благодаря музыке, а говорят об укреплении их физического, психического социального и эмоционального здоровья [10].

В настоящее время практикуют коллективную музыкальную терапию. Коллективом в данном случае является группа из нескольких детей. Дети играют на инструментах, если они в состоянии их держать в руках, чередуют игру на различных инструментах, импровизируют выступления на публике.

Заключение

По мнению большинства специалистов, занимающихся коррекцией аутизма у детей, музыка играет огромную роль в жизни детей с аутизмом. Музыка развивает эмоциональные, социальные и когнитивные навыки. Появилось понятие «музыкальная терапия». Она предоставляет терапевтические действия для детей с аутизмом, а также позволяет детям получать удовольствие от музыки.

Общество старается помочь семьям, в которых растут дети с аутизмом. Поэтому, все методы коррекции аутизма направлены на то, чтобы ребенок развивался, учился коммуницировать в обществе, мог поддерживать свое эмоциональное и психическое состояние. И музыкальная терапия также является одной из методик, которую используют при коррекции аутизма у детей.

Филипп Шепард – профессор по классу игры на виолончели при Королевской академии музыки в Лондоне написал книгу «Развивающая музыка». Здесь он говорит о том, что музыка оказывает только позитивное влияние на умственное и физическое развитие детей.

Считается, что каждый рожденный ребенок имеет музыкальные способности. Ребенок с аутизмом должен не просто слушать музыкальные произведения, но и сам должен музицировать. Музыка повышает уровень психологической и умственной координации, поскольку музыка – эффективное средство в деле обучения и общего развития ребёнка.

#### **Список использованной литературы**

1. Башина В. М. «Аутизм в детстве» // М.: Медицина, 1999.
2. Ashwood KL, Buitelaar J, Murphy D, Spooren W, Charman T. European clinical network: autism spectrum disorder assessments and patient characterisation. *European Child & Adolescent Psychiatry*. 2015. <https://doi.org/10.1007/s00787-014-0648-2>
3. О.С. Никольская. Альманах института коррекционной педагогики «Детский аутизм: пути понимания и помощи». Психологическая классификация детского аутизма. №18. 2014 г.
4. Baduel S, Guillon Q, Afzali MH, Foudon N, Kruck J, Rogé B. The French Version of the Modified-Checklist for Autism in Toddlers (M-CHAT): A Validation Study on a French Sample of 24 Month-Old Children. *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2017. <https://doi.org/10.1007/s10803-016-2950-y>
5. Шапошникова А.Ф., Соловьева О.А., Колосова В.Л. Опыт применения шкалы количественной оценки детского аутизма (шкада) для исследования особенностей структуры и динамики высокофункциональных аутистических расстройств у детей младшего школьного возраста // *Психическое здоровье*. 2015. Т. 13. № 9 (112). С. 50-54
6. Касимова Л.Н., Альбицкая Ж.В., Дворяникова В.В. Трудности диагностики аутизма у детей на ранних этапах (анкетирование родителей) // *Вопросы психического здоровья детей и подростков*. 2017. № 1. С. 79-83.
7. Anderson GM, Montazeri F, de Bildt A. Network Approach to Autistic Traits: Group and Subgroup Analyses of ADOS Item Scores. *Journal of Autism and Developmental Disorders*. 2015. <https://doi.org/10.1007/s10803-015-2537-z>
8. Сорокин А.Б., Зотова М.А., Коровина Н.Ю. Скрининговые методы для выявления целевой группы «спектр аутизма» педагогами и психологами // *Психологическая наука и образование*. 2016. Т. 21. № 3. С. 7–15.
9. Филиппова Н.В., Барыльник Ю.Б., Антонова А.А., Бачило Е.В., Деева М.А., Кормилицина А.С. Клинико-диагностические аспекты раннего детского аутизма // *Психическое здоровье*. 2016. Т. 14. С. 60-71.
10. Ashwood KL, Gillan N, Horder J, Hayward H, Woodhouse E, McEwen FS, Findon J, Eklund H, Spain D, Wilson CE, Cadman T, Young S, Stoencheva V, Murphy CM, Robertson D, Charman T, Bolton P, Glaser K, Asherson P, Simonoff E, Murphy DG. Predicting the diagnosis of autism in adults using the Autism-Spectrum Quotient (AQ) questionnaire. *Psychological Medicine*. 2016. <https://doi.org/10.1017/S0033291716001082>

## ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ КЕЗІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫ

**Тултабаев Зулфикар Чуманұлы**

аға оқытушы, заң ғылымдарының кандидаты  
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент

**Ергебекова Ақбота Оразбаевна**

аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі  
Ж. А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент

**Таимова Марта Нурланқызы**

аға оқытушы, заң ғылымдарының магистрі  
Ж. А.Тәшенев атындағы университет

**Андатпа.** «Жеті жарғы» дала заңдарының жинағында әйелдер құқығы туралы да баптар баршылық. Олар әйелге сый-құрмет көрсетуге, жазықсыз айыптамауға үндеген. Әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауы тиіс, сұрамаған жағдайда арсыздығы үшін айып салынады. Сондай-ақ, ер азамат жақын туысымен, өз руының қызымен некелесуіне қатаң тыйым салынған. Ол үшін өлім жазасына кесіліп отырған. Немесе сол рудың талқысына берілген.

**Кілт сөздер:** жеті жарғы, әйелдер құқығы, бап, айып, балиғат жас

**Аннотация.** В сборнике степных законов "семь уставов" также содержатся статьи о правах женщин. Они призывали к уважению к женщине, к невиновному осуждению. Человек, причинивший боль женщине, должен извиниться перед ней, в случае неупроса будет предъявлено обвинение в нечестности. Также мужчине категорически запрещено вступать в брак с близким родственником, дочерью своего рода. За это он был приговорен к смертной казни. Или предан обсуждению этого клана.

**Ключевые слова:** семь уставов, права женщин, статья, обвинение, возраст

**Abstract.** In the collection of field laws "seven charters" there are also articles on women's rights. They called for respect for the woman, not to condemn her innocently. A person who has offended a woman must apologize to her, and if not, he will be charged with impudence. It is also strictly forbidden for a man to marry a close relative, a girl from his clan. For this he was sentenced to death. Or given to the discussion of the same tribe.

**Keywords:** seven statutes, women's rights, article, charge, puberty

Мәселен, «Жеті Жарғы» бойынша әйелі ерінің көзіне шөп салса, яғни зинақорлықпен айналысса және күйеуі оны сол сәтте ұстап алса, өлтіруге құқылы, бірақ қылмысты сол сәтінде жариялауы тиіс. Егер де әйелдің көзіне шөп салды деп күмәнданған еркектің сөзін 4 сенімді адам теріске шығарса, әйел жазадан босатылған.

Әкесі баласын жазалауға құқылы, ол үшін жауапты болмаған. Бірақ баласына енші беруге міндетті. Сондай-ақ, қызын құда түсе келген адамның ұлына беруге, баласының қылмысы үшін айып төлеуге міндетті. Бәйбішенің құқығы тоқалдан едәуір артық болған. Егер ол айғақтайтын негіз тапса, ақсақалдар билігінің рұқсатымен күйеуін тастап, төркініне кетіп отырған. Бұндай құқық тоқалға берілмеген. Ер баланың қыз баладан құқығының артықшылығы сол – әкесінен қалған мал-мүлікке мұрагер бола алады. Күйеуге шыққан қызы мұндай құқықты пайдалана алмаған. Ал, үйдегі қыз ер балаға тиесілі мұраның жартысын иеленуге құқылы еді. Ол кездің заңында қыз бен жігіттің үйлену жасы нақты көрсетілмеген. Бірақ балиғатқа жеткен ұл мен қыздың некесін қия берген. Балиғат жасы ер бала үшін – 13, қыз балаға – 9 жас.

Екі жасты үйлендіру үшін қалыңмал төлеу, ұрын бару секілді жоралғыларды орындаған.

Егер екі жас қосылмай тұрып, бірі өлсе, айталық қыз бала марқұм болса, онда күйеу жағы қалың төлеуден босатылмаған. Жігіт сол үйдің басқа қызына үйленген. Ал егер ұл

бала қайтыс болса, қыз баланы оның інісі әйелдікке алады. Екі жақ келіскен жағдайда да ауызша келісімшарттар бұзылып, берілген қалыңмал қайтарылған.

Неке бұзу жайы да заңда қарастырылған. Айталық, әйелі сенімсіздік танытатын болса күйеуінің ырқымен ажырасуға құқылы. Мұндай жағдайда балалар әкесінің қолында қалған. Керісінше, әйелі опасыз болып шықса да балалар әкесінің қамқорлығына беріледі.

«Жеті Жарғы» заңында күйеуі әйелімен еш себепсіз ажырасатын болса, онда балалар шешесінің қамқорлығына берілетіндігі айтылған. Жесір қалған әйел қайтыс болған күйеуінің ағасына не інісіне әмеңгерлік жолмен әйелдікке беріледі. Марқұмның балалары мен мал - мүлкі де бауырының жауапкер-шілігіне өтеді. Егер жесір әйел әмеңгерлік жолмен күйеуге шыққысы келмесе, онда балалары балиғатқа жеткенше, мал-мүлік, балаларына өзі бас-көз болады. Жесір әйелге мұраның сегізден бірі тиесілі болған.

«Жеті жарғыға» сәйкес, әйелді зәбірлеген, зорлаған адам өлім жазасына кесіледі. Адам өлтіру мен әйел зорлау екеуі бір дәрежедегі ауыр қылмыстар санатына жатқызылған. Кей жағдайда әйелдің күйеуі немесе күйеуі жоқ болса, туыстары қорлаған адамды кешіруі де мүмкін. Ол жағдайда қылмыскер арнайы белгіленген айыпты төлеп, жазадан құтылған. Ал, егер бойжеткенді зорлап кетсе, айыпкер оған үйленуге тиіс. Бірақ ол үшін қалың малын және айыбы үшін бір тоғыз төлейді. Жалпы, «Жеті жарғының» бір тармағы түгелдей жесір дауына арналған. Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің көрегендігі мен данышпандығы осы тармақта айрықша көрініс табады. Мәселен, біреудің әйелін келісімсіз алып қашса қалай болады? Бұл Тәуке хан заңы бойынша қылмыскер өлім жазасына кесіледі немесе құнын төлеу арқылы жазадан құтылады. Ал, әйелді келісімімен алып қашса қалай болмақ? Онда, оның күйеуіне қалың мал төлеп, оған қалыңсыз қыз беру арқылы алып қашқан әйелді өзіне жар ете алады екен.

Қазіргі қылмыстық кодексте әйелді еркіне қарамастан алып қашу бабы ғана бар. Ал, біреудің әйелін оның келісімімен алып қашатын болса, жазасы белгіленбеген.

Әйел құқығы. Қазақтың байырғы әдет-ғұрыптық заңы бойынша әйел адамның әлеуметтік ортадағы орны мен міндетін білдіретін және мүліктік меншікті иеленудегі үлесін білдіретін құқықтық нормалар жиынтығы. Байырғы заңдар жүйесі бойынша, ер азаматтың бірнеше әйелі болса, ең бірінші әйелі бәйбіше деп аталған. Отағасы оны сыйлауға міндетті, алайда қанша әйелі болса да барлығы бірдей бәйбішеге бағынған. Әйелдердің жасауларының араласып кетуіне жол берілмейді, бұл анасының мүлкі тек балаларына тиесілі болсын деген түсініктен шыққан. Дәстүрлі ортаның әйел құны мен құқығы жайлы ұстанымдарында отбасы мүшелерін материалдық игілікпен қамтамасыз ету ер адамға жүктелгендіктен, әйел адамға құқықтық, материалдық артық міндеттеме жүктемейді. Этномәдени дәстүрдегі талап пен діни ұстанымдарға байланысты санадағы түсінік бойынша әйелдің міндеті – бұл дүниеге ұрпақ әкелу, ұрпақ тәрбиелеу. Орыс зерттеушісі профессор Л.Фукстың деректері бойынша, байырғы ортада қазақ әйелдері үй шаруашылығын толық басқарған және төркінінен келген барлық мал-мүлік, тұрмыстық заттарды өз қарауына алып, шаруашылығын көбейтіп, оны күнделікті әлеуметтік қажеттілігіне жаратып отырған.

Ертеде қазақ байлары бірнеше әйел алғанымен, әр әйелдің өзіндік құқығы мен атқаратын міндеті болған. Сондай-ақ, бәйбіше күйеуінің әйелдеріне қалай көңіл бөлетіндігіне байланысты күйеуінің малынан тоқалдарға енші бөліп берген, ал бәйбішеде еншіленген шаруашылық болмайды, себебі оған күйеуінің малын басқаруға, күйеуімен бірдей дәрежеде құқық берілгендіктен, бәйбіше де мал-мүліктің толық иесі болып саналған. Қазақ арасында көп әйел алудың бірнеше жолдары болған. Байырғы ортада байлыққа мастанған байлар төсек жаңғырту мақсатымен әйел үстіне қалыңмалын төлеп қыз айттыру арқылы бірнеше әйел алған. Халықтың ғұрыптық салты бойынша әйел саны шектелмеген, ал шарифат заңы бойынша төрт әйел алуға ғана рұқсат етілген.

Орыс зерттеушісі Н.Гродековтың деректері бойынша төрт әйелден артық әйелі бар ерлер соңғы төртеуімен ғана ерлі-зайыптылық ғұрпымен тұруға құқылы болған, ал қалған әйелдері софылық жолға түсіп, шарифат бойынша ерлерімен ажырасқан.

Қазақ отбасында әйел құқығы болмаған деген біржақты пікір тұмауы керек. Әйел ақылды болса, бағына орай ері де ақылды, сабырлы болар болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізген. Зерттеуші Н.Изразковтің деректері бойынша қазақтардың ғұрыптық дәстүрінде күйеуі қайтыс болып, артында кәмелет жасына толмаған балалары қалса, әйел қайтадан тұрмысқа шықпаған жағдайда күйеуінен қалған барлық мүлікке иелік еткен. Ертеде қазақтардың бірнеше әйелі болғандықтан, мүлікті бөлісу кезінде алдымен бәйбішеден туған балаларына, ал одан кейін ғана тоқалдан туған балаларына үлестері берілген. Сонымен қатар қазақтың әдет- ғұрыптық заңы бойынша бәйбішеден бала болмаған жағдайда мүлік бірден тоқалдан туған балаларына еншіленген. Байырғы ортада ерлі-зайыпты адамдардың ажырасуы некен-саяқ болған, алайда ер азамат белсіз болған жағдайда, оның сыркаты толық нақты дәлелдермен анықталғаннан кейін ғана ажырасуға рұқсат берілген.

Қай кезде болмасын әйел адам ер адамнан әлсіз, әрі нәзік жаратылыс болып сипатталады. Алайда бұл нәзіктік оның дәрежесінің төмен екенін білдірмейді. Әйел адамның құқығы ер адамның құқығымен бірдей екендігін дәлелдейтін Құран аяттарына мән беретін болсақ, ең алдымен мына жайтқа назар аударсақ болады: мүміндердің бұл өмірдегі және мәңгілік бақытқа жетуі тұрғысынан уахи ер мен әйелдің арасында толық теңдік орнатып олардың құқықтарын тең қылады. Мысалы, «Ахзаб» сүресінің 35 аятында Алла Тағаланың кешірімі мен мақтауы екі жыныстан болған ізгі өкілдері үшін бірдей дайындалатыны анық көрсетілген, өйткені үндеу тікелей әйелдерге де, ерлерге де бағытталады. Алла Тағала: “Сөз жоқ мұсылман ерлер және мұсылман әйелдер, мүмін ерлер және мүмін әйелдер, бой ұсынушы ерлер және бой ұсынушы әйелдер, шыншыл ерлер және шыншыл әйелдер, сабырлы ерлер және сабырлы әйелдер, ықыласты ерлер және ықыласты әйелдер, садақа беруші ерлер және садақа беруші әйелдер, ораза ұстаушы ерлер және ораза ұстаушы әйелдер, ұятты жерлерін қорғаушы ерлер және ұятты жерлерін қорғаушы әйелдер, Алланы көп зікір етуші ерлер және әйелдер, Алла бұлар үшін жарылқау және ірі сыйлық әзірледі”.

Құранда жақсылық жасағаны үшін сауап алу туралы да екі жыныстың толық теңдігі және құқығы бар екендігі «Нахл» сүресінің 97 аятында айтылған: «Ер немесе әйелден кім сенген бойда түзу іс істесе, әлбетте оны жақсы тіршілікте жасатамыз. Әрі оларға істеген істерінен жақсырақ сыйлық береміз».

Жаратушының екі жынысты бөлек айтуында хикмет бар екені даусыз, әйтпесе Құранның көп жерінде оларды бөлек белгілемес еді: «Сонда олардың Раббылары тілектерін қабыл етті: «Шын мәнінде Мен сендерден еркек, әйел ғамал істеушілердің ғамалын зая қылмаймын. Бір- біріңненсіңдер. (Бәрің бірдейсіңдер.) Және сондай босқандардың, жұрттарынан шығарылғандардың және Менің жолымда жапа шектірілгендердің, соғысқандардың, өлтірілгендердің жамандықтарын жасырамын. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын бақшаларға кіргіземін. Сыйлық Алланың қасынан. Әрине сыйлықтың жақсысы Алланың қасында».

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жетісу. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. — 712 бет. ISBN 9965-17-134-3 Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
2. Есім Ғ. Абай және Пушкин // Солтүстік Қазақстан. – 2006. – 9 тамыз. Республикалық қоғамдық-саяси күнделікті газет
3. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.

4. Қазақстан тарихы (XVIII ғасыр — 1914 жыл). Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Қабылдинов З.Е., Қайыпбаева А.Т. Алматы: Атамұра, 2008.
5. Г.К. Уалиева, М.А. Алпысбес, Ж.А. Қарсыбаева Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
6. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан (E-mail: gulmi877@mail.ru; alpysbes@gmail.com; gydita@mail.ru)
7. Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulmi877@mail.ru (Г.К. Уалиева) Г.К. Уалиева, М.А. Алпысбес, Ж.А. Қарсыбаева



## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІ – ҰЛТТЫҚ КОДЫМЫЗДЫҢ ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

**А.Ш. Досбенбетова** – п.ғ.д., доцент «Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ,  
Шымкент қ. anarados56@mail.ru

**А.К. Архабаева** – магистр, аға оқытушы «Ж.А.Тәшенев атындағы университет» АҚ,  
Шымкент қ. arhabaeva.ak@mail.ru

**А.А. Избасханова** – п.ғ.к., аға оқытушы «Орталық Азия университет» ЖШС,  
Шымкент қ. almaizbaskhanova@gmail.com

**Андатпа.** Мақалада ұлттық код деген ұғымның анықтамасы беріледі. Ұлттық код әрбір ұлттың ерекшелігін ашып, оның сыр-сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Қазақтың ұлттық киімі ұлттық кодымыздың құрамдас бір бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақтың ұлттық киімдерін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, түр-түріне сипаттама беріледі. Сондай-ақ авторлар қазақтарда қаралы киім болмағанын және оны тек қана қайғылы оқиғалар кезінде әйелдер иығына қара жамылатынын ескертеді. Бұл жұмыста ұлттық кодты қолдану және сақтай білу жолдары да қарастырылады. Солардың бірі - мектептерде шағын кәсіпкерлік ашу, ұлттық киімдер мен ұлттық бұйымдарды қолдан жасау, көрме ұйымдастыру, күнделікті өмірде және салтанатты іс-шараларда пайдалану.

**Аннотация.** В статье дается определение понятия национального кода. Национальный код позволяет раскрыть особенности каждой нации и понять ее характер. Казахская национальная одежда рассматривается как составная часть нашего национального кода. Анализируются труды ученых, изучавших казахскую национальную одежду, дается описание ее видов. Также авторы подчеркивают, что у казахов не было черной одежды и что только в случае трагических событий женщины носят черное на плечах. В этой работе также предусматриваются способы применения и сохранения национального кода. Один из них - открытие малого предпринимательства в школах, изготовление национальной одежды и национальных изделий, организация выставок, использование в повседневной жизни и торжественных мероприятиях.

**Abstract.** The article defines the concept of national code. The national code allows you to reveal the characteristics of each nation and understand its character. Kazakh national clothing is considered an integral part of our national code. The works of scientists who studied Kazakh national clothing are analyzed and a description of its types is given. The authors also emphasize that the Kazakhs did not have black clothes. This work also provides ways to apply and maintain the national code. One of them is the opening of small businesses in schools, the production of national clothes and national products, the organization of exhibitions, and use in everyday life and special events and that only in the event of tragic events did women wear black on their shoulders.

**Кілт сөздер:** ұлттық код, ұлттық киім, кәсіпкерлікке баулу, дәстүр, тәрбие.

**Ключевые слова:** национальный код, национальная одежда, обучение предпринимательству, традиции, воспитание

**Keywords:** national code, national attire, education, entrepreneurship, education

Әрбір ұлттың қалыптасу тарихы және басқалардан өзгешеліктері бар. Ұлттың жойылып кетпеуі үшін ол өзгешеліктерді сақтай білу керек. Әуелі ұлттық кодтың өзін анықтап алайық. Ғалым-философ Досым Омаровтың мақаласында ұлттық код туралы келесі анықтама беріледі:

Ұлттық код дегеніміз – әрбір ұлттың басқалардан айырмашылығын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары. Ұлттық код әрбір ұлттың ерекшелігін ашып, оның сыр-сипатын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл

сипатқа ұлттың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тілі, діні, ділі, моральдық-этикалық нормалары тәрізді өзіндік ерекшеліктері жатады [1].

